

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясы

ӘОЖ 351.85:791.44(574)

Қолжазба құқығында

МАНАҚБАЕВА АЙГЕРИМ БОКЕЙХАНОВНА

Елдің мәдени дамуы контексінде киноиндустрияның әлеуметтік аудиті

8D04113 – Мемлекеттік басқару

Білім беру бағдарламасы бойынша доктор
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
доцент
Маульшариф М.,
әлеуметтану ғылымдарының докторы,
академик
Сейдуманов С.Т.

Қазақстан Республикасы
Астана, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	11
1.1 Киноиндустрияны зерттеудің теориялық бағыттары.....	11
1.2 Елдің мәдени дамуындағы киноиндустрияның маңызы.....	24
1.3 Әлеуметтік аудит – киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени қызметін бағалау құралы ретінде.....	31
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	44
2.1 Қазақстандық киноиндустрияның қазіргі жай-күйін талдау.....	44
2.2 Қазақстанның кино өнімдерін қоғамның қабылдауы.....	59
2.3 Қазақстандық фильмдерде мемлекеттік саясаттың көрініс табуы.....	71
2.4 Киноиндустрия саласын мемлекеттік басқару жүйесі.....	84
3 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КИНОИНДУСТРИЯ САЛАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК АУДИТТІ ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ.....	104
3.1 Киноиндустрияны мемлекеттік басқаруда әлеуметтік аудитті қолдану.....	104
3.2 Киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізудің әдістемелік ұсынымдары.....	112
ҚОРЫТЫНДЫ.....	122
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	125
ҚОСЫМША А – Зерттеу нәтижелерін енгізу туралы.....	136
ҚОСЫМША Ә – Отандық киноиндустрияны дамытуға ықпал етуі ықтимал факторлардың әсері.....	137
ҚОСЫМША Б – Әлеуметтанулық сұраудың бағдарламасы.....	141
ҚОСЫМША В – Киноиндустрия саласын мемлекеттік басқарудың негізгі ұғымдарын компоненттік талдау.....	148
ҚОСЫМША Г – Киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізу үшін ұсынылатын үлгі инструментарийдің жобасы.....	149

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер жасалды:
Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Кинематография туралы: 2019 жылдың 3 қаңтарда, №212-VI ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы: 2014 жылдың 4 қарашада, №939 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»: 2021 жылғы 1 қыркүйек.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің Бұйрығы. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы: 2021 жылдың 14 мамырда, №143 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. Бұйрығы. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы: 2020 жылдың 31 қаңтарда, №39/НҚ бекітілген.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің Бұйрығы. Фильмге прокаттау куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы: 2019 жылдың 3 мамырда, №125 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Кодексі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы: 2014 жылдың 5 шілдесі, №235-V ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығын құру туралы: 2019 жылдың 15 наурызда, №113 қабылданды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. Бұйрығы. Ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу қағидаларын бекіту туралы: 2019 жылдың 15 наурызда, №64 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Кодексі. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі): 2017 жылдың 25 желтоқсанда, №120-VI ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің Бұйрығы. Мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы: 2015 жылдың 31 наурызда, №121 бекітілген.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЕК	– Айлық есептік көрсеткіш
АҚШ	– Америка құрама штаттары
АҚ	– Акционерлік қоғам
БАӘ	– Біріккен Араб Әмірліктері
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
ЖАО	– Жергілікті атқарушы органдар
КЕАҚ	– Коммерциялық емес акционерлік қоғам
КТС	– Корпоративтік табыс салығы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
МЖӘ	– Мемлекеттік жекеменшік әріптестік
м.а.	– Міндетін атқарушы
млн.	– Миллион
млрд.	– Миллиард
обл.	– Облыс
ҰКҚМО	– Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы
CNC	– Францияның ұлттық кинематография орталығы
ESG	– Экология, әлеуметтік саясат және басқару
FFA	– Кино жөніндегі неміс федеральды кеңесі
МРАА	– Америкалық кинематографистер қауымдастығы
SA	– Әлеуметтік есеп беру
SWOT	– Күшті, әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен тәуекелдерді талдау
PEST	– Саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық факторларды талдау
UniJapan	– Жапон фильмдерін қолдаушы коммерциялық емес ұйым

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі кезеңде мәдениет ұлттық біртектілікті сақтауда, қоғамдық құндылықтар мен өнегелік бағыттарды дамытуда жасампаздық рөл атқара отырып, мемлекет үшін дамудың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Мәдениеттің дамуы қоғамды жұмылдыруға, ішкі тұрақтылықты нығайтуға, бірлікті сақтауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – ұлттық киноны қолдау және дамыту болып табылады. Себебі, елдің мәдени дамуында кино саласының қосар үлесі зор. Кино – қоғамдағы мәдени игілік. Мәдени мұра ретінде ұлттық киноиндустрия өнімдері халықтың даралығын қалыптастыруға, халықаралық байланыстарды нығайтуға, мемлекеттің шет елдердегі оң имиджін арттыруға ықпал етеді.

Қоғамдық құндылықтарды жаңарту мен елдің жаңғыру жолында киноның идеологиялық маңызы зор. Кино арқылы мемлекеттің мүддесіне сай келетін идеялар, ұлттық біртектілік дәріптеледі, адамгершілік, рухани құндылықтар насихатталады. Мәдениетаралық кеңістікте өзінің бірегейлігін көрсете отырып, кино өнері халықаралық байланыстарды кеңейтеді. Осы орайда, мемлекет басты міндеттердің бірі ретінде отандық киноиндустрия өнімдерін ел ішінде және шетелде ілгерілетуге, кеңінен ұсынуға айрықша мән беруде [1].

Мәдениеттің бірегей саласы ретінде киноиндустрия қоғамға рухани-өнегелік пайда әкеледі. Кино мемлекеттің идеологиялық құралдарының бірі ретінде қоғамда әлеуметтік-мәдени қызметтерді жүзеге асырады. Ұлттық кино өз көрерменіне қоғам мен мемлекеттік саясаттың өткір проблемаларын сипаттап, жеткізе алу қабілетіне ие. Осы орайда, киноөнімді тұтынушы ретіндегі халықтың кері байланысы маңызды. Мемлекет «тұтынушыға бағдар» қағидатын негізге ала отырып, ұлттық фильмдерді тұтынудағы қоғамдық пікірді, заманауи үрдістерді, әлеуметтік-саяси ахуалды ескергені жөн. Азаматтардың пікірін ескеру «халық үніне құлақ асатын» мемлекеттің негізгі элементі болып табылады.

Елдің мәдени дамуындағы киноиндустрияның рөлін бағалай отырып, мемлекет оны қолдауға, дамытуға айрықша мән береді. Отандық киноны дамытуға серпін беретін кешенді шаралар қабылдайды, қолайлы жағдайлар жасайды, саладағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бюджеттен қаражат бөледі.

Мемлекеттің тапсырысымен түсірілген отандық фильмдердің халық арасында қабылдануы, бағалануы, әлеуметтік әсері, ұсынымдары – киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени аспектісінің маңызды компоненттерінің бірі. Осы орайда, мемлекеттік басқаруда маңызды болып саналатын, қоғамдық бағалауды қамтамасыз ететін жаңа теориялық-әдіснамалық тәсілдерді іздеу қажеттігі айрықша маңызға ие болуда. Фильмдердің әлеуметтік маңыздылығын, халыққа пайдалылығын айқындауда тың технологиялардың бірі ретінде әлеуметтік аудит элементтері қолайлы болып табылады. Азаматтық белсенділікті қамтамасыз ететін өзекті әдіс ретінде әлеуметтік аудит

киноиндустрия саласының алға қойған мақсаттарына қол жеткізу деңгейін бағалауға, жетістіктерді саралауға, олқылықтар мен кемшіліктерді талдауға, сондай-ақ сала өкілдерінің халық алдындағы әлеуметтік және моральдық жауапкершілігінің критерийлерін ескеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әлеуметтік аудит саланың дұрыс немесе бұрыс бағытта дамып келе жатқанын, қоғам мүддесінің қалай ескерілгенін түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік аудит киноиндустрия саласындағы субъектілердің қоғамның әлеуметтік-мәдени сипаттағы мәселелеріне назар аударуы мен оларды шешуге үлес қосуына мән береді. Бұдан бөлек, әлеуметтік аудит технологиясы отандық киноиндустрияның сапасы мен ашықтығын бағалауға мүмкіндік туғызады.

Бұл зерттеудің өзектілігі мәдени сала ретінде киноиндустрия саласын мемлекеттік басқаруда оның қоғамдық пайдасын көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік аудит құралын қолдану қажеттігінің негізделуінде.

Киноиндустрияның әлеуметтік аудитін қолдану перспективасы киноиндустрия саласының қоғамға әсерін бағалауға және әлеуметтік өлшемдерді жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстандағы киноиндустрияны мемлекеттік және қоғамдық басқаруды жетілдіру бойынша ғылыми және практикалық сипаттағы ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми зерттелу дәрежесі. Киноның теориялары туралы құнды мәліметтер С.Фрейлих, Т.Эльзессер мен М.Хагенер, Ф.Сид сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Киноның қоғамдағы рөлі, философиялық мәні және оның идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси қызметтерінің маңызы туралы мәселелер бірқатар шетелдік ғалымдардың, соның ішінде Ж. Делездің, В. Тосидің, М. Вальктің, М. Маклюеннің, Э. Алтенлоның, Г. Блумердің еңбектерінде көрініс табады.

Киноиндустрия саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидалары, ұлттық киноны мемлекеттік қолдау, қаржыландыру, бірлескен киноөндірісті дамыту тетіктері туралы мәселелерге J. Hill, N. Kawashima, С. Комиссаров, А. Lange, Т. Westcott, С. Parvulescu, F. Pitassio, P. Bilik, J. Poort, G. Til, М. Жабский, А. Голутва, А. Aranburu, Л. Ал-Нсур, А. Макаров, Н. Каримова, А. Евменов, П. Данилов, Т. Ртищева, Н. Головецкий, К. Смирнов, А. Малышев сияқты ғалымдардың еңбектері арналған.

Қазақстандағы кино саласының өзекті мәселелерін зерттеуші ғалымдар ғылыми басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, әртүрлі талқылау алаңдарында сарапшылық бағасын беріп, киноиндустрияның ғылыми кеңістігін кеңейтуге үлес қосып жүр. Сондай ғалымдардың арасынан Г. Әбікееваны, Е. Тұрсыновты, О. Борецкийді, Н. Мукушеваны, Г. Мурсалимованы, Р. Нугмановты, Б. Нөгербекті, М. Ергебековті, Ш. Уразбаеваны, А. Тұяқбаеваны, А. Хамзаны атап өтуге болады.

Отандық ғалымдар қазақ киносындағы дәстүр, фольклор, образдар, кинодағы ұлттық рух сияқты қазақ киносының дамуының теориясы мен практикасы бойынша зерттеулер жүргізуде. Дейтұрғанмен, киноиндустриядағы мемлекеттік саясаттың рөлі, киноиндустрияның әлеуметтік-экономикалық аспектілері, киноиндустриядағы мемлекеттік саясат, отандық

кинематографияны дамытудың басымдықтары, жалпы алғанда, отандық ғылымда жеткілікті түрде зерттелмеген. Бұл мәселелер жеке ғылыми еңбекте көрсетілмеген.

Мемлекеттік басқару тұрғысынан кино процесі туралы білімнің қоғамдық маңыздылығы сапалы кино өнімдерін бұрын туындаған мәселелерді шешудің оң тәжірибесіне, кино туралы әлеуметтанулық білімге сүйенбей жасау мүмкін еместігімен де байланысты. Осы орайда, саланы басқару негіздері, киноиндустрияны мемлекеттік қолдау, әлеуметтік аудитті киноиндустрияда қоғамдық бақылау құралы ретінде пайдалану мәселелерін зерделеу және талдау едәуір өзекті болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасында киноиндустрияның дамуын мемлекеттік басқарудың жай-күйін талдау және киноиндустрияның мәдени сала ретінде дамуын бағалауда әлеуметтік аудитті қолдану жөнінде теориялық-практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Аталған мақсатқа жету үшін алдымен мынадай **зерттеу сұрақтары** туындайды:

1. Елдің қоғамдық құрылымында киноиндустрияның орны қандай?
2. Киноиндустрияны мәдениеттің маңызды саласы ретінде дамытудағы мемлекеттің рөлі қандай?
3. Қазақстандық киноиндустриядағы әлеуметтік аудит институтының болашағы қандай, азаматтық қоғамның киноиндустрияны басқаруға қатысу мүмкіндіктері қандай?

Жоғарыда аталған сұрақтарға жауап алу арқылы зерттеу мақсатына жету үшін мынадай **міндеттер** қойылды:

- киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени аспектісін зерттеудің теориялық негіздерін зерделеу;
- тақырыптың ерекшелігін сипаттау және қазіргі мәдениеттегі киноиндустрияның дамуының негізгі тенденцияларын анықтау;
- киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени қызметін бағалау құралы ретінде әлеуметтік аудиттің қажеттілігін негіздеу;
- отандық киноиндустрияның қазіргі жай-күйін талдау, саланың маңызды проблемалық мәселелерін айқындау;
- киноиндустрия саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі аспектілері мен басым бағыттарды түсіну;
- қазақстандық киноиндустрияны басқаруда әлеуметтік аудитті қолдану перспективасын ашып көрсету;
- киноиндустрия саласында әлеуметтік аудитті жүйелі енгізудің әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу.

Зерттеудің объектісі – мемлекеттің мәдени саласын басқарудағы киноиндустрияның орны және қоғамдық пайдасы.

Зерттеудің пәні киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени қызметін бағалау құралы ретінде әлеуметтік аудитті қолдану.

Зерттеудің гипотезасы. Киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени қызметін және киноөнімдердің қоғамдық пайдасын айқындауда,

киноиндустрияны мемлекеттік басқаруда қоғамдық бақылау құралы ретінде әлеуметтік аудитті қолдану ықтимал.

Диссертациялық жұмыстың теориялық негізін қазіргі заманғы мемлекеттік басқару теориялары мен тұжырымдамалары, good governance қағидалары, әлеуметтік аудиттің теориялық-әдіснамалық тұжырымы, мүдделі тараптар теориясы, сонымен қоса, құрылымдық-функциялық, әлеуметтік алмасу, жанжалдар теориясы, символдық интеракционизм сияқты әлеуметтанулық теориялардың идеялары құрайды. Бұдан бөлек, киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени аспектілері, кино саласын мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша жазылған отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеу нәтижелері мен ғылыми еңбектері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Диссертациялық жұмыста киноиндустрияны зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін жалпылауда жүйелеу, дедукция, индукция, сипаттау, синтез, талдау, абстрактілеу, салыстыру сияқты жалпы ғылыми танымдық әдістер қолданылды. Киноиндустрия саласы мен әлеуметтік аудит ұғымының маңызды сипаттамаларын ашып көрсету үшін теориялық және қолданбалы зерттеу әдістерінің кешені көзделді, кабинеттік зерттеу барысында жинақталған теориялық мәліметтердің тәжірибедегі сипатын байланыстыру мақсатында қолданбалы әдістер пайдаланылды:

- киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени аспектісі мен оны мемлекеттік басқарудың негіздеріне арналған шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектеріне, отандық нормативтік-құқықтық актілерге мазмұндық талдау жасалынды;

- әлеуметтік аудит ұғымын айқындап көрсету үшін нақтылау және абстрактілеу әдістері қолданылды;

- SWOT-талдау құралы арқылы Қазақстандағы киноиндустрия саласының қазіргі жағдайы мен негізгі тенденцияларын, даму мүмкіндіктері мен тәуекелдерді талдау жүзеге асырылды;

- Қазақстандағы кино көрсетілімнің жүзеге асырылуы жөніндегі ақпаратты ұсыну мақсатында статистикалық деректерге талдау жасалынды;

- PEST-талдау құралы сарапшылық бағалаулар арқылы киноиндустрияның дамуына барынша ықпал етуші факторларды анықтауға мүмкіндік берді;

- ұлттық фильмдерді азаматтардың қабылдауы мен ұсынымдары, отандық киноны өндіру процестерін басқаруға халықтың, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің араласуы жөнінде қосымша сапалы ақпарат алу мақсатында әлеуметтанулық сұрау жүргізілді;

- бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланған қазақстандық киноиндустрияның жағдайы мен өзекті мәселелері жөнінде сарапшылық пікір мен азаматтардың комментарийлеріне контент-талдау жасалынды;

- соңғы 30 жыл ішінде Қазақстанда түсірілген фильмдердегі мемлекеттік саясат идеяларының репрезентациясына тарихи тәсілді қолдана отырып, дискурс-талдау жүргізілді.

Зерттеудің ақпараттық негізін кинематография саласындағы құқықтық-нормативтік актілер, мемлекеттік бағдарламалық құжаттар, ғылыми баспалар мен интернет-ресурстардағы отандық және шетелдік авторлардың мақалалары, зерттеулері, бейне материалдар, қазіргі заманғы қазақстандық фильмдер, комментарийлер, кинокөрсетілімді жүзеге асыру қызметі бойынша жинақталған ресми статистикалық деректер, әлеуметтанулық деректер, кинематография саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ресми сайттарындағы мәліметтер құрады.

Зерттеудің **жаңалығы** ретінде мынадай **басты нәтижелер** ұсынылады:

– мәдени саланың маңызды бөлігі ретінде ұлттық киноиндустрияны дамытудағы мемлекеттік басқару жүйесінің орны мен рөлі айқындалды;

– негізгі мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың мазмұнын отандық фильмдердің хабарламаларымен салыстыра талдау арқылы қазақстандық кинодағы мемлекеттік саясаттың көрінісі жүйеленді;

– киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени қызметін, киноөнімдерінің қоғамдық пайдасын бағалауды көздейтін «әлеуметтік аудит» ұғымына авторлық түсіндірме ұсынылды;

– киноиндустрия саласын мемлекеттік басқаруда әлеуметтік аудитті қолдану үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1. Киноиндустрия елдің мәдени дамуы үшін құндылықтар мен мәдени-эстетикалық талғамды қалыптастыру құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Ұлттық киноиндустрияны дамытуда мемлекеттік басқару жүйесі елеулі орынға ие. Қазақстандағы мемлекеттік қолдау шаралары ұлттық фильмдердің басымдығын арттыруға, оларды қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз етуге, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, кино өнімдері арқылы елдің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Елдегі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарымен және жаңғыру процестерімен байланысты кинодағы идеологиялық өзгерістерді 4 кезеңге бөліп қарау ұсынылады: 1) институционалдық жаңғыру (идеологиялық вакуум кезеңі); 2) экономикалық жаңғыру (өткенге рефлексия кезеңі); 3) әлеуметтік жаңғыру (мотивация кезеңі); 4) қоғамдық сананы жаңғырту (құндылықтарды қайта бағалау кезеңі).

3. «Киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудит – саладағы субъектілердің әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге бағытталған қызметін, сондай-ақ киноиндустрия өнімдерінің пайдалылығын сарапшылық және қоғамдық пікір негізінде бағалау процесі».

4. Ұсынылып отырған әлеуметтік аудитті қолдану жөнінде әдістемелік ұсынымдар ұйымдастырушылық мәселелерді, оны жүргізу тәсілдерін және іс-әрекеттер алгоритмін қамтиды. Әлеуметтік аудитті киноиндустрия саласына бейімдеу саланы мемлекеттік басқаруда қоғамдық бақылауды оңтайландыруға, ұлттық киноның әлеуметтік-мәдени қызметін бағалауға, сондай-ақ киноиндустрия субъектілерінің әлеуметтік және моральдық жауапкершілігінің дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Жұмыстың теориялық маңыздылығы киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени аспектісін мемлекеттік басқару тұрғысынан ғылыми тұжырымдама жасалынуында. Киноиндустрияны мемлекеттік басқарудың жалпы сипаттамасы, концептуалдық негіздері, кино саласын зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілері осы салада ғылыми зерттеулер жүргізуде қолданыла алады. Киноөндірісті мемлекеттік саясат пен идеология призмасы арқылы талдау мемлекеттік басқару теориясы, мәдениет әлеуметтануы, әлеуметтік психология позициясынан зерттеудің маңызды пәні болып табылады және мемлекеттік құрылымдар, ғылыми қоғамдастық, мәдениет және өнер қызметкерлері мен ізденушілер үшін қызығушылық тудыра алады.

Зерттеудің нәтижелері мемлекет қолдау көрсететін киноиндустрия саласын дамытуға, басқаруды жетілдіруге бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеуде көмектеседі. Қоғамдық бақылау құралы ретінде әлеуметтік аудитті қолдану мемлекеттік басқаруда әлеуметтік әріптестікті қалыптастыруға, әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыстың аясында әзірленген киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізудің әдіснамалық ұсынымдары кинематография саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың киноны дамыту жөніндегі практикалық қызметінде, қолданбалы зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Сонымен қоса, зерттеудің нәтижелерін білім беру ұйымдарында, кино кафедралары мен факультеттерінде, киномен байланысты, оның әлеуметтік-мәдени аспектілерімен, әлеуметтік технологиялармен байланысты оқу құралдарында, бағдарламаларда қолдануға болады.

Диссертация нәтижелерінің апробациясы. Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылды: «Международный научно-практический форум по социальным и поведенческим наукам» (Барнаул, 2020); «Экономика и образование Казахстана: новые вызовы и реалии» (Семей, 2021); «Полиязычие и межкультурная коммуникация: опыт, проблемы, перспективы», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан» (Павлодар, 2022).

Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары мен тұжырымдары бойынша 8 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 1 – халықаралық Scopus базасына енген журналда, 3 – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 4 – халықаралық ғылыми және практикалық конференциялардың материалдарында және өзге де ғылыми басылымдарда. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен әзірленген ұсынымдар Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығында қолданылды (Қосымша А).

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация жұмысы нормативтік құқықтық сілтемелерден, қысқартулар мен анықтамалардан, кіріспеден, негізгі 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертация жұмысының көлемі қосымшасыз 135 бетті құрайды.

1 КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Киноиндустрияны зерттеудің теориялық бағыттары

Киноиндустрия – мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Азаматтардың мәдени-эстетикалық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кино саласы әрбір қоғам үшін маңызды болып табылады.

Мемлекет киноөндірісті құндылықтық көзқарастар мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, адамдардың санасына әсер етудің құралы ретінде дамытуға үлкен мән береді. Мәдени құндылықтар болып табылатын киноөнімдерді сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асырады. Мемлекеттік басқару жүйесінде кино саласындағы саясатты жүзеге асыру отандық киноиндустрияның дамуына жағдай жасайды, жоғары сапалы кино өнімдерін тудыруға, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Киноиндустрия – фильмдерді өндірумен, оны дистрибуциялаумен және тұтынумен байланысты сала [2]. Кино индустриясының маңызды бөлігі – фильмдерді прокаттау, көрсету. Ал кинематография термині фильмдерді өндірумен байланысты кеңейтілген ұғым. «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңында кинематографияға «фильмдерді шығаруға, пайдалануға және сақтауға бағытталған шығармашылық, ұйымдастырушылық-өндірістік, экономикалық, ғылыми, білім беру қызметінің түрлерін біріктіретін мәдениет саласы» деген анықтама берілген [3].

Біздің жұмысымызда киноиндустрия мәдениет саласы ретінде қарастырылып, елдің мәдени дамуындағы оның әлеуметтік маңызы мен қоғамдық пайдасы, оны дамытудағы мемлекеттік рөлі зерттеудің аясын құрайды. Киноиндустрия саласының әлеуметтік маңыздылығын айқындауда басқару құралы ретінде әлеуметтік аудитті қолдану қажеттігі негізделеді.

Әлемдік ғылыми кеңістікте кино саласын зерттеудің негіздері мен бағыттары қалыптасқан. Киноиндустрия тақырыбы көбінесе пәнаралық байланыстарда зерттеледі. Ғалымдардың іргелі еңбектерінің негізінде киноиндустрияның әртүрлі аспектілері назарға ұсынылады. Мұны әлемдік деңгейде мойындалған Scopus базасындағы журналдардың болуы да растайды. Аталған базадағы дереккөздер туралы мәліметтерде «кино өнері», «кинематография», «киноиндустрия», «кинотану» сияқты нақты атаулы бағыттар жоқ. Алайда «Arts and Humanities: Visual Arts and Performing Arts» және «Social Sciences: Communication» бағыттары бойынша кино саласына қатысты журналдар көптеп табылады. Мәселен, *New Review of Film and Television Studies*, *Asian Cinema*, *Journal of Chinese Cinemas*, *Studies in Russian and Soviet Cinema* *Studies in Documentary Film* журналдары. Бұл журналдарды Taylor & Francis, SAGE, Intellect Publishers сияқты әйгілі баспалар шығарады.

Ғылыми зерттеулердің елеулі нәтижелеріне қолжеткізу әрқашан да зерттеудің теориялық негізімен тікелей байланысты. Теориялық негіз болмаса

жүргізілген зерттеудің қорытынды тұжырымдары логикалық байланыспаған күй кешеді. Осыған байланысты, кез келген ғылыми қауымдастық үшін барабар, қажетті теорияны таңдау маңызды элемент.

Бұл бөлімде киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени аспектісін зерттеудің теориялық негіздерін қалыптастыру үшін киноиндустрия саласын мемлекеттік басқару, әлеуметтану, экономика және пәнаралық көзқарастар тұрғысынан қарастыру негізге алынды.

Мемлекеттік басқару саласы бойынша көзқарас. Кино саласын мемлекеттік басқару мәселесі елдің мәдени-экономикалық дамуы тұрғысынан өзекті болып табылады, өйткені киноиндустрияны басқару бойынша қабылданған шешімдер адамдардың мәдени-эстетикалық қабылдауына, халықтың рухани дамуына және кинематографистердің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді.

Бұл бағыт мемлекеттік басқару, соның ішінде мемлекеттік қолдау және қаржыландыру, реттеу, кино саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, идеологиялық хабарламалар сияқты мәселелерді қарастырады. Сонымен қоса, мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірлігі ретінде қаланың, ауылдың кинофикация деңгейі, кинодағы өзекті мәселелердің репрезентациясы мен оны халықтың қабылдауы, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы киноның рөлі сияқты өзекті мәселелер де кездеседі.

Кино саласын мемлекеттік басқару мәселелерін ғылыми кеңістікте отандық ғалымдарға қарағанда шетелдік ғалымдар көбірек зерттеген. Нақтырақ айтқанда, ұлттық мәдени саясаттың өзектілігі жаһандық және өңірлік деңгейлерде зерттелуі, соның ішінде кинематография саласындағы мемлекеттік саясаттың өзектілігі А. Риш [4], А. Сохнев [5], J. Hill, N. Kawashima [6], С. Комиссаров, О. Карпучин [7], А. Lange, Т. Westcott [8], еңбектерінде кездеседі.

Киноиндустрия саласының даму ерекшеліктерін жекелеген мемлекеттердің бөлінісінде қарастырған авторлар да аз емес. Мәселен, еуропалық киноны дамыту ерекшеліктері С. Parvulescu, F. Pitassio [9], L. Kelly [10], J. Poort, G. Til [11], P. Bilik [12], Е. Белова [13], Н. Jones, А. Higson [14] сияқты ғалымдардың еңбектерінде сипатталады. Орыс киносының жағдайы мен даму кезеңдеріне М. Жабскийдің [15], А. Голутваның [16], А. Евменовтің, П. Даниловтың [17], азиялық киноны дамытуға А. Aranburu [18], Л. Аль-Нсур, А. Макаров [19], Н. Каримова [20] сияқты ғалымдардың еңбектері арналған.

Кинематография саласын мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзекті тақырыптардың бірі – мемлекеттік қолдау және қаржыландыру. Бұл мәселелерді ғылыми талдауға атсалысқан ғалымдардың ішінен К. Смирновты [21], Е. Колобованы [22], Н. Головецкийді, А. Тумановты [23], Н. Ткачеваны [24], П. Алексееваны, В. Покидконы [25] атап өтуге болады.

Әлемдік киноиндустриядағы ынтымақтастық пен бәсекеге қабілеттілік, экономикалық және құқықтық аспектілері, жаһандану жағдайындағы киноиндустрия туралы мәселелерге Г. Алексеев пен Ю. Колобованың еңбегі арналған [26].

Кинематографияны дамытудағы мемлекеттің назар аударатын мәселелердің бірі – өзге мемлекеттермен бірлескен өнімді әзірлеу. Фильмдерді бірлесіп өндірудің өзектілігі келесі авторлардың ғылыми зерттеулерінде көрініс табады: М. Косинова [27], В. Будилова, Е. Громова, Т. Ртищева [28], А. Чудакова [29].

Мәдениет түрі ретінде киноның идеологиялық қызметі мен ұлттық біртектілікті қалыптастырудың маңыздылығы да мемлекеттік басқару тұрғысынан өзекті мәселе [30, 31].

Жоғарыда аталған авторлар мен дереккөздердің негізінде зерттеу бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады (1-кесте).

Кесте 1 – Киноиндустрияны мемлекеттік басқару тұрғысынан зерттеудегі ғылыми көзқарастар

Негізгі көзқарастар мен бағыттар	Авторлар
Кинематография саласындағы мемлекеттік саясат: өзектілігі, тиімділігі, жаһандық және өңірлік деңгейлерде зерттелуі	J. Hill, N. Kawashima, А. Комиссаров, А. Lange, Т. Westcott, А. Сохнев
Ұлттық кинематографияны дамыту: еуропалық, азиялық кино ерекшеліктері	С. Parvulescu, F. Pitassio, L. Kelly, P. Bilik, J. Poort, G. Til, М. Жабский, А. Aranburu, Л. Аль-Нсур, А. Макаров, Н. Каримова
Кинематография саласын мемлекеттік қолдау және қаржыландыру тетіктері	К. Смирнов, Е. Колобова, Н. Головецкий, А. Туманов, Н. Ткачева, П. Алексеева, В. Покидко
Бірлескен киноөндірістің (копродукция) мүмкіндіктерін зерттеуге арналған бағыт	М. Косинова, В. Будилова, Е. Громова, Т. Ртищева, А. Чудакова
Мәдениет түрі ретінде киноның идеологиялық қызметі, ұлттық біртектілікті қалыптастыру	Т. Кузнецова, К. Билец
Ескерту – Кестені автор әзірлеген	

Киноиндустрияны мемлекеттік басқарудың теориялық негізінде Good governance (игі басқару, тиімді басқару) тұжырымдамасы арқылы қарастыру қазіргі заман жағдайында орынды болып табылады.

Good governance мемлекеттік басқаруға қоғамның қатысу салаларын кеңейтуге бағытталған. Мемлекеттің басымдықтары ортақ келісімге негізделуі, халықтың барлық топтарының «дауыстары» мемлекеттік шешімдер қабылдауда ескерілуі тиіс. Good governance-тің негізгі қағидаттары (принциптері) ретінде мыналар айқындалады: мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу, шешім қабылдаудағы келісім, стратегиялық шолу, кері байланыс, ашықтық, жауапкершілік, тиімділік, теңдік, заңның үстемдігі [32].

Good governance – мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың белгісі. Бұл ретте, киноиндустриядағы мемлекет пен қоғамдық институттардың рөлі туралы дискурса ғылыми тұрғыда көп мән берілмеген. X. Xin, I. Mossig сияқты авторлардың пікірінше, институттардың киноиндустрияның құрылымы мен кеңістіктік конфигурацияға ықпалы зор [33]. А. Голутваның іргелі еңбектері де кинематографияны стратегиялық басқаруға қоғамдастықтың қатысуына арналған [34]. Демек, киноиндустрияның дискурсын дамытуға азаматтардың қатысуы тақырыбы жоғары қызығушылыққа ие болып, алдағы зерттеулерге мүмкіндік туғызуы тиіс.

Сонымен, жоғарыда келтірілген ой-пікірлерді сараптай келе, мынадай тұжырымға келеміз: мемлекеттік басқару тұрғысынан қарастырғанда, киноиндустрия – бұл азаматтық қоғамды (кинематографистердің шығармашылық одақтарын, киносыншылар қауымдастығын және осы саладағы өзге де ұйымдарды) қолдайтын және қоғамдастықтың (көрерменнің) қажеттіліктерін қамтамасыз ететін қызмет саласы.

Мемлекеттік мәдени саясат – қоғам мен мемлекеттің жасампаз құндылықтық бағдарларын қалыптастыру негізінде тұрақты дамудың құрамдас бөлігі. Мәдениет саласында бұл саясат арнайы шаралар, тетіктер мен іс-қимылдар арқылы қоғамға қажетті мүдделерге жетумен байланысты мақсатты іс-әрекетті көздейді.

Кино саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаты мәдениет саласының маңызды құрамдас бөлігі ретінде отандық киноны қолдау, дамыту және ұлттық кинематография өнімдерін мәдени мұра ретінде сақтау, тарату болып табылады. Сонымен қоса, ұлттық фильмдерді кинозалдарда көру үшін бұқаралық көрерменге қолжетімділікті қамтамасыз ету; олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және киноиндустрияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Отандық кинематографияны ұзақ мерзімді тұрақты дамыту мыналарды көздейді:

- кино саласының экономикалық айналымының өсуін ұзақ мерзімде сақтау;
- кино саласының жекелеген сегменттерін дамытудағы пропорциялық және теңгерімділік;

– барлық өңірлер бойынша киноиндустрия саласының жағдайы мен дамуында дифференциацияны болдырмау, инфрақұрылымды дамыту [4, с. 9].

А. Сохневтің пікірінше, кинематография саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі екі мақсатын көрсетуге болады: экономикалық және әлеуметтік-мәдени.

Экономикалық мақсаттарға мыналарды жатқызу ұсынылады:

– кино көрсетілім мен кинопрокат ұлттық нарығындағы айналымның өсуін ынталандыру;

– кинематографиядағы шығармашылық процесті дамыту;

– кино көрсетілім инфрақұрылымының теңгерімді дамуын қамтамасыз ету;

– отандық киноөнімдердің прокаттағы тиімділігін ұлғайту;

– кинематография саласындағы білім беру мен ғылыми жұмыстарды дамыту.

Әлеуметтік-мәдени мақсаттарының құрамына мыналар жатқызылады:

– кинопрокатта әлеуметтік және мәдени маңызды ұлттық кино өнімнің болуын қамтамасыз ету;

– ұлттық фильмдердің көрсетілімінде халықтың қамтылуын арттыру;

– кинематографиялық алуан түрлілікке қол жеткізу және отандық фильмдерде ұлттық даралықтың көрініс табуын қамтамасыз ету;

– ұлттық кинематографиялық мұраның толық сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету [5, с.12].

Бұдан бөлек, мемлекеттің әкімшілік әлеуетінің негізгі элементтерін де ескерген жөн [35]. Оларды кинематографияны басқару тұрғысынан қарастыру барысында келесі тұжырымдарға көз жеткіземіз:

1. Өндірістік әлеуеті. Мемлекет отандық фильмдерді өндіруге қажетті ресурстарға ие: инфрақұрылымдық, табиғи-ландшафтық, локациялық, қаржылық, адами ресурстар. Аталған ресурстардың болуы отандық киноөндірушілерге мол мүмкіндіктер туғызады.

2. Реттеушілік қабілет әлеуеті. Мемлекет кинематография саласындағы қоғамдық қатынастарды арнайы заңнаманың негізінде реттейді, бақылайды, нормалардың орындалуын ынталандырады.

3. Үйлестіруші әлеует. Мемлекет әртүрлі деңгейдегі, соның ішінде мемлекеттік емес субъектілердің кинематографияны басқаруға мүдделі тараптар арасындағы делдалдық процестерді басқаруға қабілетті.

4. Талдамалық әлеует. Мемлекеттің кино саласындағы қызметтің тиімділігі мен өнімділігін сыни бағалауға, алдағы жоспарларды, өзгерістер алгоритмін қалыптастыруға қабілеттілігі.

Аталған элементтер бір-бірімен өзара байланысты және мемлекет барлық аспектіге мән берген жағдайда дамудың серпіні байқалады.

Жалпы, киноиндустрияны зерттеудің тұжырымдамалық негіздері ғылыми кеңістіктегі зерттеулердің әртүрлі позицияларын қарастыруға мүмкіндік береді. Медиа-мәдениет саласы бола отырып, фильмдер қоғамды киноға жұмылдыру құралы ретінде, әлеуметтік процестердің ағымы мен құрылысының ортасы

ретінде түсіндіріледі. Кино психологиялық жеңілдету мүмкіндігін жасайды. Мәдени саясаттың құралы ретінде қоғамдық көзқарас пен талғамды қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сондай-ақ рухани дамуда, дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруда және сананы идеологиялық манипуляциялауда үлкен рөл атқарады. Қазіргі жағдайда киноиндустрия халық шаруашылығындағы қызмет көрсету саласының маңызды бөлігі болып табылады. Әдіснамалық плюрализм мен концепциялардың, парадигмалардың көптігіне қарамастан, киноиндустрияның әрбір аспектісі өзекті.

Киноиндустрияның өзекті мәселелерін теориялық-әдіснамалық жағынан талдауда мемлекеттік басқару саласынан бөлек, әлеуметтанулық, экономикалық және пәнаралық бағыттарды қарастыру мәселені толыққанды әрі жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретінін атап өткен болатынбыз. Осыған байланысты, олардың негізгі мәселелеріне қысқаша тоқталып өткен жөн.

Әлеуметтанулық көзқарастар. Кино әлеуметтік-коммуникативті құрал ретінде құндылықтар жүйесіне, халықтың әлеуметтік топтарына әсер етуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, киноны әртүрлі әлеуметтанулық теориялар тұрғысынан талдау заңдылық.

Кино туралы әлеуметтанулық дискурсты неміс ғалымы Э. Алтенлоның зерттеулері негізінде дамытуға болады. Оның диссертациялық жұмысы кино әлеуметтануы саласындағы алғашқы еңбектердің бірі болып саналады [36]. Автордың классикалық туындысында кино тарихынан бастап зерттеудің осы бағытындағы нақты мәселелерді талдауға дейінгі бірқатар мәселелер қамтылған: өнімді тұтынудың құқықтық аспектілері, аудитория, жанрлар, бос уақыт және басқалар.

Кино мәдени ресурс ретінде адамның мәдени капиталын құрайды. Оны П. Бурдьё өз еңбектерінде ерекше атап өткен. Киноны тұтыну мәдени капиталдың көрінісін, сол арқылы жеке адамдардың әлеуметтік айырмашылықтары мен өмір салтын көрсетеді. П. Бурдьёнің айтуы бойынша, талғамдар әлеуметтенудің жағдайларынан және қоғамдағы позициядан туындайды [37].

Киноиндустрия саласын әлеуметтанулық зерттеудің негізгі төрт теориялық-әдіснамалық бағытының аясында талдауға болады: 1) құрылымдық функциялық; 2) әлеуметтік алмасу; 3) символдық интеракционизм және 4) жанжалдар теориясы (2-кесте).

Құрылымдық функциялық бағыты киноиндустрияны белгілі бір құрылымдық шекарасы бар, нақты функцияларды жүзеге асыратын қоғамдағы әлеуметтік институт ретінде талдауға ықпал етеді. Әлеуметтік алмасу теориясы киноиндустрияны дамыту мүмкіндіктері жөнінде пікір алмасу, кинематографистерді марапат түріндегі ынталандыру, табысты болған тәжірибесін қайталауға ұмтылу сияқты мотивтерді қарастыруда өзекті. Символдық интеракционизмнің тұжырымы бойынша, символдар адамдардың киномен байланысты өміріне мән береді және осылайша өзара әрекеттесу негізін жасайды. Жанжалдар теориясы әртүрлі келіспеушіліктің себебін

түсінуге ықпал етеді. Мәселен, кинотеатрларда отандық фильмдерге квота енгізу мемлекет пен жекеменшік кинопрокатшылар желісі арасындағы келіспеушілікті тудырады. Бұл шара мемлекет үшін отандық фильмдердің прокаттағы үлесін арттыру міндетін қамтамасыз етуде ыңғайлы болса, ал прокатшыларға тиімді емес, себебі отандық фильмдердің шығу кестесі тұрақсыз және сапасы да жоғары болмауы ықтимал.

Кесте 2 – Кино саласын әлеуметтанулық теориялар тұрғысынан қарастыру

Әдіснамалық бағыттар	Негізгі ұғымдар	Негізгі тұжырымдар
Құрылымдық функционализм	әлеуметтік институт, құрылым-функция, нормалар	Кино – белгілі бір функцияларды жүзеге асыратын қоғамның құрылымдық элементі. Әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын сақтаудағы киноиндустрияның әлеуметтік институт ретіндегі үлесі маңызды
Әлеуметтік алмасу теориясы	әлеуметтік қарым-қатынастар, марапат, жеке тұлға, топтар, әлеуметтік желілер	Бұл бағыт кинематография субъектілері арасындағы қарым-қатынастардың сипатын талдауға мүмкіндік береді. Мысалдар: киножобаның шығармашылық тобы арасындағы ақпарат, пікір және тәжірибе алмасу, көрген фильмнен алған әсерлерімен бөлісу. Бұл киноның коммуникативтік қызметін білдіреді.
Символдық интеракционизм	Символдар, белгілер, рөлдер	Кино әлеуметтік рөлдерді (мәртебелік, гендерлік) орындауда әртүрлі символдарды (тілдік коммуникация, ауызша вербальді коммуникация, кезкелген әлеуметтік топқа тиесілі символ, компания символы және басқалар) қолдану алаңы болып табылады
Жанжалдар теориясы	келіспеушілік, өзгеріс, динамика	Киноиндустрия саласының статикалық жағдайы мен динамикалық дамуындағы қайшылықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Мәселен, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың төмендеуі (аға буын кинематографистер мен жастар арасындағы өзара ынтымақтастықтың болмауы), көрерменнің көңіл толмаушылық кері байланысы және басқалар
Ескерту – Кестені автор әзірлеген		

Бұдан бөлек, киноны зерделеудің әлеуметтанулық аспектісін қоғамның әлеуметтанулық белгілерінің негізін құрайтын төрт тақырыптың аясында сипаттау кино саласының қоғамдық мәнін толығырақ түсінуге ықпал етеді. Олар: 1) әлеуметтік біртектілік; 2) өзара әрекеттестік; 3) әлеуметтік теңсіздік және 4) әлеуметтік институттар [38]. Бұл элементтер қоғамның тұрақты дамуына әсер етуші факторлар болып табылады.

Әлеуметтік біртектілік пен өзара әрекеттестік мәселелеріне кейінгі кеңестік кино арқылы талдау жүргізу И. Каспенің еңбегінде толыққанды кездеседі [39]. Әлеуметтік теңсіздік мәселесі көптеген фильмдердің арқауына айналған тақырып. Мысал ретінде «Погоня за счастьем» (The Pursuit of Happiness, 2006) фильмін келтіруге болады, онда кейіпкер жақсы өмір сүру үшін күреседі. Фильм ірі қалалардың қарапайым тұрғындарының көптеген әлеуметтік мәселелерін көрсетеді: қаржылық тұрақсыздық, жұмыссыздық, ақшаның жетіспеушілігі, отбасылық қатынастардағы шиеленіс, некенің бұзылуы, бір ата-ананың баланы тәрбиелеуі, баспананың болмауы, жұмыс үшін күрес, еңбек нарығының жағдайы. Мұндай мысалдар киноның әлеуметтік аспектілерін талдауға ықпал етеді. Киноның атқаратын қызметінің мәнін ашады.

Әлеуметтік институт ретінде кино бірқатар маңызды құндылықтарды қалыптастырады: танымдық, тәрбиелік, коммуникативтік, көркемдік-эстетикалық, ойын-сауық, эвристикалық, идеологиялық, коммерциялық [40] (1-сурет). Бұл құндылықтардың әрқайсысы қоғам үшін маңызды. Әсіресе жастар мен балалардың әлеуметтенуі процесінде киноның тәрбиелік және танымдық қызметтері аса маңызды.

<p>танымдық</p> <ul style="list-style-type: none"> • көрерменге жаңа білім мен ақпарат таратады; • жеке көзқарасты, ойды қалыптастырады 	<p>тәрбиелік</p> <ul style="list-style-type: none"> • қоғамдық идеялар мен құндылықтарды балаларға, жастарға дәріптейді, адамгершілік қасиеттерді көрсете алады 	<p>коммуникативтік</p> <ul style="list-style-type: none"> • мәдени жетістіктермен алмасуға, адамдар арасында ой бөлісуге, сөйлесуге ықпал етеді 	<p>көркемдік-эстетикалық</p> <ul style="list-style-type: none"> • адамдар жарқын бейнелерді, әсем, көркем дүниелерді көреді, жоғары калауы мен қажеттіліктерін қалыптастырады
<p>ойын-сауық</p> <ul style="list-style-type: none"> • кино көру арқылы адамдар бос уақытын ұйымдастырады, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырады 	<p>эвристикалық</p> <ul style="list-style-type: none"> • көрерменге ойлануға, талдау жасауға, талқылауға, болжам жасауға мүмкіндік береді 	<p>идеологиялық</p> <ul style="list-style-type: none"> • қоғамдық санаға әсер етеді, құндылықтар мен идеяларды таратады, отансүйгіштікке тәрбиелейді 	<p>коммерциялық</p> <ul style="list-style-type: none"> • фильмдерді жасаушыларға қаржылық табыс, кіріс алып келеді

Сурет 1 – Киноның құндылықтары

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Кино адамдардың әсер алу қажеттіліктерін ғана қанағаттандырып қоймайды, адамдарға белгілі бір ой салады, қоғамдық маңызы бар оқиғалар, тарихи тұлғалар туралы ақпарат береді. Фильмдер ежелгі дүние тарихынан қазіргі мемлекеттерге дейінгі тарихты үйрену үшін пайдалы. Сонымен бірге, шетел кинолары арқылы өзге тілді үйрену мүмкіндігі де бар. Фильмдер – өз көрермендері үшін көрнекі көңіл-күй ғана емес, сонымен қатар адам өмір сүретін әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлар туралы оқиға. Әр елдің кинода өз мақсаты бар. Олардың барлығы да кино арқылы елінің, халқының жағдайын әлемге танытқысы келеді, мәдениетаралық коммуникацияға жол ашады.

Осылайша, әлеуметтанулық теориялар киноиндустрияны әлеуметтік институт, қоғамның құрамдас бөлігі ретінде «құрылым-функция» дихотомиясы тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді.

Экономикалық көзқарастар. Киноиндустрияны экономикалық категория ретінде қарастыратын болсақ, кино – сұранысқа ие, өзінің құны бар, белгіленген смета аясында әзірленген өндіріс өнімі болып табылады.

Кино саласы мемлекеттің экономикасын дамытуда елеулі рөл атқарады. Қазіргі нарықтық кезеңде киноның коммерциялық құндылығы маңызға ие. Себебі, сату және сатып алу процестері аясында кез келген киноөнім «сатылып», кино өндірушілерге, дистрибьюторларға пайда әкелуі тиіс. Демек, өндіру, бөлу, тарату, айырбастау сияқты экономикалық процестердің жүзеге асырылуы тән (3-кесте).

Кесте 3 – Фильмдердің экономикалық және мәдени сипаттамаларын салыстыру

Негізгі критерийлер	Экономика саласы	Мәдениет саласы
Сипаттамасы	Табыс әкелетін өндірістік өнім	Материалдық емес шығармашылық процесс
Өнім түрі	Тауар, ұсыныс	Мәдени мұра
Құндылық дәрежесі	Коммерциялық (пайда)	Идеологиялық (мағына)
Қоғамдық қатынастар	Сұраныс, ұсыныс, төлем қабілеті	Сюжет (мән-мағына) арқылы көрерменге әсер ету
Негізгі субъектілер	1) өндірісті жасаушылар: режиссерлік-операторлық құрам, актерлік құрам, шығармашылық топ; 2) өнімді тұтынушылар: кинотеатрлар желісі, дистрибьюторлар, көрермендер, халықаралық қауымдастық	киноөндірушілер, көрермен (әртүрлі жастағы көрермен: балалар, ата-аналар, ересектер), киносыншылар, шығармашылық топ
Ескерту – Кестені автор әзірлеген		

Кино нарығында әрқашан фильмдерге сұраныс болады. Сұранысқа әсер ететін факторлар ретінде мыналарды атап өтуге болады: көрерменнің кинотеатрда немесе арнайы сайттардан фильм көруге қолжетімдікті сатып алу қабілеті (билет бағасы), адамдардың табысы, фильмдердің жанры, сапасы, тақырыбы, маусымдық кезең (күндізгі, кешкі уақыт, демалыс күндері). Ал ұсынысқа келесі факторлар ықпал етеді: фильм көрсету үшін қызметтің бағасы, балама тауарлардың болуы, фильмдерді түсіру технологияларының деңгейі, кинокомпаниялардың саны, салықтар.

Фильмдерге сұраныс азаматтардың талғамына байланысты болады. Қазақстандық фильмдерге сұраныстың белгілі бір деңгейі халықтың кинотеатрларға жиі келуінен, олардың отандық фильмдерді таңдауынан көрінеді. Кинотеатрға келуші барлық әлеуметтік топтардың ішінде жастардың жиі келетіні тәжірибеден белгілі [41].

Әрбір мемлекет отандық киноиндустрияны елдің экономикалық табысы үшін дамытуға мүдделі. Негізгі экономикалық мақсат – кинотеатрларда көрсетілген фильмдердің прокатынан түсетін кірісті арттыру. Сондықтан көптеген елдер әлемдік аренада фильмдер түсіру және көрсету арқылы көп ақша табуға тырысады. Әлемдегі дистрибьюторлар кинотеатрлардың санын көбейтіп жатыр. Кино субъектілері әлемдік деңгейдегі брендке айналған халықаралық фестивальдарға қатысуға асығады. Мұның бәрі әрбір кинокомпания мен елдің табысын арттыратын құралдар болып табылады [42].

Экономикалық тұрғыдан, кино индустриясы әрқашан сұранысқа ие болып қала береді. Бұл сала зерттеушілер үшін үлкен экономикалық маңыз бен тартымдылыққа ие, өйткені көптеген жаңа өнімдердің бүкіл өмірлік циклын қамтитын ауқымды мәліметтерді және көптеген шешілмеген «жұмбақтарды» ұсынады [43].

Сонымен қоса, экономикалық көзқарастар арқылы киноиндустрияны қарастыруда ғалымдар оны креативті экономика, мәдени шығармашылық индустрия [44] ретінде сипаттайды. Мысалы, А. Малышев киноиндустрияны креативті индустрия ретінде қарастырып, оның мультифакторлық мәнін қарастырса [45], Н. Lee мәдени индустрия және қаржы нарығы арасындағы қарым-қатынасты зерттеп, мәдениетке мемлекеттік инвестициялау үшін венчурлық капиталды пайдалану экспериментін талқылайды [46]. А. Medel мен В. Gossel экономикалық дамудың құралы ретінде мәдени кластерлерді, атап айтқанда киноиндустрия кластерлерін құру және дамытудың жалпы сипаттамасын, киноиндустрия кластерінің қалалар мен өңірлерді дамытуға стратегиясын сипаттайды [47].

Осылайша, экономикалық бағыт бойынша киноиндустрия нарығындағы басты өнім – фильмдер, негізгі критерий – оның құны мен тиімділігі. Фильмдердің бюджеті мен табысы, отандық және халықаралық кинопрокат нарығына шығару, инвестициялық тартымдық, қаржыландыру көздері сияқты өзекті мәселелер зерттеу пәні болып табылады.

Пәнаралық көзқарастар. Бұл бағытқа кино саласын зерттеуге жоғарыда аталған ғылымдардан басқа философиялық, өнертану, кинотану,

психологиялық, педагогикалық сияқты көзқарастар мен бағыттар жатқызылады. Кинематография феномені туралы философиялық бағыт француз философы Дж. Делездің кең тараған шығармаларында кездеседі. Автордың «Кино» атты жұмысында бейнелер, қозғалыс және уақыт сияқты кинематографиялық іргелі түсініктердің логикасы қалыптастырылған. Кинематографиялық туындыларды кадр, кескін, камера қозғалысы, композиция, редакциялау, жарықтандыру, эмоциялар, фигуралар сияқты бөлшектерге бөліп, оларды ұлы режиссерлердің жұмысы аясында қарастырады [48].

Итальяндық режиссер, кино тарихшысы В. Тоси өз жұмысында киноны уақыт пен кеңістіктегі қозғалыс процесінде ғылыми зерттеулердің құралы ретінде қарастырады [49]. Кинематография өнімдері ойын-сауық құралы ғана емес, танымның тиімді құралы болуы көптеген зерттеулердің эмпирикалық негізіне әсер берді [50].

Сонымен қоса, бұл бағытта жазылған еңбектердің арасынан отандық ғалым О. Борецкийдің ғылыми көзқарастарын атап өткен жөн. Автор бұқаралық мәдениетті кинематографияның мысалында философиялық тұрғыда қарауға, бұқаралық кинода мәндердің визуализациясын көруге ұмтылады [51].

Философия тұрғысынан алып қарағанда, кино – ол уақыт пен кеңістік аясында белгілі бір қозғалысқа ие болатын бейнелік құбылыс. Фильмдерде қазіргі заманғы мәдениеттің философиялық және идеологиялық мағыналары айқын немесе жасырын түрде беріледі. Әртүрлі кинематографиялық толғаныстар алуан түрлі дискурстарды ұсынады.

Сонымен қоса, әлемдік ғылыми кеңістікте киноның теориясына арналған бірқатар құнды еңбектер жазылған. Оның бірнешеуі Қазақстанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша қазақ тіліне аударылды: С. Фрейлихтің Эйзенштейннен Траковскийге дейінгі кино теориясы [52], Т. Эльзессер мен М.Хагенердің Кино теориясына сезім тұрғысынан кіріспесі [53], Филл Сидтің Киносценарийі [54] және басқалар.

Кино феномені, оның эстетикалық және көрнекі қабылдауы мәселелері зерттеудегі өзекті бағыт болып қала береді. Т. Шерак атап өткендей, кино – бұл қазіргі қоғамның сипаттамасы, тарихтың көрінісі және болашақ туралы болжам [55]. Кино – бұл шындық және сонымен бірге ойдан шығарылған әлем. Кино – бұл өнер мен бизнестің үйлесімі.

Кино – қоғамдағы білім беру ресурсы және байланыс құралы [56]. Метафораларды қолдана отырып, S. Ravid фильмдерді жаңа өнім түріне немесе жаңа мейрамханаға ұқсайтын жобалармен салыстырады, алайда олардың қымбат екенін және маңызды сипаттамалары бар екенін атап өтеді [57]. Кинематографияның осындай сипаттамалары мен алуан түрлі аспектілері зерттеушілерге оны әр түрлі ғылыми таным позицияларынан зерттеуге мүмкіндік берді.

Киноның психологиялық әл-ауқат пен бақытқа әсерін талдау ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Uhrig, Noah зерттеулері

кинематографтың денсаулыққа пайдасы бар демалыстың бірегей қызметі екендігін растайды. Киноға барудың ерекше қасиеттері психикалық денсаулыққа оң әсер етуі мүмкін. Көрнекі ынталандыру эмоциялардың сериясын тудыруы ықтимал, ал сол эмоциялардың ұжымдық тәжірибесі кинотеатрда рөлдер бен эмоцияларды сезінетін қауіпсіз жағдай жасайды [58].

Кинематографиялық сәттіліктің маңыздылығын К. Simonton эмпирикалық зерттеу факторларына сүйене отырып ұсынады. Автор фильмнің жетістігін бағалаудың үш негізгі критерийін зерттеді: сыни бағалау, қаржылық нәтижелер және кинотеатрға берілетін марапаттар [59].

Одан бөлек, фильмдер күшті және пайдалы медиа құралы болып табылады. Экранда, теледидарда және цифрлық форматта көру мүмкіндігінің арқасында фильмдер қоғамдық өмірде басқа бұқаралық ақпарат құралдарына ұқсас және тіпті артық мәртебеге ие болды. Бұл киноның медиа саласындағы орнын зерттеуге де қызығушылықты арттырды. М. Маклюэн медианы түсінуге қатысты жазған еңбегінде киноны индустриялық алыптың орасан күші екенін атап өткен болатын [60].

Осылайша, шетелдік әдебиеттерге шолу жасауды қорытындылай келе, қарастырып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуге талпыныс жасалды. Киноиндустрия көп қырлы және заманауи үрдістерге сәйкес өзінің зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтуде.

Зерттеу жұмысы барысында ұсынылған киноиндустрияны зерделеудің жүйеленген бағыттары қорытынды кесте ретінде ұсынылады (4-кесте).

Кесте 4 – Киноиндустрияны зерттеу бағыттарының жүйеленген классификациясы

Ғылыми бағыттар, көзқарастар	Зерттеу пәндері
1	2
Мемлекеттік басқару көзқарасы	<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік саясаттың мәні мен негізгі қағидаттары; - мемлекеттік қолдау және қаржыландыру, субсидия, жеңілдіктер; - ұлттық киноиндустрия, өңірлік ерекшеліктер; - мемлекеттің бірлігі ретінде қаланың кинодағы көрінісі; - жаһандану процестерінің киноиндустрияға әсері; - киноиндустрияны мемлекеттік басқаруға қоғамдастықтың қатынасы.
Әлеуметтанулық көзқарас	<ul style="list-style-type: none"> - киноиндустрия – әлеуметтік институт: негізгі функциялар, нормалар; - киноиндустрия – негізгі әлеуметтанулық теориялардың объектісі (құрылымдық функционализм, алмасу теориясы, символдық интеракционизм, жанжалдар теориясы); - киноөнімдерді зерттеудегі негізгі 4 концепт: әлеуметтік біртектілік, теңсіздік, өзара әрекеттестік, институттар

4-кестенің жалғасы

1	2
Экономикалық көзқарас	<ul style="list-style-type: none"> - креативті экономика түрі, мәдени кластер; - кино нарығы: негізгі субъектілер, сұраныс-ұсыныс, тарату; - дистрибуция, коммерциялық пайда, инвестициялық тартымдылық
Пәнаралық көзқарас	<ul style="list-style-type: none"> - киноиндустрияның философиялық мәні: кино-күбылыс, кеңістік, уақыт, қозғалыс концептілері; - кино – философиялық білімді тарату формасы, фильмдердегі айқын және жанама дүниетанымдық дискурс; - киноиндустрияның психологиялық ерекшеліктері: кино өнімдердің аудиторияға әсері; - кино өнімдерінің білім беру және тәрбиелік мәні, өнер туындысы; - кино – медиа өнімі, журналистикалық көзқарас
Ескерту – Кестені автор әзірлеген	

Киноиндустрияны зерттеудің әртүрлі ерекшеліктерін қарастыра келе, мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Мемлекеттік басқару тарапынан киноиндустрияға көзқарас оның мемлекеттік саясат тұжырымдары мен ұлттық идеологияны көрсете алуында. Ұлттық кинематографияны қаржыландырудағы мемлекеттің рөлі мен басқару мүмкіндіктері айқындалады. Киноиндустрия саласындағы қатынастардың реттеушісі ретінде мемлекеттің қызметі мен сарапшылық қоғамдастықтың өзара әрекетіндегі құралдарды, тетіктерді зерделеуге ықпал етеді. Одан бөлек, мемлекеттің, қаланың саяси, әлеуметтік және мәдени-құндылықтық негіздерін жұмсақ күш ретінде кино арқылы өзге елдерге трансляциялау мүмкіндігі туындайды. Good governance жағдайында ұлттық кино туралы қоғамдастықтың пікірі маңызға ие компонент. Осы орайда, саланың қоғаммен байланыс бөлігіндегі қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін әлеуметтік аудит тәсілін қолданудың маңыздығы ескерілуі тиіс.

2. Кино – қоғамдағы әлеуметтік шындықты бейнелейтін құрал, әлеуметтанулық бағыттың зерттеу объектісі. Адамдар арасында әлеуметтік өзара әрекеттестікті, қоғамдағы әлеуметтік процестерді, теңсіздікті және әлеуметтік институттардың қызметін сипаттау қабілетіне ие. «Құрылым» және «функция» концептілері саланың қызмет етуінің институционалдық шектері мен нормалық талаптарын айқындауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік алмасу арқылы өзара әрекеттестік жүзеге асырылады. Символдар киноның сипаттамалық белгілерін айқындауда көмектеседі. Жанжалдар теориясы арқылы кинематография саласын басқарудағы статикалық және динамикалық өзгерістердің, тәуекелдердің алдын алуға болады.

3. Кино – бизнес түрі. Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, кино – коммерциялық құндылығы бар, сұранысқа ие, табыс әкелетін өндірістік өнім,

нарық өнімі. Кейбір дамушы елдерде кинематография мемлекеттен тыс экономикалық тәуелсіз, өзін-өзі қаржылық қамтамасыз ете алатын сала. Дегенмен де, киноиндустрияның дамуында мемлекеттің рөлі елеулі. Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – отандық кино индустриясын дамыту арқылы шетелдік кино нарығына шығу. Бұл ретте, отандық фильмдердің кассалық жинағын арттырудың тәсілдерін іздестіру жолдарын айқындау маңызды.

4. Киноға пәнаралық қызығушылық оның білім беру әлеуеті, психологиялық әсері, маркетингтік құрамдас бөліктері сияқты өзге де аспектілерін дамытуға ықпал етеді. Кино өнер туындысы ретінде қозғалыс пен кеңістік және уақыт аясында жүзеге асатын құбылыс ретінде философиялық, мәдени және өнертану зерттеулері тарапынан қызығушылыққа ие. Бұл бағытта философиялық рефлексия арқылы киноны өнер түрі ретінде түсіну мүмкіндігі, кино философиясының мазмұндық және әдіснамалық шектері, визуалды образдарды қабылдау мүмкіндігі қарастырылады.

Қазақстанда киноиндустрия саласы ғылыми тұрғыда өнертану, режиссура, кинотану сияқты шығармашылық ғылымдар тұрғысынан едәуір көп зерттелген. Көптеген ғалымдардың (Б.Р. Нөгербек, Б.Б. Нөгербек [61], Г. Әбікеева [62], Н. Мукушева [63], О. Борецкий [64], Уразбаева [65], А. Хамза [66]) еңбектері қазақ киносының даму тарихына, кинодағы құндылықтарға, кино образдарды, қазақ киносы мен ұлт ұғымын талдауға арналған. Алайда отандық кинематографиядағы ұлттық саясат, мемлекеттік басқару негіздері, экономикалық тиімділік, кино нарығының ерекшеліктері, жалпы отандық кинематографияның әлеуметтік-экономикалық аспектілері сияқты тұжырымдамалық мәселелер отандық ғылыми кеңістікте аз зерттелген. Осындай сирек зерттеулердің арасынан 2020 жылы жазылған ұжымдық жұмысты атап өтуге болады [67]. Қазақстандық авторлар отандық киноның экономикасы, соның ішінде фильмдердің кассалық жинағы мен қаржылық табыстылығына, рейтингіне әсер етуші факторларды айқындауда елеулі үлес қосқан.

1.2 Елдің мәдени дамуындағы киноиндустрияның маңызы

Мәдениет қоғамның барлық салалары мен аспектілеріне тікелей әсер етіп, дүниетанымды қалыптастыратын бірегей құбылыс болып табылады. Ол ұлттың өзіндік даралығы мен санасын қалыптастырады, азаматтардың эстетикаға, көркемдікке, шығармашылыққа қажеттіліктерін қанағаттандырады. Қазіргі кезеңде мәдениет саласының әлеуметтік-экономикалық дамуда, халықаралық байланыстарда, ішкі тұрақтылықты сақтауда үлесі зор. Мәдениеттің дамуы – мемлекеттердің дамуының негізгі басымдықтарының бірі. Дамудың стратегиясын айқындауда өзінің көп мөлшерлі рөлімен мәдениет ұлттық және халықаралық деңгейде маңызды рөл атқарады.

Елдің мәдени дамуы дегеніміз мемлекетті мәдени бай және қуатты жағдайға жеткізу, сол деңгейге жету үшін мәдени қызметті жүзеге асыру үрдісі. Мәдени дамудың стратегиясы – мәдениет саласындағы барлық мүдделі

тараптардың мәдени мүмкіндіктер арқылы елдегі салыстырмалы түрде артықшылықтар мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін іске асырылатын құрал [68].

Кез келген ел үшін өзінің бірегей мәдени кеңістігін қалыптастыру маңызды. Сәтті дамыған мемлекет мәдениет саласындағы саясатын жүзеге асыра отырып, қоғамның тұрақты дамуына жағдайлар жасайды. Мәдени дамуды қамтамасыз ететін салалардағы қызметтің сапасын арттыруды көздейді.

Елдің мәдени дамуы сол елдегі мәдениет саласындағы инфрақұрылымдардың, мекемелердің көптігімен ғана емес, саладағы мамандардың жетістіктерімен, сапасы жоғары көркемдік-эстетикалық туындылардың болуымен, олардың адамзат өміріндегі орнымен, қоғамға оң әсерімен де айқындалады. Құндылықтардың көлемі мен оның таралуының кең ауқымы, оларды адамзаттың игеруі мәдени дамудың деңгейін сипаттайды. Сол себепті мәдениет тұтас дамудың басты факторларының бірі болып қала береді.

Елдің мәдени және қоғамдық дамуын сипаттайтын бірқатар маңызды белгілерді атап өтуге болады:

- ұлттың даралығын айқындайтын мәдени мұраның сақталуы;
- ұлттың дербес мемлекеттік тілінің сақталуы;
- білімді, мәдениетті, жан-жақты дамыған адами капиталдың қалыптасуы;
- шығармашылық қызметті жүзеге асыруға жасалған жағдайлар мен мүмкіндіктердің болуы;
- отандық әдеби өнердің, көркемдік жоғары сапалы өнімдердің болуы;
- халықтың өнегелілік, рухани әлеуетінің дамуы;
- мәдениет саласындағы білім мен ғылымның дамуы;
- мәдени ресурстарға қолжетімдікті қамтамасыз ететін ақпараттық алаңның болуы;
- мәдени ұйымдардың, мекемелердің, инфрақұрылымның дамуы және басқалар.

Аталған бағыттардың барлығы әрбір ел үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Осылардың топтамасы болған жағдайда қоғамның мәдени дамуы, өзіндік мәдени кеңістігі қалыптасады.

Кино өнері мәдениетаралық кеңістікте айрықша орын алады. Өнердің бірегей туындыларының қатарына жататын кинофильмдер арқылы әлемге әрбір елдің даралық, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктері таралады, қоғамға белгілі бір ой-пікірді жеткізеді. Әлемдік мәдени кеңістіктегі мемлекеттердің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Кино өз көрерменіне дүниенің түкпір жерлеріндегі ұлттар мен этностар, діндер мен мәдениеттер, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар туралы ақпарат ұсына отырып, әртүрлі түсініктер мен стереотиптер қалыптастырады [69].

Мемлекет үшін киноиндустрия – бұл ұлттық мәдениетті дамыту ресурсы. Киноиндустрия саласының дамуын көрсететін белгілер ретінде оның инфрақұрылымдық жағдайын, адами капиталдың сапасын, жыл сайын өндірілетін отандық фильмдердің санын, халыққа ұсынылатын киноөнімдердің

сапасын, саладағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық базаны, шетелдік мәдени аренада алар орнын атап өтуге болады (2-сурет).



Сурет 2 – Киноиндустрия саласы дамуының негізгі көрсеткіштері

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Қазіргі жаһандану жағдайында әрбір елдің өзіндік дербес кино индустриясының болуы ұлттық даралықты сақтау үшін міндетті шарт болып табылады. Талдамалық агенттіктердің деректеріне сәйкес ХХІ ғасырда әлемде жылына 6 мыңнан астам фильм шығарылады. И. Седыхтың зерттеуінде кино өндіруші барлық елдерді қалыптасқан тәжірибеге сәйкес шығарылатын кинокартиналардың саны бойынша 4 негізгі топқа бөліп көрсетуге болады. Мұнда жылына 500-ден астам фильмдер шығаратын елдер мен жылына 100-ге дейін фильмдер өндіретін елдер топтамасы қарастырылған (5-кесте).

Әлемдік дәрежеде кино индустриясындағы ең дамыған, кинофильмдердің ірі экспортері болып табылатын ел – АҚШ. Ол кино индустриясын қалыптастыру және дамытудағы үздік тәжірибені көрсетіп отырған держава. Бүгінгі таңда америкалық құндылықтар кино арқылы бүкіл әлемге таралып, өмір салты мен мәдени кеңістіктегі бұқаралық мәдениетті қалыптастыруда. Одан басқа Қытай, Жапония, Франция, Ұлыбритания, Үндістан сияқты мемлекеттерде кино индустриясы мәдениеттің де, табысты экономиканың да көрсеткіші болып отыр.

Кесте 5 – Жыл сайын шығарылатын кино санына қарай елдердің топтамасы

Топ	Сипаттамасы	Елдер
А тобы	жылына 500-ден аса фильм өндіретін елдер	АҚШ, Қытай, Үндістан, Жапония
В тобы	жылына 200-ден 500-ге дейін фильм өндіретін елдер	Франция, Ұлыбритания, Германия, Испания
С тобы	жылына 100-ден 200-ге дейінгі фильм өндіретін елдер	Латын Америка елдері (Бразилия, Аргентина және басқалар)
Д тобы	жылына 100-ге дейін фильм өндіретін елдер	Ресей, Түркия, Қазақстан, өзге де елдер
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [70]		

Сонымен бірге, киноиндустрия саласының елдің мәдени дамуына ықпал етуі мынадай бағыттардан байқалады:

- ұлттық өнер туындылары ретінде ұлттық кино өнімдерін жасау, тарату;
- отандық кино жасауда әртүрлі жастағы, әлеуметтік топтағы адамдардың қажеттіліктерін ескеру (мәселен, балаларға арналған фильмдер, отбасылық фильмдер, танымдық фильмдер);
- жалпыұлттық көзқарасты, дүниетанымды қалыптастыру;
- халықаралық деңгейде отандық киноиндустрияның үздік жетістіктерін таныту;
- сапалы кинотуындыларды өндіру үшін материалдық-техникалық құралдарды жаңғырту;
- отандық киноөнімдеріне халықтың қолжетімдігін қамтамасыз ету;
- отандық киноиндустрия саласының халыққа пайдалы болуы және басқалар.

Жоғарыда аталған бағыттардың барлығы әрбір мемлекет үшін маңызды. Қазақстан үшін де ұлттық киноиндустрияны дамытып, әлемдік аренадан елеулі орын алу стратегиялық міндеттердің бірі болып қала бермек. Бұл міндетті орындауда отандық кинематографистер мен әртістер халықаралық дәрежеде мойындалып, елдің мәдени дамуына барынша үлес қосуда. Мәселен, Самал Еслямованың Канн кинофестивалінде гран-при жеңіп алуы, Эмир Байгазиннің Венециан фестивалінде «үздік режиссура» премиясын алуы, сонымен қоса, каскадерлік «Оскар» саналатын «Таурус» премиясын қазақстандық каскадерлердің тобының алуы сияқты мысалдар бар. Бұдан бөлек, көптеген қазақстандық фильмдердің халықаралық жарыстар мен фестивальдерде жүлделі орын алулары отандық киноиндустрияның үздік жетістіктерін көрсете отырып, әлемдік деңгейде салмақты орнын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мәдени қажеттіліктерді қанағаттандыруда кино саласындағы қызмет басқа мәдениет түрлеріне қарағанда халық үшін тартымды деуге болады.

Киноиндустрия саласы азаматтарға жоғары сапалы көркемдік туындылар ұсына отырып, олардың мәдени деңгейі мен эстетикалық қабылдауын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Кино – бейнелеу өнері, әдебиет, театр, музыка сияқты өнер түрлерінің синтезі. Мәселен, ол әдебиеттен оқиғаны баяндау, сипаттау, суреттеу, сондай-ақ кейіпкерлердің образын аша білу сияқты шығарманың композициялық тәсілдерін алған. Өнердің синтетикалық күрделі түрі ретінде кино кинотеатрға, телевидениеге немесе Интернетке арнап көркемдік, деректі фильмдер форматында бейнеконтент жасайды. Бүгінгі күні коммуникацияның заманауи әмбебап түрі болып табылады [71]. Осылайша, киноның дамуы өнердің басқа түрлерін де дамытуға ықпал етеді.

Кинематография күрделі, синтездік сала ретінде өз қызметінде мынадай қағидаттарға негізделеді: сценарийлік; фотографиялық; көркемдік, эстетикалық; образдық (қозғалыстық); ракурстық; монтаждық, редакторлық; сюжеттік; мағыналық, мазмұндық; аудиторияны (көрерменді) ескеру қағидаты.

Бұл қағидаттарды ұстану ұтымды мәдени өнімді шығаруға – көркемдік кино өндірісін дамытуға мүмкіндік береді.

Мәдени әралуандық тұрғысынан қарастыратын болсақ, қоғамда мәдениетті бұқаралық және элиталық мәдениет деп екіге бөледі. Әртүрлі әлеуметтік топтар мен қалың бұқараға арналған ойын-сауық фильмдер бұқаралық мәдениеттің өнімдері болып табылады. Бұндай фильмдер көпшілік арасында кеңінен таралып, қоғамдық маңызы бар мәселелермен бірге, тұрмыстық тақырыптарды да қозғайды. Ал элиталық мәдениет тұрғысынан кино интеллектуалды, рухани жағынан дамыған белгілі бір әлеуметтік топтарға арналған, мағыналық мәні бар, құндылықтық бағдар болып табылатын өнер туындысы деуге болады. Әдетте байсалды, салмақты кино негізінен ересектерге бағытталған. Қазіргі таңда кино жасау үрдісінде бұқаралық және элиталық мәдениетті синтездеу үрдісі байқалады [69, с. 566].

Кино әлеуметтік және коммуникативтік құрал ретінде көпшіліктің құндылықтар жүйесіне әсер етуге маңызды рөл атқарады. Кино қоғамдық сананың барлық салаларын қамтуға қабілетті. Ол адамдардың көңіл-күйіне әсер етеді, жаңа идеялар әкеледі, білімді нығайтады, өткенге көз жүгіртуге, бүгінгі күнді жақсы түсінуге және болашақты елестетуге мүмкіндік береді. Әрине, фильмдер адамдарға толыққанды білім мен ақыл қоса алмайды, алайда көптеген эмоциялар мен пайдалы ақпарат бере алады. Кейде адамдардың өмірі шырғалаң, көңілсіз және біртекті болған жағдайда жақсы фильм шынайы эстетикалық ләззат бере отырып, оны жарқын әрі толыққанды ете алады. Кино қоғамның әлеуметтік жүйесінің элементі ретінде рухани саланың әлеуметтік институты болып, ал оның мақсаты көрерменге көркемдік-эстетикалық құралдар арқылы әсер ету болып табылады [69, с. 567].

Киноиндустрия – әртараптандырылған сала, оның алуан түрлі аспектілері қоғамдағы жаңғыру процестеріне сәйкес дамып отырады. Мәселен, бұрынғы уақытта киноөнімді пленкаға түсірген болса, қазір ақпараттық технологиялардың дамуымен саланың цифрландырылуы жүзеге асуда.

Киноиндустрия әлемде әйгілі әлеуметтік үрдіске айналуда. Оның өнердің бір түрі ғана емес, әлеуметтік-экономикалық және мәдени сектор ретінде де дамуы байқалады. Қоғам күн сайын кино өнімдерін ойын-сауық ретінде көбірек тұтынууда. Оның әлеуеті жан-жақты және алуан түрлі.


Мәдениетсіз қоғамның тұрақты дамуы мүмкін емес. Қазіргі кезеңде бүкіл әлемде тұрақты дамудың 17 мақсаты негізге алынатыны белгілі (3-сурет) [72]. Бұл мақсаттардың көпшілігі мәдени құрамдас бөліктермен үйлесетінін атап өтуге болады, соның ішінде: сапалы білім беру, қалалардың тұрақты дамуы, экономикалық өсу, гендерлік теңдік.



Сурет 3 – Тұрақты дамудың 17-мақсаты

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [72]

Әртүрлі аспектілерді қамти келе, мәдениет тұрақты дамудың қажетті шарты мен қозғаушы күші болып табылады [73] (4-сурет).



Сурет 4 – Мәдени даму мен тұрақты дамудың байланысы

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Мәдени дамудың маңызды бағыттарының бірі ретінде киноиндустрия саласы бірқатар тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал ете алады (5-сурет). Киноиндустрия тұрақты дамудың барлық – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерін іске асыруда өз үлесін қосуда [74].

«Сапалы білім беру» мақсаты
Киноиндустрия саласында білікті мамандарды даярлайтын шығармашылық оқу орындары сапалы білім беруде, адами капиталды қалыптастыруда өз үлесін қосады.
«Гендерлік теңдік» мақсаты
Киноөндіріс процесінде әйел режиссерлердің, операторлардың, продюсерлердің, актрисалардың, өзге де авторлық-шығармашылық құрамдағы әйелдердің үлесі саладағы гендерлік теңдікті қамтамасыз етеді.
«Жауапкершілікті тұтыну және өндіріс» мақсаты
Әлемде киноөндіріс барысын экологиялық жағынан жауапты іске асыру тәжірибесі бар. Қуат көзін үнемдеу, тасталатын қоқыс деңгейін қысқарту, қағазды басып шығаруды азайту, пластикалық бөтелкелерден бас тарту және басқа да экологиялық менеджмент элементтері кино түсіру барысында қолданылады.
«Лайықты жұмыс пен экономикалық өсім» мақсаты
Киноиндустрия саласы шағын және орта бизнесті дамытуға едәуір ықпал ететін сала. Кино көрсетілімді жүзеге асыратын ұйымдар, компаниялар халықты жұмыспен қамтып, табысты қызметті жүзеге асырады.
«Теңсіздікті төмендету» мақсаты
Теңсіздік мәселесі қазіргі заманғы кинода жиі көрсетілетін тақырыптардың бірі. Бұл мәселені кинода көтеру арқылы авторлар әлеуметтік теңсіздік мәселесінің өзектілігін көрсетуге тырысады. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың киноөндіріске қатысу тәжірибелері қолға алынған.
«Тұрақты қалалар мен елді-мекендер» мақсаты
Әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде қала киноөнердің маңызды аспектісіне айналды. Кино индустриясының өзі қалада пайда болып, дамығанын ескеретін болсақ, қалалардың, әсіресе ірі мегаполистердің кинодағы репрезентациясы, сол арқылы кино туризмін дамыту мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

Сурет 5 – Тұрақты даму мақсаттарын орындаудағы киноиндустрияның рөлі

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Қоршаған орта мен ресурстарды сақтай отырып, қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған тұрақты даму үрдісі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілердің тұтастығын көздейді. Бұл ретте, киноиндустрия саласы аталған үш аспекті бойынша өзінің тікелей немесе жанама үлесін қосып келеді.

Бұл аспектілерге айрықша мән бере отырып, кино жасау тұжырымдамасын «тұрақты киноөндіріс» деп атайды. Бұл тұжырымдама фильмді түсіру барысында барлық деңгейде және кезеңдерде әлеуметтік және экологиялық жауапты шешімдер қабылдауды көздейді [75].

Мұндай үрдіс киноиндустрия саласының әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға, салаға деген инвестициялық тартымдылықты күшейтуге ықпал етеді.

Киноиндустрия саласы мемлекетке кино көрсетуді жүзеге асыру, шетелдік халықаралық кинофестивальдерге қатысу арқылы табыс пен мәртебе ғана алып келмейді, оның әлеуметтік-мәдени әсері де жоғары.

Мәдениет саласындағы процестердің, соның ішінде құндылықтық бағыттарды қалыптастырудың, отандық мәдениет өнімдерінің әлеуметтік тиімділігі көп талқыланбаған тақырыптардың бірі. Бұл ретте, мәдени дамуға айрықша үлес қосып жүрген сала ретінде киноиндустрия қызметінің әлеуметтік тиімділігі, ұлттық киноиндустрия саласындағы мемлекеттік шешімдердің, отандық киноны өндірудің, оны халыққа ұсынудың әлеуметтік әсері сияқты мәселелер қазіргі заманда маңызды бағыттардың бірі. Бұл орайда, әлеуметтік аудит әдісі киноиндустрия саласының әлеуметтік тиімділігін, қоғамдық маңызын айқындауда қолдануға болатын құрал болып табылады. Әлеуметтік тиімділік саланың әлеуметтік және қоғамдық сипаттағы мақсаттарына қол жеткізуді көздейді.

Осылайша, кино саласы ұлттық мәдениет пен өнердің маңызды бөлігі болып табылады. Отандық мәдениет өнімі ретінде кино туындыларын жасап, тарататын киноиндустрия саласы елдің мәдени-әлеуметтік және экономикалық дамуына да әсер етеді. Ал бұлардың бәрі тұтастай алғанда қоғамның тұрақты дамуын қалыптастырады. Мәдени, шығармашылық, ағартушылық, тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, идеологиялық сияқты қызметтерді жүзеге асыра отырып, киноиндустрия саласы азаматтардың, жалпы елдің мәдени деңгейін арттыруға ықпал етеді. Киноиндустрияның қызмет етуі ғана емес, қоғамға әсері де оның дамуындағы басты әлеуметтік-мәдени фактор болып табылады.

1.3 Әлеуметтік аудит – киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени қызметін бағалау құралы ретінде

Киноиндустрия – мемлекеттің әлеуметтік-мәдени қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Оның қоғамға әсері барлық кезеңде де өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Мемлекеттің басымдықтарының қатарында қоғамдастықтың басқару үрдісіне қатысу қажеттігі бар екені белгілі. Бұл ретте, киноиндустрия саласындағы басқаруға, мемлекеттік шешімдерге азаматтардың ден қоюы қазіргі кезеңде өзекті бағыт болып саналады.

Кино өнімдерін тұтынушылар ретінде азаматтардың киноиндустрия саласындағы процестерге қызығушылық танытуы мен қатысуы Good governance-тің кері байланыс, мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу сияқты қағидалары тұрғысынан орынды және отандық киноиндустрияны дамытудың қажетті шарты болып табылады.

«Халық үніне құлақ асатын» мемлекет контексінде азаматтық белсенділікті, олардың мүддесіне бағдарлануды қамтамасыз ететін өзекті тәсіл, жаңа әлеуметтік технология ретінде әлеуметтік аудит тұжырымын қолдануға болады.

Әлеуметтік аудит – белгілі бір қызметті жүзеге асырудың әлеуметтік тиімділігін, қоғамдық пайдасын айқындауда қолданылатын құрал. Әлеуметтік аудит кез келген саланың, ұйымның, өңірдің әлеуметтік-маңызды істерді атқарудағы жетістіктері мен кемшіліктерін айқындауға көмектеседі. Тәжірибеде қалыптасқан аудит қаржылық сипаттағы жағдайды тексеруді көздесе, ал әлеуметтік аудит қоғам үшін маңызды болған әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Қазіргі таңда бүкіл әлемде тұрақты дамудың негізгі тірегі ретінде экология, әлеуметтік саясат және басқару (ESG) қағидаларын негізге алу басты үрдіске айналды. Басқару жүйесінде ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігі – өзекті бағыттардың бірі. Әлеуметтік мәселелер – қоғамның тұрақты дамуындағы негізгі құрамдас бөлігі. Әрбір саланың әлеуметтік аспектісі адами қарым-қатынастардың жақсаруын, жауапкершілікті арттыруды, адамдарға пайдалы болуды көздейді. Киноиндустрия саласында кино өндірушілердің табыс табу мен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілік арасында теңгерімдікті таба білуі маңызды. Азаматтардың жауапкершілігі тұрғысынан мәселені шешудің бір жолы – барлық мүдделі тараптардың беделі мен қабылдауын жақсартуға көмектесетін әлеуметтік аудитті қолдану.

Қазіргі уақытта әлеуметтік аудит қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғаламдық құбылыстардың бірі болып табылады. Ол әлеуметтік консенсусқа қол жеткізуге мүдделі тараптардың ерікті диалогы негізінде жүзеге асырылады. Оның мәні шаруашылық жүргізуші субъектілерде, аймақта туындайтын проблемаларды диагностикалауда, маңыздылығын бағалауда және шешудің негізгі бағыттарын анықтауда, мүдделі тараптар үшін ұсыныстар әзірлеуде жатыр [76].

Әлеуметтік аудит – әлеуметтік-мәдени қатынастарды талдау технологиясы. Әлеуметтік аудит жүргізудің себептері адам капиталы рөлінің артуы, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, саладағы ашықтық пен айқындықтың маңыздылығы, қаржылық емес ресурстарды басқару және бәсекеге қабілеттілік болып табылады. Ұйымдардың қаржылық емес есеп беру тәжірибесі бүкіл әлемге таралуда және әлеуметтік есеп беру қаржылық есеп сияқты маңызды болып келеді [77-79].

Зерттеушілер «әлеуметтік аудит» ұғымын алғаш рет ХХ ғасырдың 40-жылдарында Стэнфорд бизнес мектебінің профессоры Крепс қолданғанын атап өтеді. 1953 жылы Боуэн өзінің кітаптарының бірінде әлеуметтік аудитке он шақты бет арнады. Әлеуметтік аудит концепциясының қалыптасуының негіздері Умблдың (Хумбл) «Әлеуметтік аудит өмір сүруді басқару қызметінде» атты еңбегінде кездеседі [80]. Жалпы, әртүрлі салалар мен кәсіпорындардағы әлеуметтік аудит туралы бірқатар ғылыми еңбектер мен ой-пікірлер жазылған.

Әлеуметтік аудиттің теориялық және әдіснамалық негіздерін зерделеу тұрғысынан Stakeholder theory, яғни мүдделі тараптар теориясына назар аударылады [81]. Бұл тұжырымдаманың айрықша ерекшелігі оның менеджмент салаларының кең спектріне қолданылуында: бизнесте, стратегиялық менеджментте, қаржыда, маркетингте және басқа да ғылымдарда. Киноиндустрияны зерттеуде мүдделі тараптар теориясын шартты түрде қолдануға болады. Өйткені, фильмдердің сапасы мен тартымдылығын арттыру, әлемдік кино нарығына шығу, кино арқылы елдің оң имиджін қалыптастыру сияқты күрделі мәселелер барлық мүдделі тараптардың жіті назарын талап етеді. Мүдделі тараптар теориясы ұйымның немесе саланың қызметіне әртүрлі мүдделі топтардың әсерін талдайды. Әсер күшті немесе әлсіз, тікелей немесе жанама, оң немесе теріс болуы ықтимал. Сондықтан киноиндустрия саласындағы кино түсірушілер гильдиялары, прокатшылар, көрермендер, мемлекет сияқты барлық субъектілердің мүдделерін ескеру саланы дамытудың негізгі тетігі болып табылады.

Әлеуметтік аудит тақырыбы мемлекеттік басқару, экономика, бизнес, әлеуметтану сияқты ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Бұл дегеніміз әдіснамалық бағытқа сәйкес зерттеу объектісі әртүрлі қырынан қарастырылады. Алайда барлық әдістерге тән ортақ бірыңғай критерийлер мен элементтер сақталады.

Әлеуметтік аудитке қоғамдық ғылымдарда, сонымен қоса, әлеуметтік тәжірибеде айрықша мән беріліп жүр. Салыстырмалы түрде жас құбылыс болғандықтан, жалпыға ортақ бірыңғай анықтамасы жоқ [80, с. 91]. Кең мағынада әлеуметтік аудит мемлекеттің функцияларын жүзеге асыруды қоғамның бақылауын білдіреді. Сонымен қатар, ресейлік ғалымдар әлеуметтік аудитті стратегиялық менеджментпен байланыстыра отырып, оны реттеу, адам ресурстарын басқару құралы ретінде кеңірек қарастырылатынын атап өтеді [82]. Әлеуметтік аудит бүкіл әлемде классикалық (қаржылық) аудит жүйесіндегі қондырма ретінде көрінеді [83]. Бұдан өзге де ғылыми еңбектерде кездесетін анықтамаларды қарастырайық (6-кесте).

Кесте 6 – Әлеуметтік аудитке берілген анықтамалар

Авторлар	Ұғымға түсініктеме
1	2
Шулус А., Попов Н.	Әлеуметтік аудит – ұйымның әлеуметтік бағдарламаларының тиімділігін талдау және олардың таңдалған стандарттарға сәйкестігін тексеру
Толчинская М.Н.	Әлеуметтік аудит – ұйымның әлеуметтік және жауапкершілік іс-әрекетіне диагностика жүргізу рәсімі

6-кестенің жалғасы

1	2
Ковалева Н.Н, Дворецкая Ю.А.	Әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру кезінде қызметкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді кәсіпкерлік субъектісінің сақтауын тәуелсіз бағалау және әлеуметтік-еңбек қатынастарын қамтамасыз ету саласында ұсынымдар дайындау
Candau P.	Әлеуметтік аудит – ең алдымен, персоналды пайдалану саласында күшті жақтары мен проблемаларды анықтауға мүмкіндік беретін әдістемелер мен қолданбалы әдістерге негізделген қызмет бойынша мониторинг, талдау, бағалау және ұсыныстар беруден тұратын тәуелсіз қызмет
Турекулова Д.М., Бейсенғалиев Б.Т., Сырлыбаева Н.Ш., Жуманова Б.К., Таспеннова Г.А., Токарева Е.Г., Абдулина Г.А.	Әлеуметтік аудит – әлеуметтік тәуекел факторларын анықтау және олардың әсерін азайту бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында ұйымның әлеуметтік саласының жағдайын талдаудың, қайта қараудың (ревизияның) нақты нысаны
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [80, с. 91; 84-88]	

Әлеуметтік аудиттің объектілері ретінде қандай да бір сала, ұйым, өңір, олардың белгілі бір қызметі немесе мемлекеттік, әлеуметтік бағдарламалар, талдамалық есептер сияқты құжаттардың түрлері де болуы мүмкін. Ал пәндік аясы саладағы немесе ұйымдағы әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастар, басқару жүйесінің әлеуметтік тиімділігі, қызмет нәтижесінің бағалануы, ішкі атмосфера, сыртқы әсерлер және өзге де элементтер бола алады.

Әлеуметтік аудитті әлеуметтік-экономикалық және мәдени, этикалық көрсеткіштерді өлшеудің, түсінудің, есеп берудің және нәтижесінде жақсартудың тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік аудит жалпы басқару процесіне әсер етеді. Ол ішкі және сыртқы әсерлерді айқындау мақсатында барлық мүдделі тараптардың ой-пікірін білуге, рефлексия жасауға мүмкіндік тудырады. Әлеуметтік аудит басқаруды жетілдіру, әсіресе мемлекеттік және жергілікті органдарда, ұлттық компанияларда және басқа да ұйымдарда ашықтық пен транспаренттілікті арттыру мақсатында жүзеге асырылады [89].

Бүгінгі таңда good governance (тиімді басқару) тұжырымдамасы аясында мемлекеттің халықпен, бизнеспен, азаматтық қоғам институттарымен және жұртшылықпен тиімді өзара әрекеттестігіне ерекше мән берілуде.

Әлеуметтік аудиттің маңызды мақсаттарының бірі қоғам алдында жағымды имиджді, тартымды «лейблді» қалыптастыру болып табылады [90].

Бұл ретте, әлеуметтік аудитті дұрыс түсіндірген жөн. Бұл қаржылық аудиттің бір түрі емес, бөлек әдіснамалық технология деп атауға келеді. Егер

қаржылық аудит кезінде негізгі мәселе қаржылық есеп, оны тәуелсіз аудиторлардың тексеруі болса, ал әлеуметтік аудиттің тұжырымдамасы кеңірек сипатқа ие. Ол барлық мүдделі тараптарды ескеруге тырысады, алдағы уақытта жақсару үшін жұмыстың әлеуметтік тиімділігін көздейді (7-кесте).

Кесте 7 – Әлеуметтік аудит пен қаржылық аудиттің айырмашылығы

Критерий	Қаржылық аудит	Әлеуметтік аудит
Қолданушылар	Жекеменшік, компания басшылары, ұйымдар	Бизнес, кәсіподақтар, билік органдары, қоғамдастық
Зерттеу объектісі	Қаржылық қатынастар	Әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастар
Есеп беру нысаны	Заңнамаға сәйкес белгіленген нысандар	Заңды нысандар жоқ, әртүрлі компанияларда нұсқалар болуы мүмкін
Ұсыну жиілігі	Заңнамаға сәйкес жыл сайын міндетті түрде	Қолданушылардың шешіміне қарай
Бақыланатын уақыт кезеңі	Өткен жыл	Өткен, қазіргі және келешектегі кезең
Реттеу	Заңдар	Реттеу негізі жоқ
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [80, с. 471]		

Әлеуметтік аудит – бұл ұйымның әлеуметтік мақсаттарына қол жеткізуімен байланысты қызметінің тиімділігін тәуелсіз бағалау. Бұл сонымен қатар ұйымның әлеуметтік жауапкершілігінің құралы. Басқаша айтқанда, әлеуметтік аудит кез келген ұйымның, саланың, өңірдің жұмысын оның әлеуметтік маңыздылығы тұрғысынан терең талдау және бағалау деп анықтауға болады [91].

Әлеуметтік аудиттің мынадай классификациясы ұсынылады:

– сипаттамасы бойынша: елде, салада, өңірде, ұйымда (мекемеде) өткізілетін әлеуметтік аудит;

– рөлі бойынша: ішкі және сыртқы;

– кезең бойынша: қазіргі, жылдамдатылған, перспективалық;

– мазмұны бойынша: тақырыптық (салалық), жергілікті, толық [80, с. 45].

Осылайша, жоғарыда көрсетілген жіктеуді нақтылай келе, әлеуметтік аудитті қолдануды мынадай мақсаттарда топтастыруға болады:

– әлеуметтік сипаттағы қызметтің нәтижесін көрсетуде;

– адами ресурстарды басқаруда;

– әлеуметтік қатынастарды басқаруда;

– ішкі және сыртқы ортаны бағалауда.

Демек, әлеуметтік аудит кешенді сипатқа ие болғандықтан тексеруді түрлі қызмет аясында жүзеге асыруға болады.

Әлеуметтік аудитті жоғарыда аталған мақсаттарда дұрыс жүргізу мынадай әсер береді (6-сурет):

- ұйымның имиджін, беделін арттырады;
- қызметкерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, кадрлардың тұрақтамауын төмендетеді;
- ұйымның көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді;
- тұтынушылардың адал қарым-қатынасын қамтамасыз етеді [91, с. 232].



Сурет 6 – Әлеуметтік аудиттің әсерлері

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Әлеуметтік аудит шетелдік тәжірибеден келген әлеуметтік технологиялардың бірі ретінде қарастырылады. Америкада, Еуропада мемлекет пен бизнес, қызметкерлер арасында қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды талдаудан, әлеуметтік есеп беруден шыққан тәжірибе. АҚШ-та әлеуметтік аудит 1940 жылдардан бастап қолданыла бастаған. Бұл үрдіс компаниялар мен ұйымдардың персоналды басқару, үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттестік орнату, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру, әлеуметтік есеп беру сияқты әлеуметтік көрсеткіштерді бағалаумен байланысты болды. Әлеуметтік жауапты корпоративтік іс-қимылдың бизнестің тиімді көрсеткіштеріне қалай әсер ететіні басты назарға алынады.

Шетелдегі әлеуметтік аудиттің дамуына бастау берген елдердің қатарынан Франция мен Германияны да атап өтуге болады. Мәселен, Францияда халықаралық әлеуметтік аудит институты құрылған, тәуелсіз аудиторлар жүйесі қалыптасқан. Германияда әлеуметтік аудит әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады [91, с. 234].

Аудит әдісі тек қаржылық салада ғана емес, өндіріс барысында да адами факторлардың артуына байланысты өзге де салаларда өзекті болып келеді. Әдетте аудитті сәйкестілік, тиімділік және стратегиялық мақсаттарға байланысты жіктейтін болса, әлеуметтік аудитті де осындай көзқарасты ұстана отырып, қолдануға болады. Мәселен, сәйкестілік аудиті киноиндустрия саласында сарапшылар тарапынан кино нарығындағы өнімдердің киноөндіріс нормаларына, ережелеріне сәйкестігін бағалайды. Ұйым ішінде жүргізілген аудит болса, салада басшылыққа алынатын нормалар мен компанияның ережелеріне қызметкерлердің жұмыстарының сәйкестігі тексеріледі. Тиімділік аудиті мақсатқа жету барысындағы жұмсалған ресурстардың, қаражаттың тиімділігін бағалайды. Мәселен, ұлттық киноны өндіруге жұмсалған

мемлекеттік қаражаттың игерілуін, нәтижелілігін айқындауға негізделу. Мұндағы басты назар аударатын мәселелер – тиімділік, үнемдеу, өнімділік және нәтижелілік. Киноиндустрия саласындағы стратегиялық аудит саланың басты мақсатына қол жеткізу нәтижесі, идеологиялық қызметінің орындалуы сияқты ірі мақсаттардың орындалуын көздейді.

Әлеуметтік аудит аясындағы зерттеудің пәні азаматтардың ақпараты болып табылады. Бағалау мен адами фактордың маңыздылығы әлеуметтік аудиттің мәні болып табылады [86, р. 452]. Киноиндустрия саласында мұндай ақпарат – адамдардың қалауы, талғамы, қабылдауы. Адамдар – ол көрермендер, мүдделі тараптар.

Қазіргі уақытта киноиндустрия әлеуметтік-мәдени және экономикалық қатынастардың диагностикасын қажет етеді. Good governance тұжырымдамасы негізіндегі қоғамдық және конструктивті диалог осы саланы да қамтуы тиіс. Мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды болып табылатын «тұтынушыға назар аудару» қағидаты жұмыс істеуі керек.

Киноиндустрияның әлеуметтік аудиті сала қызметінің қоғамға әсерін тексеру болып табылады [92]. Әрбір елдің киноиндустриясын әлеуметтік диагностика призмасы арқылы зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақстан үшін әлеуметтік аудит енді ғана қалыптасып келе жатқан тәжірибе болып табылады. Бұл ретте, киноиндустрия саласында ғана емес, өзге салаларда да бұрын әлеуметтік аудит іс жүзінде жүргізілмеген. Кино саласына қатысты әлеуметтік аудиттің іргелі зерттеулері, бірыңғай әдіснамасы болмағанымен, киноиндустрияға деген мемлекеттік басқару призмасы арқылы және әлеуметтік-экономикалық көзқарастар зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Осылайша, әлеуметтік аудитке ғалымдар берген анықтамалар мен әртүрлі көзқарастарды саралай келе, киноиндустрияның әлеуметтік аудитіне мынадай авторлық анықтама береміз:


«Киноиндустрия саласында жүргізілетін әлеуметтік аудит – саладағы субъектілердің әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге бағытталған қызметін, сондай-ақ киноиндустрия өнімдерінің пайдалылығын сарапшылық және қоғамдық пікір негізінде бағалау процесі».

Демек, киноиндустрия саласының қоғамға пайдалы болуын арттыру үшін ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрермендердің пікірін ескере отырып, саланың әлеуметтік маңызды қызметін жүйелі зерделеу және бағалауға бағытталған процесті көздейді.

Киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени қызметі деп халықтың мәдени, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кино өнімдерін жасау, оларды сақтау, тарату сияқты қызметтердің жиынтығын айтамыз. Бұл қызмет өз кезегінде киноиндустрияның ағартушылық, эстетикалық, тәрбиелік, білім беру сияқты қызметтерін қамтиды. Адамдардың бос уақытын ұйымдастыруға, олардың тақырыптық, жанрлық қызығушылықтарын айқындауға бағытталған жұмысты көздейді.

Киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени қызметінің нәтижесінде туындайтын кино өнімдерінің қоғамдық пайдасы социум үшін маңызды. Фильмдердің қоғамдық пайдасы деп өнімнің нәтижелі, өнімді болуы, яғни көрерменге жағымды әсер беруі, белгілі бір тақырып немесе әлеуметтік мәселе туралы ой салуы, жағымды пікірге қарай бұрмалауы, жаманнан алшақтатуы сияқты мәселелердің кешені деп түсінеміз.

Елдің мәдени дамуында елеулі рөл атқаратын киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени қызметінің дамуында сапалы мәдени мұра ретінде киноөнімдер шығарылады. Оның халыққа қолжетімдігі мен әлеуметтік маңызы өзектілікке ие болады. Бұл мәселелерді әлеуметтік аудит арқылы айқындаудың үлгісі келесі схемада ұсынылады (7-сурет).



Сурет 7 – Киноиндустрия саласының әлеуметтік-мәдени қызметіне әлеуметтік аудитті қолдану үлгісі

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Әлеуметтік аудит әдетте сандық және сапалық критерийлерді қарастырады. Сандық критерийлер нәтижені нақты сандық көрсеткішпен өлшейтін индикаторлар болса, сапалық критерийлер мазмұндық, терең сипаттағы мәліметтер. Сонымен қоса, негізгі және саланың айрықша белгілеріне байланысты ерекше критерийлердің болуы көзделген (8-сурет).



Сурет 8 – Әлеуметтік аудит критерийлерінің топтамасы

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудитке бұл критерийлерді бейімдеуге болады. Киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени қызметінде отандық фильмдердің қоғамдық пайдасы маңызды болып табылады. Осыған байланысты, әлеуметтік аудиттің басты критерийлерінің бірі ретінде – өзектілікті, әлеуметтік және экономикалық маңыздылықты атап өткен жөн.

Критерий дегеніміз – талдау, бақылау, салыстыру, нәтиже шығару үшін қажетті негіз. Ол саланың, ұйымның немесе өндірістің экономикалық және әлеуметтік тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Критерийлерді айқындау теориялық және практикалық қызмет үшін де маңызды болып табылады.

Киноиндустрия саласының әлеуметтік тиімділігін айқындауда мынадай жалпы негізгі критерийлерді басшылыққа алуға болады:

- саладағы мамандардың жұмыспен қамтылу деңгейі;
- саладағы жұмыссыздық деңгейі;
- жұмыс орындарында қауіпсіздік шараларының сақталуы;
- ынталандыру және марапаттау шараларының болуы;
- әдеп нормаларының ұстануы;
- инфрақұрылымдық, технологиялық жабдықталу дәрежесі және басқалар.

Саланың өзіндік ерекшелігіне байланысты арнайы, нақты критерийлер мыналар:

- өндірілген отандық фильмдердің сапасы;
- мемлекеттік қаражатқа түсірілген фильмдердің саны;
- отандық фильмдердің қазақстандық кинопрокаттағы үлесі;
- жаңа ұлттық фильмдерді көру саны;
- 1000 адам басына шаққандағы өңірлердегі кинотеатрлардың саны;
- әлеуметтік маңызы бар фильмдердің өндірілуі;
- отандық фильмдердің халықаралық кинофестивальдерге қатысуы;
- отандық фильмдердің жүлделі орын алулары;
- өндірілген фильмдердің идеологиялық маңызы және басқалар.

Бұл критерийлерді ескере отырып, кино саласындағы ұйымдардың ішкі атмосферасы (компаниялардың қызметкерлері арасындағы әлеуметтік

қатынастар; қоғамдық ұйымдар арасындағы кәсіби, әлеуметтік ынтымақтастық) және сыртқы әсерлерді (әлеуметтік-экономикалық, сыртқы саяси жағдайлардың әсерін) бағалауға болады.

Сонымен қоса, киноөнімді тұтынушы ретінде көрермендердің бағасы, ой-пікірі, көзқарасы, қалаулары маңызды.

Осылайша, киноиндустрия саласында жүргізілетін әлеуметтік аудитте ішкі және сыртқы әсер бойынша жағдайды айқындау орынды. Қазақстанда киноиндустрия саласында мемлекеттік қаражатқа түсірілген фильмдерді сапа, мазмұн, көркемдік, әсемдік, шынайылық тұрғысынан бағалау халықтың еншісінде. Бұл да компаниялар мен ұйымдар үшін сыртқы әсер. Ішкі әсер ұйымның жұмысындағы қызметкерлердің әлеуметтік қарым-қатынастарына, қолайлы атмосфераға, ұйымдастырушылық жағдайға байланысты. Ішкі персоналды қанағаттандыру – ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігіндегі басты элементтердің бірі.

Әлеуметтік аудиттің негізгі бағыттарының бірі – *әлеуметтік жауапкершілік*. Киноиндустрияда бұл элемент мынадай бағыттарды көздейді: компанияның қызметкерлері алдындағы жауапкершілік; кино жасаушылардың қоғам алдындағы жауапкершілігі; кино жасаушылардың шығармашылық, әкімшілік топ алдындағы жауапкершілігі.

Қазақстанда кинобизнесінің әлеуметтік жауапкершілігінің әртүрлі нысандағы элементтері бар. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі жандарды кино өндірісіне тарту тәжірибесі. Кинотеатрлар желісі мүмкіндігі шектеулі көрермендердің жайлы уақыт өткізуіне жағдай жасайды. Сондай-ақ балаларға, зейнеткерлерге, студенттерге түрлі жеңілдіктер қарастырылған. «Қазақфильмде», Ұлттық киноны қолдау орталығында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеудің алдын-алуға бағытталған комплаенс-қызметтері жұмыс істейді. Өз кезегінде мемлекет ұлттық фильмдерді прокатқа шығарған жағдайда ұлттық фильмдердің құқық иелеріне КТС-тен босатуды (пайданың 20% мөлшерінде) береді. Бұл шара отандық ұлттық киноның кассадағы артықшылығын қамтамасыз ету үшін қолға алынды.

Әлеуметтік және моральдық жауапкершілік шығармашылық және конструктивті қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әлеуметтік жауапкершілікті айқындау – әлеуметтік аудиттің басты элементтерінің бірі.


Әлеуметке бағытталған қызметтің негізі – әлеуметтік жауапкершілікке негізделген міндеттер. Ол әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуді көздейді.

Жалпы, әлеуметтік жауапкершіліктің элементтері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- демеушілік, көмек көрсету, қайырымдылық;
- қауіпсіздік, денсаулық сақтау;
- тәртіп, заңға бағыну;
- адалдық, әдептілік;
- жалпы адамгершіліктік құндылықтар;
- қолжетімділік;

- қоршаған ортаны таза ұстау.

Жоғарыда көрсетілген элементтерді қарастыра келе, оларды мынадай бағыттар бойынша топтастырып көрсетуге болады (9-сурет).



Сурет 9 – Әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі элементтері

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Кино жасаушы мамандардың әлеуметтік-экономикалық қатынастардың субъектілері ретінде рентабельділік пен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті табуға ұмтылуы маңызды. Әлеуметтік топ ретінде кинематографистер қоғам алдында аудиторияның сұранысы мен мүддесіне сай кез келген жанрдағы сапалы өнімді қалыптастыруға міндетті.

Қазіргі заманғы кинематограф картиналарының пайдалылығын түсіндірудің қоғамда алатын орны бар. Кино білім беру, тәрбиелік және идеологиялық сипаттағы хабарларды жеткізуі керектігін ұмытпауы тиіс. Киноны жасаушылар алдына тек қаржылық мақсатты – кассалық жинақты қоймауы керек. Рухани және адамгершілік жетістіктер де маңызды. Бұл салаға шоу-бизнес, ойын-сауық немесе басқа салалардан келген мамандар да, кино саласында білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби кинематографистер де халықтың және өзінің алдында әлеуметтік және моральдық жауапкершілікте болуы керек [93].

Мұндай жауапкершілік қағидаттарының сақталуын бағалау үшін критерийлерді анықтау қажет. Біздің ойымызша, кино өндірушілердің әлеуметтік және этикалық жауапкершілігінің критерийлерін маңыздылығы бойынша былай топтастыруға болады:

1. Ішкі факторлар бойынша:

- шығармашылық ұжымға адалдық;
- төлемақыны уақтылы жүзеге асыру;
- еңбек нормаларын сақтау;
- түсірілім объектілеріне мұқият қарау.

2. Сыртқы факторларға қатысты:

– фильмдердің жоғары көркемдік сапасы;

– хабарлама мен мағыналық мазмұны;

– қызықты сюжет және аудиторияның қызығушылығы және өзгелер.

Сонымен, киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудиттің жалпы сипаттамасы төмендегі 8-кестеде келтірілген.

Кесте 8 – Киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудиттің жалпы сипаттамасы

Киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудит	
1	
Сипаттама	саланың немесе ұйымның әлеуметтік тиімділігін өлшеу құралы
Әлеуметтік аудиттің мақсаты	кәсіпорындағы, саладағы әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени қатынастарды диагностикалау, сондай-ақ жақсарту бойынша ұсыныстарды анықтау үшін саланың тиімділігін талдау
Қолданылуы	ерікті түрде (бастамалық), ұсыным беру сипатына ие
Қағидаттар	тәуелсіздік, объективтілік, кәсібилік, адалдық
Әлеуметтік аудитті орындаушылар	мақсат пен шешімге байланысты әлеуметтік аудит жүргізуге мыналар қатысуы мүмкін: - мемлекеттік органдардың қызметкерлері; - ұйымдардың (шығармашылық одақтар, бірлестіктер) өкілдері; - бизнес өкілдері; - әлеуметтанулық, маркетингтік және басқа зерттеулер саласындағы мамандар; - ғалымдар, кинотанушылар, сапаршылар
Әдістер	қолданбалы зерттеу әдістері: сауалнамалық сұрау, сарапшылық сұхбат, бақылау, контент-талдау, кейс-стади, фокус-топтар
Құралдар	ақпарат жинау, талдау, өңдеу құралдары
Әлеуметтік аудитте ақпарат берушілер	ұйымдардың қызметкерлері, сарапшылар қауымдастығы, халық (көрермендер), серіктестер, шетелдік әріптестер
Әлеуметтік аудит пәні	- ұйымның ішкі атмосферасы, қызметкерлердің, әріптестердің, серіктестердің қарым-қатынасы; - киноиндустрияның қазіргі жағдайы мен даму болашағына сараптамалық баға беру; - қазақстандық киноөнім туралы қоғамдық пікір; - кино саласында көрсетілетін қызметтердің сапасын халықтың бағалауы;

8-кестенің жалғасы

1	
	<ul style="list-style-type: none"> - сарапшылық қауымдастық пен халық арасындағы қарым-қатынас; - фильмдер өндірісіндегі қоғамдық және сараптамалық пікір және киноөндірістің әлеуметтік-мәдени аспектісінің басқа да мәселелері
Негізгі бағыттар	<p>әлеуметтік аудитте ескерілетін негізгі критерийлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ішкі атмосфераны бағалау; - аудиторияның пікірі; - әлеуметтік жауапкершілік деңгейі және басқа мәселелер
Қажетті құжаттар	<p>Әлеуметтік аудит жүргізудің бекітілген құқықтық және әдістемелік негіздерінің болмауына байланысты құжаттарды дайындау ерікті түрде жүзеге асырылады. Қажетті құжаттарға мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік аудит бағдарламасы (мұнда мақсат, міндеттер, орындаушылар, қолданылатын әдістер, күтілетін нәтиже көрсетіледі); - құралдар (сауалнама, нұсқаулық); - баяндама, қорытындылар мен ұсыныстар
Ескерту – Кестені автор әзірлеген	

Осылайша, әлеуметтік аудит киноиндустрия саласына қажетті құрал деп тұжырымдай аламыз. Оның өзектілігі киноиндустрияның дамуында әлеуметтік-мәдени аспектісін күшейтуде маңызды рөл атқарады. Киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізу киножасаушылардың қоғам мен мемлекет алдындағы әлеуметтік және моральдық жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Көркемдік сапасы жоғары, әлеуметтік маңызы бар, қоғамға белгілі бір ой салатын кинотуындылардың пайда болуына түрткі болады. Әлеуметтік аудит отандық фильмдердің халық үшін нәтижелілігін, пайдалылығын, ал киноиндустрия қызметінің тиімділігін бағалауда елеулі үлес қоса алады деп санаймыз.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Қазақстандық киноиндустрияның қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстандағы киноиндустрия – өзіндік даму ерекшелігі мен мүмкіндіктері бар өзекті сала. Отандық киноиндустрия қазіргі кезеңде бірқатар жетістіктерге ие. Өзінің инфрақұрылымы мен мамандары қалыптасқан, алға қойған мақсаты бар, даму үстіндегі тартымды сала.

Бұл тарауда статистикалық және өзге дереккөздерге негізделе отырып, Қазақстандағы киноиндустрияның қазіргі жай-күйіне талдау жүргізіледі. Саланың негізгі көрсеткіштері мен соңғы жылдары орын алған үрдістері көрсетілген. SWOT, PEST-талдау әдістері арқылы отандық киноиндустрияның мықты және әлсіз тұстары мен даму мүмкіндіктері және тәуекелдер анықталады.

Статистика саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның деректеріне [94] сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 119 ұйым кино көрсетуді жүзеге асырады, соның ішінде 104-кинотеатр, кинозалдардың саны – 394 (9-кесте).

Кесте 9 – Қазақстандағы кино көрсететін ұйымдар бойынша ақпарат

Жылдар	Кино көрсететін ұйымдардың саны, бірлік	Соның ішінде кинотеатрлар саны, бірлік	Жабық кинотеатрлар дағы кинозалдардың саны, бірлік	Кинофильмдер өндірісін жүзеге асыратын ұйымдар саны, бірлік
2011	118	94	202	23
2012	127	97	245	21
2013	125	97	242	20
2014	116	96	248	31
2015	114	93	246	35
2016	109	94	263	26
2017	111	96	313	45
2018	112	96	320	47
2019	114	101	372	64
2020	110	99	373	45
2021	119	104	394	71

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94]

Өңірлік бөліністе 22 кинотеатр Алматы қаласында орналасқан. Одан кейінгі орында Астана қаласы (10 бірлік) мен Қарағанды облысы (10 бірлік). Кейбір өңірлерге (Ақмола, Алматы, Ақтөбе Қызылорда облыстары) бар-жоғы 2-ақ кинотеатрдан келеді. Кино түсіретін кинематографиялық ұйымдардың да жартысы Алматы (34 бірлік), 15-і Астана қалаларында

шоғырланған (10-кесте). Бұл Қазақстанның өзге қалаларында, жергілікті орындарда кино өндіру мен оны прокатқа жіберу процестері бойынша әлеуеттің жоғары болмауын көрсетеді. Өңірлерде кино жасау, кино көрсету бойынша жұмысты алға қою қажеттігін негіздейді.


Кесте 10 – 2021 жылы қызмет еткен кино көрсететін ұйымдардың саны, өңірлік бөліністе

Облыстар	Кино көрсететін ұйымдардың саны, бірлік	Соның ішінде кинотеатрлар саны, бірлік	Жабық кинотеатрлардағы кинозалдардың саны, бірлік	Кинофильмдер өндірісін жүзеге асыратын ұйымдар саны, бірлік
Қазақстан Республикасы	119	104	394	71
Ақмола обл.	2	2	2	1
Ақтөбе обл.	4	2	8	-
Алматы обл.	2	2	7	4
Атырау обл.	4	4	4	1
Батыс Қазақстан обл.	11	8	14	-
Жамбыл обл.	16	6	17	2
Қарағанды обл.	10	10	17	-
Қостанай обл.	6	6	16	-
Қызылорда обл.	3	2	11	-
Маңғыстау обл.	8	8	11	3
Павлодар обл.	4	4	12	1
Солтүстік Қазақстан обл.	4	4	13	5
Түркістан обл.	6	3	9	-
Шығыс Қазақстан обл.	6	6	25	1
Астана қ.	8	10	63	15
Алматы қ.	21	22	140	34
Шымкент қ.	4	5	25	4
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94]				

Республикадағы кинофильмдердің көрсетілімін іске асыратын 119 ұйымның меншік формасы бойынша: 25 – мемлекеттік, 91 – жеке меншік, 3 – шетелдік ұйым [95].

Кино саласындағы статистикалық деректерден 2019 жылға дейін біркелкі өсу динамикасы болғаны байқалады. Мәселен, 2015-2019 жылдар аралығында

кинотеатрлар желісінде көрсетілген киносеанстардың саны мен оған келушілердің саны да қатар өскен (10-сурет).



Сурет 10 – Киносеанстар мен оларға келушілердің саны

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94]

Ал 2020 жылы бұл көрсеткіштер жоғарыда аталған пандемиялық шаралардың салдарынан 3-4 есе төмендеген. 2019 жылы кинотеатрларға фильм көруге келген халықтың саны 19 млн. адам болса, 2020 жылы – 4 млн. адамды құрады (11-кесте). Жалпы, 2020 жылғы кино саласындағы кейбір көрсеткіштер 2019 жылғы және одан алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерден төмендеу болу себебі – 2020 жылы басталған пандемиялық жағдайдың салдары, кинотеатрлар желісінің карантиндік шараларға байланысты бірнеше айларға жабылуы.

Кесте 11 – Кино саласындағы көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат

Жылдар	Көрсетілген киносеанстардың саны, бірлік	Киносеанстарға келушілердің саны, адам	Көрсетілген қызметтерден түскен табыс көлемі, мың теңге
1	2	3	4
2011	360 441	10 933 421	8 480 032
2012	420 135	13 410 104	10 031 247
2013	441 745	13 201 461	11 588 027
2014	537 819	12 795 466	12 339 480
2015	519 960	11 300 539	10 426 924
2016	579 882	14 474 924	14 117 640

11-кестенің жалғасы

1	2	3	4
2017	695 582	17 606 749	18 522 240
2018	746 228	17 840 690	18 428 830
2019	962 294	19 880 485	21 239 675
2020	292 351	4 781 191	5 869 513
2021	691 509	8 453 153	13 598 456
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94]			

Дәл осындай төмендеу үрдісі кино көрсету қызметтерінен түскен табыс көлемінен де байқалады. 2019 жылы ең биік дәрежеге – 21,2 млрд. теңге көлеміне жетіп, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 5,8 млрд. теңге жинақталған. 2021 жылы бұл көрсеткіш 2,3 есе көбейіп, 13,5 млрд. теңгені құрады (11-кесте).

Пандемия салдарынан болған карантиндік шаралар кинотеатрлардың жұмыссыз халде болуына түрткі болып, табыстың азайғанын көрсетті. Табыс көлемін өткен жылдармен салыстырғанда 2020 жылы 3-4 есе азайғанын байқаймыз. Бұл Қазақстанға ғана тән жағдай емес. Тұтастай алғанда әлемдік киноиндустрия пандемия салдарынан 7 миллиард доллар жоғалтты [96].

2021 жылы жинақталған 13,5 млрд. теңге көлеміндегі табыстың құрамы бойынша басым бөлігін (10 770 068,8 мың теңге, яғни 79,2%) шет елдердің фильмдері құрайды. Одан кейін 1 498 789,8 мың теңге көлемінде (11,0%) ұлттық фильмдер иеленді. Бірлескен фильмдерді көрсетуден 1 329 597,9 мың теңге (9,8%) табыс түскен [95] (11-сурет).



Сурет 11 – Кино көрсететін қызметтерден түскен табыстың құрамы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [95]

Қазақстанның кинотеатрларында көрсетілген фильмдердің шығарған елдері бойынша бөліністе 2021 жылы АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Германия мемлекеттерінің фильмдеріне келушілер көп болған. АҚШ түсірген фильмдерге

келушілер басқа елдердің фильмдеріне қарағанда көбірек – 4 583 028 адам. Бұл ретте, айта кететін мәселе, көптеген шетелдік, әсіресе танымал киностудиялар түсірген фильмдердің әлемдік премьералары тоқталуына немесе кейінге шегерілуіне байланысты 2020 жылы Қазақстанның кинотеатрларында отандық фильмдер көп көрсетілді. Бұл өз кезегінде 1 597 523 келушілерді қамтамасыз еткен еді. Алайда 2021 жылы бұл көрсеткіш төмендеп, АҚШ фильмдеріне келушілердің саны қайта көбейіп, отандық фильмді көруге келгендер саны азая бастады: 824 725 адамды құрады. Одан кейінгі орында Ресей – 455 511, Ұлыбритания – 332 679, Германия – 15 569 бірлік [95].

Бұл көрсеткіштерден мынадай үрдісті байқауға болады. Қазақстандық көрерменнің басым көпшілігі әлі де америкалық фильмдерді көргісі келеді. Отандық фильмдердің прокаттағы үлесінің аздығы, америкалық фильмдермен салыстырғандағы сапасының төмендігі сияқты себептер отандық фильмдерге деген қызығушылықтың төмендігін білдіреді. Алайда Ресей, Ұлыбритания, Германия сияқты елдердің фильмдеріне қарағанда қазақстандық фильмдерге келушілердің саны көп болуы отандық фильмдердің Қазақстанның кинонарығында бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Бұл ретте, отандық фильмдердің үлесі мен сапасын одан әрі арттыру қажеттігі туындайды.

Қазақстандық киноның бюджеті жанры мен қаржыландыру көздеріне байланысты әртүрлі. «Кинопоиск» сайтындағы қазақстандық фильмдердің бюджетін қарастыра келе, келесі мәліметтерді байқадық. Мемлекеттік қаржыға түсірілген фильмдердің бюджеті кино өндірушілердің жеке меншік қаражатына қарағанда айтарлықтай көп. Фильмдердің мемлекеттік бюджеті (мәселен, «Шал», «Күннанбай», «Томирис») 800 000 доллардан 10 000 000 долларға дейінгі аралықта. Ал жеке меншік киностудиялардың шығындары («Америкадағы қазақша бизнес», «Тараз») 250 000 доллардан 400 000 долларға дейін [97]. Алайда бұл көрсетілген бюджет шамасы Қазақстанның киноөндірісінің барлық бюджеттік бөлігін көрсетпейді, себебі ашық қолжетімді интернет-ресурстарда қаржыландыру көздері туралы мәліметтер жоқ.

Бұл орайда, отандық фильмдердің бюджетіне қатысты ақпаратты толықтыру мақсатында қазақстандық ғалымдардың ұжымдық зерттеу нәтижелері мен сарапшылық пікірлерге жүгіндік. Аталған зерттеуге сәйкес, отандық фильмдердің бюджетінің медианасы – 586 мың долларды құраса, жинақ медианасы – 483 мың доллар. Комедия жанрындағы картиналар басқаларына қарағанда арзандау – 327 мың доллар [67, с. 10].

Тағы бір сарапшылық пікірге (А. Сатаев) сәйкес, қазақстандық картинаның қаржылық табыстылығы орташа есеппен 1 млн. долларды құрайды. Алайда ескере кететін мәселе – бұл соманың жартысы кинотеатрмен бөлісіп, 5-7% дистрибьюторларға беріледі. Ал түсірілім тобының табатын нақты сомасы – 500 мың доллар. Бұл шама фильм түсірудің бюджетін жоспарлауға негіз болуы тиіс [98].

Кинематографиялық көрсеткіштердің тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – бір жылда өндірілген фильмдердің саны. Жалпы, Қазақстанның тәуелсіздік алған жылынан бастап есептейтін болсақ, жылына өндірілетін фильмдердің

саны 2010 жылдардан бастап көбейе бастады. Оған дейін, әсіресе 90 жылдары киноөндірістің төмендеуі болғаны байқалады. 1993 жылы 11 толықметражды фильм, 1994 жылы – 4, 1995 жылы – 5, 1996 жылы – 7, 1997 жылы – 3, 1998 жылы – 5, 1999 жылы – 10 [99].

2019 жылы ең жоғары көрсеткіш – 480 фильмді құраса, 2020 жылы – 242, 2021 жылы – 340 фильмді құрады (12-кесте).

Кесте 12 – Қазақстанда өндірілген фильмдердің саны

Жылдар	Толықметражды фильмдер	Қысқаметражды фильмдер	Барлығы
2011	105	186	291
2012	30	198	228
2013	35	242	277
2014	78	269	347
2015	134	130	264
2016	29	227	256
2017	х	х	348
2018	х	х	271
2019	91	389	480
2020	24	218	242
2021	31	309	340
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94]			

Отандық киносыншы Г. Әбікееваның пікірінше, қазақстандық киноиндустрияның даму ерекшелігі – соңғы бірнеше жылда мемлекеттің үлесі бойынша жағдай керісінше өзгеруінде. Егер 2005 жылдары Қазақстандағы киноөнімдердің 80% – мемлекеттік «Қазақфильм» киностудиясы, 20% – жекеменшік киностудиялар шығарған болса, қазір жағдайда керісінше: 80%-ы жекеменшік киностудиялар (бұл тек коммерциялық емес, арт-хаус фильмдер де), ал 20%-ы ғана мемлекеттік сектор. Киносыншының пайымдауынша, елдегі киноиндустрияның коммерциялық және авторлық кино бағытын дамытуда жастардың алар үлесі жоғары [100].

Жастар өкілдерінің өзіндік жұмысының мысалы ретінде қазақстандық көрермендер арасында елеулі орын алған «Бизнес по-казахски» фильмдер сериясын айтуға болады. Картина қазіргі нарықтық қоғамдағы отбасылық, рухани-адамгершілік құрамдастардың маңыздылығын көрсетуге бағытталған. Оның ерекшелігі – 2019 жылы Қазақстан тарихында алғаш рет «Кореядағы қазақ бизнесі» фильмі 1 миллиард 107 миллион теңге (2 миллион 631 328 АҚШ доллары) жинап, «Мстителі» фильмінің 1 млрд. 103 млн теңге (2 621 820 доллар) жинаған рекордын жаңартып, Қазақстандағы ең көп табыс әкелген фильмге айналды [101].

Қазақстандағы ұлттық фильмдердің өндірісі бойынша статистикалық деректерді келтіру үшін қазақстандық кинематографияның институционалдық

құрылымындағы басты өндіруші «Қазақфильмнің» деректеріне жүгіндік¹. Соңғы 10 жылда (2010 жылдан 2021 жылға дейін) «Қазақфильм» киностудиясы барлығы 352 ұлттық фильмдерді шығарды. Оның ішінде көркемдік фильмдер – 87, деректі – 162, анимациялық – 35 және қысқаметражды – 68. Копродукция Франция, Германия, Ресей, Қытай елдерімен бірлесе шығарылған.

Ал, жалпы тәуелсіздік жылдарында (1991 жылдан бастап) киностудия барлығы 600-дан астам кинотаспа шығарды. Оның 149 – толықметражды көркемдік фильмдер, 91 қысқаметражды фильмдер, 287 деректі фильмдер, 75 анимациялық фильмдер.

Соңғы 30 жылда 200-ден астам «Қазақфильм» киностудиясының картиналары әлемнің 60 елінде 220-дан астам халықаралық фестивальдер мен көрсетілімдерге қатысып, 300-ден астам әртүрлі сыйлықтарға, соның ішінде 51 Гран-приге ие болды.

2020 жыл пандемия салдарынан әлемдік киноиндустрия саласы үшін күрделі кезең болса да, 2020-2021 жылдары «Қазақфильм» АҚ-ның 27 кинотуындысы 65 халықаралық кинофестивальдерге қатысып, 32 жүлделі орынға ие болды. Сонымен қатар, Қазақстан кинематографистері және «Қазақфильм» кинотуындылары «Сыншылар таңдауы 2020» жыл сайынғы қазақстандық кинопремияға ұсынылып, 5 номинация бойынша жүлделі орындарға қол жеткізді.

Жоғарыда көрсетілген статистикалық деректер кино нарығының инфрақұрылымдық жағдайын, табыс деңгейін, кино көрсету қызметіне сұраныстың бар-жоғын көрсетті. Нәтижесінде кинонарық көлемінің жеткіліксіздігі проблемасы айқындалды. Қазақстанның аймақтарында кинотеатрлардың, кинозалдардың аздығы, кассалық соманың аз жиналуы салдарынан қазақстандық кинотуындылардың қаржылық қайтарымы көп жағдайда қамтамасыз етілмейді [102]. Аталған мәселелерді шешу үшін Қазақстанның өңірлерінде, тек ірі қалалар ғана емес, шағын моноқалалар мен аудандарда, сондай-ақ ауылдарда кинотеатрлар немесе кинозалдар ашу мәселесін жандандыру қажет.

Сонымен қатар, Қазақстанда өндірілген фильмдердің ішінде идеологиялық жағынан маңызды санаттарының бірі – балалар мен жастарға арналған фильмдер. Киноиндустрия өнімдері арқылы қазіргі заманғы өскелең ұрпаққа отбасылық, өнегелік-рухани құндылықтарды қалыптастыру маңызды.

Кино көру үшін кинотеатрларға балалар да келетінін ескерсек, оларға арналған арнайы киносеанстардың болғаны жағымды үрдіс. Мәселен, 2021 жылы 153,5 мың балаларға арналған киносеанстар өткізілген, оған 2 208 833 балалар келген [103].

Балалар киносы – өскелең ұрпақты дамыту үшін маңызды факторлардың бірі, балалармен қарым-қатынас орнатудың кілті. Бұл индустрия Қазақстанда 55 жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келеді. Балаларға арналған көркемдік фильмдер мен анимациялық фильмдерді шығару тәжірибесі жеткілікті. Ендігі

¹Ізденушінің 2021 жылы 31 мамыр-19 маусым аралығында академиялық күнтізбеге сәйкес «Қазақфильм» АҚ-да өндірістік практикадан өту барысында жұмыс тәртібінде алынған мәліметтер

кезекте оның алдағы дамуын қолға алу, жаңа деңгейге көтеру мәселесі тұр. Бұл – мемлекет пен қоғам алдында тұрған басты міндет.

Анимациялық кино – балалар мен жасөспірімдердің көрермендік санасына әсер етуші, дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырушы құралдардың бірі. Мемлекет бұл идеологиялық маңызды мәселеге жіті назар аударуда. Қазіргі кезеңде отандық анимациялық фильмдердің 80% мемлекеттік қаражатқа түсіріледі [104].

Жыл сайын өткізілетін мемлекеттік қаржыландыруға үміткер жобалардың конкурсында міндетті түрде «анимациялық фильмдер» санаты қарастырылады. Мәселен, «Алтын адам», «Кенже қыз», «Еркетай» сияқты жобалар мемлекеттен қаржыландыру үшін қолдау тапты.

Кино саласындағы мамандардың пікірінше, отандық анимация көп жылдар бойы шетелдік өнімдердің көлеңкесінде қалып келді. Отандық мультипликация соңғы кездері телевизиялық форматқа көшіп кетті, үлкен экранға шығу мүмкіндігі болмады [104]. Осы саладағы мамандардың жетіспеушілігі, қомақты мөлшердегі бөлек қаражаттың бөлінбеуі, өнімдердің сапасының жоғары деңгейде болмауы – анимация саласының қарқынды дамымауын тежеп отырған факторлар.

Қазақстанда анимацияны өндіретін ірі орталық «Қазақфильм» киностудиясының жанындағы «Анимациялық кино» орталығы болып табылады. «Қазақфильм» 1991 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі уақытта 75 анимациялық фильм жасаған [105]. Солардың қатарында мына жобаларды атап өтуге болады: «Ер Төстік және Айдаһар», «Күлтегін», «Мұзбалақ», «Қазақ елі».

Бұл ретте, қазіргі кезеңде ақпараттық алаңда шетелдік фильмдер балалар үшін қолжетімді болып қалғаны белгілі. Теріс пиғылды, жаман әрекеттерді көрсететін фильмдер балалардың психикасына кері әсер беруі мүмкін. Мұндай жаман сипаттағы фильмдерді көру баламалы сапалы, тәрбиелі отандық фильмдердің аздығымен байланысты болуы да ықтимал. Бұл ретте, деструктивті сипаттағы өнімдердің әсерінен балаларды қорғау үшін әлеуметтік бақылау тетіктерін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады [106].

Бала тәрбиесіндегі әлеуметтік-мәдени фактор ретінде маңызды рөл атқаратын балалар киносының, отандық анимациялық фильмдердің маңызы мемлекеттік деңгейде көтеріліп, қазіргі таңда балаларға арналған жаңа фильмдер өндірісінің қажеттігі барлық диалогтық алаңдарда айтылып жүр.

Осылайша, балалар киносының маңыздығын белгілі қазақстандық режиссер Т. Теменовтің сөзімен келтіруге болады: *«Балалар киносы – ешбір қоғамдық формаацияға, саяси идеологияға бағынбайтын ерекше өнер. Өнердің ішіндегі баланың санасына шуақ болып төгілетін, жанын әсемдікке, ізгілікке баулитын ең рухани өнер»* [107].

Бұдан бөлек, көркемдік, анимациялық, деректі фильмдердің өндірісін қамтамасыз ететін киноиндустрия саласының күрделі мәселелері мен даму мүмкіндіктерін айқындау, отандық киноиндустрия саласындағы жағдайды толығырақ талдау үшін SWOT-талдау құралы қолданылды. Бұл әдіс арқылы киноиндустрия саласының дамуындағы мықты жақтары мен әлсіз тұстары,

сонымен бірге мүмкіндіктері мен тәуекелдер талданды. Саланың дамуындағы ішкі әсерлер мен саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және технологиялық жағдайлардың жиынтығы тәрізді сыртқы әсер етуші факторлар да қарастырылды (13-кесте).

Кесте 13 – Отандық киноиндустрия саласындағы ағымдағы жағдайдың SWOT-талдауы

<i>Мықты жақтары</i>	<i>Мүмкіндіктер</i>
<ul style="list-style-type: none"> - кинематография саласындағы мемлекеттік қолдаудың болуы; - құқықтық-институционалдық негіздің қалыптасуы; - салықтық жеңілдіктердің ұсынылуы; - кинематографистерді даярлайтын отандық оқу орындарының болуы; - географиялық табиғи әсем жерлердің (локацияның) болуы; - рибейт жүйесінің іске қосылуы 	<ul style="list-style-type: none"> - фильмдердің мониторингін жүргізу үшін бірыңғай автоматтандырылған ақпараттың жүйені іске қосу; - шетелдік кинематографистермен тәжірибе алмасуды кеңейту; - кино саласындағы қоғамдық ұйымдардың жұмысын жұмылдыру; - киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізу
<i>Әлсіз жақтары</i>	<i>Тәуекелдер</i>
<ul style="list-style-type: none"> - отандық фильмдердің инвестициялық тартымдылығының төмендігі; - кинопрокатта отандық фильмдердің үлесінің аздығы; - комедиялық жанрдағы отандық фильмдердің сапасының төмендігі; - өңірлік деңгейде кинотеатрлардың аздығы; - көрермен тарапынан кері байланыстың болмауы 	<ul style="list-style-type: none"> - отандық фильмдерге деген қызығушылықтың болмауы; - мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділіктің артуы; - кассалық жинақтың аз деңгейде қалуы; - тұрақсыз экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайлардың әсері
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [108]	

Осылайша, қазақстандық киноиндустрияның қазіргі жай-күйінің күшті жақтарының бірі қолданыстағы салалық заң болып табылады. Заңда кинематографияны мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелері: мемлекеттік саясат қағидаттары, ұлттық фильмдер, мемлекеттік қолдау және қаржыландыру тетіктері қамтылған. Заңның қабылдануымен мемлекеттік қолдау, ілгерілету, субсидиялау жөніндегі жұмыс күшейтілді. Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қолдау орталығы құрылды. Тұтастай алғанда, Қазақстан кинематографиясын мемлекеттік басқару жүйесінде саланы жаңа деңгейге шығаруға және әлемдік кинода үлкен серпіліс жасауға мүмкіндік беретін елеулі оң өзгерістер болды.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда кино түсіру үшін барынша жағдайлар жасалуда. Материалдық-техникалық, инфрақұрылымдық жағынан қарайтын болсақ, елде «Қазақфильм» ұлттық кинокомпаниясы киноөндіріс үшін ауқымды қызметтер ұсынады. Арнайы локациялар мен түсірілім декорациялары бар, қазіргі заманғы технологиялар жабдықталған. Бұдан бөлек, кино түсіруге Қазақстанның географиялық-ландшафттық мүмкіндіктері де жетерлік.

Алайда саланы жетілдіруді қажет ететін өзекті проблемалық мәселелер де қалуда. Мәселен, кинопрокатта отандық ұлттық фильмдердің шетелдік фильмдерден басымдығын қамтамасыз ету мәселесі әлі де ашық күйінде қалып отыр. Отандық сарапшы мамандардың пікірінше, қазақстандық фильмдердің прокаттағы сәтті нәтиже көрсетуі 2000 жылдардың аяғынан басталды. «Қазақфильм» түсірген «Сказ о розовом зайце», «Ирония судьбы», «Жау жүрек мың бала» сияқты фильмдер халықтың көңілінен шығып, прокатта нәтижелі болды. 2010 жылдардан бастап жылына орташа есеппен жеті картина шығарыла бастады, оның кем дегенде екеуі прокатта сәтті болды. Ал жекеменшік кинокомпаниялар шығарған коммерциялық фильмдердің кассалық жинақтан сәтті болуы 2007 жылы Ақан Сатаевтың еңбегінен бастау алды. «Рәкетир» фильмі қоғамда отандық фильмді көруге деген ұмтылысты тудырды. 2010 жылы мемлекеттік қаражатқа түсірілген «Сказ о розовом зайце» фильмі де ұлттық прокатқа шығып, қаржылық қайтарымға ие болды. Осылайша, отандық картиналар көрерменнің оң бағасына ие болып, Н. Қоянбаев, Н. Адамбай, А. Садвокасова сияқты азаматтардың коммерциялық фильмдер түсіріп, олардың табысты болу фактілері байқалды. «Ирония судьбы» фильмі 70 миллион теңге, «Сказ о розовом зайце» 100 миллион теңге, «Жау жүрек мың бала» 300 миллион теңге жинаса, «Бизнес по-казахски» миллиард теңге көлемінде табыс тауып, қазақстандық кино нарықтың мүмкіндіктерін көрсетті [109].

Алайда мұндай сәтті болған жағдайлар бірен-саран ғана. Қазақстандық фильмдердің барлығы қаржылық табыс табудан бұрын прокатқа да шыға алмай отырған фактілері кездеседі. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде «Қазақфильм» түсірген 600 фильмнің 52-сі (8%) ғана прокатқа шыққаны Мәдениет және спорт министрлігінің алқа мәжілісінде айтылды [110]. Бұл проблема басқарушылық шешуін табуы тиіс жүйелі мәселе болып қалуда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта кинонарық алаңында Қазақстан өңірлеріндегі кинотеатрлардың теңгерімсіздігі сезілуде. Кинотеатрлар адамдардың мәдени және ойын-сауық түріндегі қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызмет түрі. Елде бүкіл республика бойынша барлығы 104 кинотеатр бар [94]. Алайда бұлардың барлығы облыстардағы ірі қалаларға ғана тән. Ауылдық жерлерде мүлде жоқ деуге болады. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, ауылдық жерлерде кинотеатр тек Батыс Қазақстан облысында (3), Жамбыл облысында (1) бар. Ал Түркістан облысында 1 тұрақты (стационарлы) киноқондырғы бар. Елдегі кинотеатрлардың жетіспеушілігі – киноиндустриядағы жүйелі проблемалардың бірі. Осыған байланысты, өңірлерде кинотеатрлар мен кинозалдардың санын ұлғайту

мәселесі өткір тұр. Мұндай шаралар бокс-офистердің одан әрі өсуіне және қазақстандық фильмдерге деген сұраныстың артуына алып келеді.

Жалпы, Қазақстанда киноиндустрия саласы бірқалыпты дамудың сатысына жеткенімен, әлі де проблемалық мәселелердің көптігі айқындалды. Солардың қатарында мемлекеттің кинематография саласында жүргізіп отырған саясатының тиімділігінің жоғары болмауы; кинематография субъектілерінің инвестициялық тартымдылығының төмендігі; жеке меншік кинокомпаниялардың нарықта бәсекелестігінің төмендігі; кейбір кинематографиялық ұйымдардың табысының болмауы; саладағы өндірістік және материалдық базаның жетіспеушілігі; кино саласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясының жоғары деңгейде болмауы және басқалар.

Бұдан бөлек, өзге де зерттеу жұмыстарында Қазақстандағы киноиндустрия саласында мынадай проблемалардың бар екені атап өтіледі:

- фильмдерді қаржыландыру бойынша шешім қабылдаудың ашық сипатта болмауы;
- мемлекеттік қолдау бағдарламасында кино жобаларды әзірлеуге арналған қаржыландырудың болмауы;
- кино саласындағы қоғамдық бірлестіктерге арналған гранттық жүйенің жоқтығы;
- өңірлік кинокомиссиялардың құрылуы мен жұмыс істеу қажеттігі;
- кино саласындағы кәсіби мамандардың аздығы;
- елдегі кинокомпаниялар мен киностудиялардың бірыңғай деректер базасының жоқтығы [99].

Ендігі кезекте осы олқылықтарды жою үшін, Қазақстандағы киноиндустрия саласын дамытудың мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында зерттеу жұмысымызда PEST-талдау әдісін қолдандық. Саланы жетілдіруге саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың әсер етуі тұрғысынан талдау жасалынды (14-кесте).

PEST-талдау әдісін қолдануда сарапшылар ретінде «Қазақфильм» ұлттық кинокомпаниясының, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қызметкерлері жұмылдырылды. Факторлардың әсер ету дәрежесі мен ықпалы бағаланды (Қосымша Ә).

PEST-талдау құралының негізіндегі факторларды түйіндей келе, сарапшылардың пікірінше, саланың дамуына «кино саласындағы заңнаманы жетілдіру» және «кинематографистерді мемлекеттік қолдау» саяси факторлары мен «киноөндіріске жаңа технологиялардың қажеттігі», «ақпараттық жүйенің іске қосылуы» сияқты технологиялық факторлар барынша көп әсер ететіні айқындалды (Қосымша Ә). Қосымшада саяси, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық факторлардың сарапшылық пікір бойынша көбірек немесе азырақ әсер ету дәрежесі орташа есеппен айқындалған. Бұл өлшем факторлардың әсер ету рангін айқындауға, алдағы уақытта саланы дамытуға ықпал ететін ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған.

Кесте 14 – Отандық киноиндустрияның дамуына әсер етуші факторларды PEST-талдау

<i>Саяси факторлар</i>	<i>Экономикалық факторлар</i>
<ul style="list-style-type: none"> - нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру; - салық саясаты (жеңілдіктер, субсидия); - кинематографистерді мемлекеттік қолдау; - бюрократия, сыбайлас жемқорлық деңгейі; - шетелдік тәжірибенің, сыртқы саясаттың әсері; - жаңа стратегиялық бағдарламалық құжаттарды әзірлеу. 	<ul style="list-style-type: none"> - халықтың табыс деңгейі; - экономикалық дағдарыс, жаһандық пандемия, эпидемиялық жағдай; - жұмыссыздық деңгейі; - тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі; - кино өндірушілер, дистрибьюторлар арасындағы бәсеке; - киножобаларды жекеменшік қаржыландыру (демеушілік, инвестиция, жеке капитал).
<i>Әлеуметтік факторлар</i>	<i>Технологиялық факторлар</i>
<ul style="list-style-type: none"> - халықтың демографиялық және жыныстық, жастық, аумақтық құрылымы; - халықтың өмір сүру сапасының деңгейі (білім беру, денсаулық сақтау); - киноиндустрия саласындағы мамандардың құзыреттілік деңгейі; - киноиндустрия саласындағы қоғамдық ұйымдардың (шығармашылық одақтар, қауымдастықтар, университеттер) жұмысын жандандыру; - халықтың отандық фильмдерге деген көзқарасы (қалауы, талғамы, ұнатпауы) 	<ul style="list-style-type: none"> - интернет жылдамдығының деңгейі; - кино түсірудің жаңа технологиялары; - фильмдер мониторингі үшін Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін іске қосу; - қазақ киносының (ескі фильмдер) қорын цифрландыру; - кино саласында жаңа стартап жобаларды әзірлеу
Ескерту – Кестені автор әзірлеген	

Қазақстанда киноөндірушілердің көпшілігі мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Осыған байланысты, 2019 жылдан бастап мемлекеттік қаржыландыруға үміткер болу үшін конкурс (ашық питчингтер) негізінде киножобаларды іріктеу тәжірибесі енгізілді. Жыл сайын 200-ден астам өтінім қабылданады, бұл жеке киностудиялардың өз қаражатынан басқа қосымша қаражат көздерін іздейтінін, оның ішінде мемлекеттік қолдауды қажет ететінін көрсетеді.

Мемлекеттік қолдаудың өзекті бағытының бірі кинематография саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру болып табылады. Бұл фактор да саланың дамуына ықпал етуші факторлардың қатарынан орын алады.

Киножобаларды жекеменшік қаражатқа қаржыландыру мүмкіндіктерін күшейту де (демеушілік, инвестициялар, жеке капитал) Қазақстанның киноиндустриясын дамытуға ықпалды фактор болып табылады. Мемлекеттік қолдауды күтпей-ақ (АҚШ мысалы бойынша) жеке қаржыландыруды дамыту осы саладағы патерналистік және масылдық қатынастарды жоюға мүмкіндік береді.

Кинематографияны тиімді мемлекеттік басқаруға қатысты киноиндустрияны мемлекеттік қолдау жүйесі мәдени мемлекеттік саясаттағы басымдық болып табылатыны айқын. Мемлекет ұлттық кинематографияны дамытуды, оны жаңа деңгейге шығаруды өз алдына міндет етіп қойып отыр.

Мемлекет ұлттық фильмдер шығаруға бюджеттен қаражат бөледі. Ұлттық фильмдер елдің рухани қажеттіліктеріне, мемлекеттің мүдделеріне сай келетін және жоғары көркемдік деңгейі бар фильмдер. Олар кино өнері арқылы елдің танымалдығы мен жағымды имиджін қалыптастырады. Ұлттық фильмдердің сапасының, мағынасының жоғары деңгейде болуы оның аудиториясын кеңейтеді. Бұған әлеуметтік-мәдени факторлар ықпал етеді.

Технологиялық факторлар арасында қазақ киносы (бұрын түсірілген фильмдер) қорын онлайн көру үшін цифрландыру өзектілігі жоғалған жоқ. Отандық кино өнімдерге қол жетімділікті қамтамасыз ету маңызды. Бұл мәселе Қазақстанда толық шешілген жоқ. Халықтың мемлекеттік ақшаға түсірілген барлық фильмдерді еркін түрде көруге мүмкіндігі жоқ. Мемлекеттік ақшаға түсірілген фильмдерден кинотеатрда көрсеткеннен кейін халық арқылы ақша табуға тырысу орынды емес. Сол себепті «Қазақфильм» АҚ бірнеше жыл бойы қазақ киносы қорын цифрландыру жұмыстарын жүргізіп келеді. Онлайн форматта көруге болатын бірқатар фильмдер біртіндеп толықтырылуда. Кинонарықтың қол жетімділігі мен ашықтығы – отандық киноиндустрияның дамуындағы басты жетістіктердің бірі.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларды ескере отырып, Қазақстандағы киноиндустрия саласындағы кемшіліктерді жою үшін факторларды бағыттарға топтастырып, бірқатар шаралар кешені ұсынылады (15-кесте).

Осылайша, Қазақстанның киноиндустриясындағы қазіргі хал-ахуал инфрақұрылымдық жағынан өңірлердегі кино көрсету қызметтерінің ұйымдарын арттыру қажеттігін көрсетеді. 2020 жылға дейін, яғни әлемдік пандемиялық жағдайға дейін отандық кино индустриясының көрсеткіштері оң динамиканы көрсеткен болатын: жыл сайын шығарылатын фильмдердің саны артты, бірлескен фильмдер көбейді, кинотеатрлар саны аздап көбейді, киносеанстар мен оларға келушілердің саны артты, кино көрсету қызметінен түсетін табыс көлемі ұлғайды. Алайда пандемиялық жағдайдың салаға әсер етуі кинотеатрларға келушілердің саны мен кинокөрсетілімнен түсетін табыстың көлемін 3-4 есе азайтты. Бұл жағдай кинематографистер үшін оңай тимеген сыртқы фактор болды.

Кесте 15 – Киноиндустрия саласын дамыту үшін ұсынымдар

Бағыттар, қолдану аясы	Іс-әрекеттер, ұсынымдар	Құралдар	Әсер
1	2	3	4
Кадрлық элеует	Мемлекет тарапынан материалдық және өзге де ынталандыру шараларын көбейту. Жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының халықаралық тәжірибеге бейімделуі.	конкурстар, премия, марапат; халықаралық стандарттар	кәсіби біліктілігі жоғары мамандар
Өңірлік элеует	Өңірлік «кинематографиялық» дамуды қолға алу қажет. Арнайы өңірлік бағдарламаларды әзірлеудің, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізінде елдің аймақтарында кинотеатрлар мен кинозалдардың санын арттыру керек. Мұндай шаралар кассалардың одан әрі өсуіне және қазақ фильмдеріне сұраныстың артуына әкеледі.	өңірлік бағдарлама, мемлекеттік- жекеменшік әріптестік	кинофикация деңгейінің артуы
Отандық кино туындыларын дамыту	Қазақстандық фильмдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды. Ол ең алдымен мағыналық мазмұны мен сапаның жақсаруы жағдайында мүмкін болып табылады. Жас мамандарды сценарий жазу және сапалы фильм түсіру дағдыларына оқыту, шетелдік мамандармен тәжірибе алмасу.	сценарий мен сапалы мазмұн	отандық фильмдерге сұраныстың артуы

15-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ақпараттық қамтамасыз ету	Киноиндустрия саласында бірыңғай біріктірілген деректер базасын қалыптастыру, стартап жобалар әзірлеу мүмкіндігін қарастыру. Ресми статистикалық деректердің қатарын саладағы адами капитал көрсеткіштері, мемлекеттік немесе жекеменшік қаражат көзі, фильмдердің кинофестивальдерге қатысуы, награда алу фактілері сияқты деректермен толықтыруға болар еді. Ашықтық, толыққанды және өзекті ақпарат саланың тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.	ақпараттық жүйе	кино индустриясы саласындағы мәліметтердің жеңіл қолжетімдігі
Мемлекеттік тілді қолдану	Қазақ тілді аудиторияның қызығушылығын арттыру мақсатында мемлекеттік тілге сапалы аудару мәселесін қолға алу керек. Фильмдердің қазақ тіліне аударуда филолог, аудармашы мамандарды жұмылдыру, аударманы асықпай тексеру, сапалы болуын қамтамасыз ету жұмыстарын күшейту қажет.	аударма дағдыларын оқыту	қазақ тіліндегі сапалы кино туындылардың болуы
Ескерту – Кестені автор әзірлеген			

Ендігі кезекте мемлекеттік қолдаудың және кинематографистердің бастамашылығының арқасында корпоративтік сипатта киноиндустрия саласын әрі қарай дамыту міндеті тұр. Қазіргі кезеңде бұған дейін жүйелі сипатта болған проблемаларды шешу қажеттігі туындайды. Фильмдердің сапалы, бәсекеге қабілетті болуы, кинематографистердің біліктілігін арттыруы, отандық фильмдердің кинопрокаттағы үлесін арттыруы, олардың шетелдік нарыққа шығуы сияқты мәселелер бар. Сонымен бірге әлеуметтік мәселелер де назар аударуды қажет етеді. Бұл ретте, кинематография саласындағы қоғамдық

қатынастарды реттеуде отандық фильмдердің тиімділігін айқындауда көрермен рөлін атқаратын халықтың ой-пікірін білу де маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

2.2 Қазақстанның кино өнімдерін қоғамның қабылдауы

Кино әлеуметтік-коммуникативті құрал ретінде құндылықтар жүйесіне, халықтың қалың топтарына әсер етуде маңызды рөл атқарады. Оның қоғамдық сананы қалыптастыруға әсер ету қабілеті өзекті. Кинопроцесс жүйесінде тиімді кері байланыстың болғаны жөн. Қоғамның кинематографқа қажеттілігін, кино мен әлеуметтің өзара байланысын талдау маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Киноиндустрия саласындағы қоғамдық мәселелерге әлеуметтік инжиниринг, мониторинг, рефлексия жасау қазіргі жаңғыру жағдайында тиімді мемлекеттік басқарудың маңызды компоненттерінің бірі. Сол себепті біз отандық киноиндустрияға әлеуметтік рефлексия жасауда ұлттық фильмдерді азаматтардың қабылдауы мен сарапшылық көзқарастың талдауын ұсынуға тырыстық.

Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерінде сарапшылық қауымдастық арасында фильмдердің контентіне, шығармашылық берілуі және көркемдік деңгейіне қатысты, одан бөлек, киноиндустрия саласының негізгі проблемалары мен даму келешегі туралы пікір-таластарды байқауға болады. Бұл ретте, қарапайым халық пен сарапшылық қауымдастықтың пікірлері қандай? Қазақстандық кино саласындағы басқарушылық шешімдерді азаматтар қалай қабылдады? Отандық киноға деген көзқарасы мен қабылдауы қандай? деген сұрақтар туындайды. Аталған сұрақтарға жауап алу үшін бұқаралық сұрау әдісі арқылы әлеуметтанулық зерттеу жүргізген жөн. Әлеуметтанулық диагностика арқылы киноиндустрияны мемлекеттік басқару саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі.

Диссертациялық жұмыс барысында қазіргі қазақстандық кино, соның ішінде ұлттық фильмдердің мәртебесі мен кино саласындағы басқарушылық шешімдерге қоғамдастықтың араласуы туралы сапалы мәліметтер алу үшін азаматтардан әлеуметтанулық сұрау жүргізілді (Қосымша Б). Сұрау нәтижелерін Қазақстанның бүкіл халқына репрезентациялау көзделмеген. Себебі бұл сұрау республика бойынша массивті сандық мәліметтер алу, болжамдау үшін емес, авторлық зерттеу аясында ұлттық фильмдерге қатысты сапалық қосымша мәліметтер жинақтау, осы аядағы проблемалық мәселені сипаттау мақсатында жүзеге асырылды. Сұрауға 222 респондент қатысты. Оның ішінде әйелдер – 59,9%, ерлер – 40,1%. Респонденттердің айтарлықтай үлесін 30-39 жас аралығындағылар – 52,7%, 33,8%-ы – 18-29 жас, 10,9%-ы – 40-49 жас, 2,6%-ы – 50 жастан аскандар құрайды.

Зерттеу мақсатына жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

- азаматтардың қазақстандық киноны, ұлттық фильмдерді қабылдауын айқындау;
- қазіргі заманғы фильмдердің сапасын бағалау;

– қоғамдық көзқараспен отандық киноиндустрияның жетістіктері мен кемшіліктерін айқындау;

– киноиндустрия саласындағы басқарушылық шешімдерге халықтың қатысу ықтималдығын анықтау.

Бұл сұраудың тұжырымдамалық бағдарламасын әзірлеу барысында алдын ала мынадай жұмыс гипотезалары ұсынылған болатын:

1. Жұртшылықтың киноиндустрия саласындағы басқарушылық процестерге қатысуы төменгі деңгейде деген болжам жасалады. Мұндай болжам саланың жабық, жеткілікті түрде ашық болмауымен негізделеді. Халықтың қызығушылығы бір ғана – фильмдерді көру функциясымен шектеледі. Азаматтардың кинопроцеске қатысуының болжамды формасы – әлеуметтік желілерде репост жасап, бөлісу.

2. Халықтың көпшілігі мемлекет қаржыландыратын киножобалар мен олардың тақырыптарын анықтауда азаматтардың пікірін ескеру қажет деген пікірді ұстанады, себебі фильмдерді шығару үшін бөлінген мемлекеттік қаражат әдетте салық төлеушілердің ақшасы, сол себепті халық пікірін ескеру жөн деген болжам жасалады.

3. Халықтың басым бөлігі қазіргі заманғы қазақстандық фильмдердің сапасын орташа деңгейде бағалайды (5-баллдық шкала негізінде 3 немесе 4 баллдан жоғары емес).

4. Азаматтардың арасында қазақстандық ұлттық фильмдерді ұнатпайтындар басым. Бұған көбінесе сюжеттің қызық емес болуы, монотондылық және актерлер құрамының өзгеріссіздігі себеп болуы ықтимал.


5. Азаматтар ұлттық фильмдерден көбінесе елімізді таныту, әлемдік киноарыққа шығу мүмкіндігі сияқты нәтижелілікті күтеді. Ал олардың прокаттан түсетін қаржылық қайтарымдығының ықтималдылығы төмен.

Бұл болжамдардың дұрыстығын сипаттамас бұрын сұраудың негізгі нәтижелерін ұсыну қажет. Алдымен сұрауға қатысқан азаматтардың қандай отандық фильмдерді ұнататынын және не себепті екенін білуден бастадық.

Сауалнамаға қатысқан халықтың фильмдер (жанрлар) бойынша қалаулары мынадай. Көп ұнайтын үш жанрдың ішінде комедиялық фильмдер басым – 52,7%, одан кейін тарихи фильмдер – 42,8%, драма (мелодрама) – 25,7%. Боевик жанрындағы фильмдерді аз ұнатады – 6,8% (12-сурет).

«Қазақстандық фильмдер не себепті ұнайды?» деген сұраққа респонденттер мынадай жауаптарды белгіледі:


- қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның көрінісін сипаттауы (47,4%);
- мазмұны, мәні (34,4%);
- қызықты оқиғаның арқау болуы (28,6%);
- әдемі локациялар, декорациялар (28,6%);
- актерлердің, режиссерлердің, продюсерлердің кәсіби шеберлігі (20,3%).



Сурет 12 – Қандай қазақстандық фильмдер (жанрлар) ұнайды?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

Бұл ретте, қазіргі қазақстандық фильмдерді ұнатпайтын азаматтар бар, оның түрлі себептері ретінде мыналар атап өтілді: бір актерлердің бірнеше фильмдерге қайта-қайта түсе беруі (54%), кейбір актерлердің қабілеттілігінің төмендігі, нашар ойнауы (48,8%), қызықсыз сюжеттер (38,1%), түсірілген фильмдер сапасы (36,7%), мазмұндық мағынаның жоқтығы (26,5%), тұрмыстық сөздер мен жаргондардың көп қолданылуы (13,5%) (13-сурет).



Сурет 13 – Қазақстандық фильмдер не себепті ұнамайды?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген


Бұдан бөлек, кейбір респонденттер тарапынан «фильмдерде жаңашылдық жоқ», «қызықты оригиналды сценарий қажет», «бәрі қайталана береді», «той туралы немесе қазақтардың тұрмысы туралы фильмдер көп», «жасанды ойнайды», «қазақ тілді контент өте аз» деген сияқты жауаптар көрсетілді.

Қазіргі заманғы қазақстандық киноиндустрия саласындағы кемшіліктерді айқындауда респонденттер мына нұсқаларды ұсынды:

- прокаттағы отандық фильмдердің үлесінің төмендігі (39,2%);
- ұлттық фильмдердің қаржылық қайтарымының жоқтығы (47,3%);
- фильмдер сапасының төмен деңгейі (66,7%);
- кинотеатрлар мен кинозалдардың жетіспеушілігі (11,3%).

Бұдан бөлек, «дарынды дебютанттармен жұмыс істегісі келмеу», «жағдайлар жасалмаған», «бәсекелестіктің төменгі деңгейі», «индустрияның монополизациясы», «кинодағы мемлекеттік капиталдың басымдығы», «мамандардың жоқтығы» деген сияқты қосымша нұсқалар ұсынылды. Бұл нұсқалар да мемлекеттік және қоғамдық назар аударуды қажет ететін өзекті мәселелер.

Қазіргі кезеңде түсіріліп жатқан фильмдердің сапасының төмен болуы да назардан тыс қалған жоқ. Сұрау барысында респонденттерге қазіргі заманғы қазақстандық фильмдердің сапасын 5-баллдық шкаламен бағалау ұсынылды. Бағалауда 1-балл ең төменгі, ал 5-балл ең жоғары шаманы білдірді (14-сурет).



Сурет 14 – Қазақстандық фильмдердің сапасын бағалау

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген


Азаматтардың субъективті бағалауы нәтижесінде тарихи және комедиялық фильмдер ғана 5-баллға ие болды. Дегенмен де олардың үлес салмағы көп емес – 33 және 35 бірлік шамасында ғана. Жалпы, барлық жанрлар бойынша фильмдердің сапасы «орташа» (3-балл) деген бағаға иеленді. Сапасы жағынан төменгі баға боевик жанрындағы отандық фильмдерге берілді.

Фильмнің сапасын бағалауды кәсіби қоғамдастық тарапынан да, көрерменнің, аудиторияның бағалауы тұрғысынан да қарастыруға болады. Кәсіби кинематографистік қоғамдастықтың бағасы фестивальдер және кино саласындағы сыйлықтар арқылы беріледі. Кәсіби бағалауға келетін болсақ,

марапаттардың объективтілік дәрежесі, сынның біржақтылығы және басқа да келіспеушіліктер әрқашан болады, сондықтан фильмнің сапасын аудитория бағалауының тұжырымдамасын егжей-тегжейлі қарастырған жөн. Фильмге көп көрермен келуі мүмкін, бірақ көргеннен кейін олар жұмсаған ақшасы мен уақытына өкініп қалатын жағдайлар болады. Фильмнің сапасы деп оның кең аудиторияны тарту қабілеті емес, көрерменнің көңілінен шығу мүмкіндігі болуы ықтимал [111].

Сонымен қоса, сұрау барысында халықтың ұлттық фильмдерге деген көзқарасы айқындалып, мемлекеттің ұлттық кинематографияны дамытудағы жұмысының тиімділігіне, сондай-ақ заманауи қазақстандық фильмдерді қабылдауға баға берілді.

Бұған дейін атап өтілгендей, Қазақстанда ұлттық фильмдер мемлекет қаражаты есебінен түсірілуде басымдыққа ие. Респонденттердің 69,8%-ы мемлекет ұлттық кинематографияны қаржыландыру қажет екенін атап өтті. Ал респонденттердің 19,4%-ы мұндай қаржыландыруға қарсы болса, 10,8%-ы жауап беруге қиналған (15-сурет).




Сурет 15 – Ұлттық фильмдерді мемлекет қаржыландыруы қажет пе?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

Азаматтардың 55,9%-ы атап өткендей, мемлекет қаржыландыратын әлеуметтік маңызы бар фильмдер халықтың қызығушылығын тудырмайды, олардың бюджеті іс жүзінде өзін ақтамайды. «Ұлттық фильмдер жоғары көркемдік деңгейде жасалып, халықтың рухани сұранысын қанағаттандырады, мемлекеттік мүддеге, елдің танылуына қызмет етеді» деген пікірді халықтың 12,6% ғана қолдаған.

Ұлттық кинематографияны дамытудағы мемлекет жұмысының тиімділігіне келсек, 5 балдық жүйемен бағалаған респонденттер жұмыстың тиімділігін «орташа» (45,5%) деп бағалады. 10,9% жоғары тиімді деп санаса, 18% төмен баға берді (16-сурет).



Сурет 16 – Мемлекеттің ұлттық киноны дамыту қызметінің тиімділігін қалай бағалайсыз?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

Сұрауға қатысқан азаматтардың пікірінше, мемлекет қаржыландыратын ұлттық фильмдер түсіру мынадай нәтижелер беруі тиіс:

- азаматтардың мәдени және зияткерлік әлеуетінің артуы (69,8%);
- елдің әлемдік аренадағы имиджі, танылуы (56,8%);
- кірісті ұлғайту мақсатында әлемдік кино нарығына шығу (53,6%);
- фильмдердің өзін-өзі ақтауы, ел бюджетіне қаржының қайтарымдылығы (41,4%).

Азаматтардың пікірінше, ұлттық киноның тартымдылығын арттырудың қажетті шаралары мынадай:

- жасалып жатқан фильмдердің сапасы бойынша жұмысты күшейту (81,5%),
- фильмдерде заманауи шындықтың өзекті мәселелерін көрсету (58,6%),
- қаржыландыруды арттыру (35,6%),
- шетелдік әртістерді актерлік құрамға тарту (18,5%) (17-кесте).




Сурет 17 – Қазақстандық (ұлттық) киноның тартымдылығын арттыру үшін қандай шаралар қажет?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

Қоғамдастықтың басқарушылық шешімдер қабылдауға белсенді қатысуы киноиндустрия саласына да тән құбылыс. Мемлекеттің бюджетіне түсірілетін фильмдердің сапасы, қаржысы, тиімділігі, әсері сияқты негізгі критерийлер бойынша қоғамдық талқылау саланың дамуына ықпал ете алады.

Мемлекет қаржыландыратын киножобаларды жоспарлауда немесе іріктеуде сұраулар, фокус-топтар, экзит-пул сияқты әдістер арқылы халықтың пікірін біліп отыру қажетті жұмыс деп есептейміз. Бұл – әлеуметтік аудит жүргізудегі басты құралдардың бірі. Мұны біздің сұрауға қатысқан респонденттер де растады (18-сурет).




Сурет 18 – Мемлекет қаржыландыратын киножобаларды жоспарлауда немесе іріктеуде халықтың пікірін біліп отыру қажет пе?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

18-суреттен байқағанымыздай, сұралған халықтың жартысынан көбі (63,5%) фильмдерді түсіру үшін мемлекеттен бөлінетін қаражат салық төлеушілердің, яғни қарапайым халықтың ақшасы болғандықтан азаматтардың пікірі ескерілуі тиіс деп санайды. Бұл ретте, назар аударатын тағы бір өзекті мәселе – сарапшылық қауымдастықтың белсенділігі. Сұрауға қатысқандардың бір ширек бөлігі (32,9%) кәсіби мамандармен, сарапшылармен талқылаудың жеткілікті екенін білдірді. Бұл мәселе қоғамдастықпен бірге сарапшылардың да елеулі рөлі мен ұлттық фильмдердің тақырыптарын, мазмұндық, идеологиялық әсерін, қаржылық әлеуетін, тартымдылық мүмкіндіктерін жоспарлаудағы маңызды қызметінің қажеттілігін негіздейді.

Халықтың кинопроцесске араласуы таңғаларлық құбылыс емес. Мемлекеттік бюджетке түсірілетін ұлттық фильмдердің жасалу барысы азаматтарды мүлде алаңдатпайды деп айта алмаймыз. Мұны сұрау нәтижелерінен байқадық (19-сурет).



■ Иә ■ Жоқ ■ Жауап беруге қиналамын

Сурет 19 – Мемлекет бюджеті есебінен түсірілетін фильмнің өндірісіне қатысқыңыз келе ме?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

Киноөндіріске қатысуға ниет білдірген азаматтардан бұл қатысу қандай сипатта іске асатынын білуді жөн көрдік (20-сурет).



Сурет 20 – Ұлттық киноның өндірісіне қалай атсалысатын едіңіз?

Ескерту – Суретті сұрау нәтижелерінің негізінде автор әзірлеген

Мүдделі халық кино процеске жалпы қалай қатыса алады? Біздің пікірімізше, кино саласына халықтың қызығушылық білдіруіне, қатыстырылуына ықпал етуші тетіктер ретінде мыналар көзделеді: кастингке қатысу, фильмдердің идеялары мен проблемалық мәселелерін талқылауға қатысу, түсірілім үшін локация ұсыну, фильмдерді ілгерілетуге атсалысу, әлеуметтік желілерде фильмдер туралы ақпаратты репост жасау, киноны түсіру үшін қаражат жинауға қатысу (краудфандинг), жаңа тұсаукесерлерді қарап отыру, бюджеттік қаражаттың тиімді игерілуіне мүдделі болу, фильмге рецензия жазу, фан-клубтарға мүше болу және басқалар.

Бұдан бөлек, диссертациялық зерттеу жұмысының барысында киноиндустрия саласындағы отандық сарапшылардың сұхбаттары мен пікірлерінің мазмұнына талдау жасау арқылы кабинеттік зерттеу жүргізілді. Оның мақсаты отандық бұқаралық ақпарат беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланған қолда бар мәліметтер мен әдебиеттерге шолу жасау және теориялық білімдер мен практикалық қолданудағы кейбір олқылықтарды айқындау арқылы отандық киноиндустриямен байланысты мәселелерді зерттеу болып табылды. Мұндай контент-талдау екінші реттік деректерді зерттеу негізінде қазақстандық фильмдерін қабылдаудың қоғамдық маңыздылық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл ретте, отандық киноиндустрия туралы дискурс сандық және сапалық әдістерді қолдану арқылы жинақталды. Ақпарат көзі ретінде You Tube онлайн-платформасында қолжетімді сарапшылық сұхбат түріндегі видео мен оның астында жазылған қазақстандық киноиндустрия мәселелеріне қатысты қазақстандық азаматтардың 800-ден астам пікірі (комментарийлері) талданды [93].

Видео деректі фильм (сұхбат) форматында әзірленген, онда сарапшылар қазақстандық киноиндустрия, мемлекеттік фильмдер, жекеменшік фильмдер, қаржыландыру, рентабельділік және басқа да өзекті мәселелер туралы өз пікірлерін білдіреді. Сарапшы-информаторлар ретінде Қазақстандағы белгілі режиссерлер, актерлер, продюсерлер, дистрибьюторлар, сондай-ақ ірі институционалдық құрылымдардың басшылары, кинотанушылар, сыншылар қамтылды.

Бұл бақылау сипатындағы (обсервациялық) зерттеу болып табылады. Оның барысында біз әлеуметтік желілерде ашық қолжетімді дайын материалдарға екінші реттік талдау жүргіздік, сондықтан респонденттердің келісімі сұралмады.

Қазақстандық кино туралы дискурсты талдау барысында қазақстандықтардың киноға деген қажеттіліктері мен қабылдау ерекшеліктері айқындалды. Бұл рефлексияны интернеттегі комментарийлер мен сұхбаттар арқылы жасадық. Жалпы комментарийлердің бірегейлігі – көтерілген мәселені қолдауға немесе қарсы ой білдіруге қатысты жеке пікірлерін білдіре отырып, тұрғындар белсенділігінің көрінісін көрсетеді. Әлеуметтік желілерде мазмұнға, тілге және ауқымға шектеулер болмағандықтан мұндай пікірлер жұртшылық үшін ыңғайлы және қолжетімді болуымен ерекшеленеді.

Сонымен, азаматтардың 800-ге жуық комментарийлеріне контент-талдау жүргізу нәтижесінде келесі мәліметтер алынды. Комментарийлерде ең жиі кездескен сөздер мыналар болып табылады: фильм – 475 рет кездеседі, кино – 296, комедия – 138, көрермен – 59, киноиндустрия – 18, қазақ киносы – 18.

Қазақстандық көрерменнің назарын аударған және талқылауына түрткі болған негізгі мәселелер келесі тезистерде байқалады:

– елде комедиялық жанрдың басымдығы (комедия сөзі 138 рет қолданылған, ал драма – 22, боевик – 6, фэнтези және деректі фильм 1 реттен);

– «Қазақфильм» ұлттық киностудиясының негізгі рөлі (57 рет атап өтілген);

– мағыналық контенттің маңыздылығы және фильм жасаудағы көрерменнің мүдделері (42 және 60);

– фильмдердің бюджеті мен кассалық жинақты жария ету (ақша – 63, бюджет – 32, касса – 32);

– кинотеатрларға балама сервистердің қолжетімділігі туралы көрерменнің хабардар болуы (қолжетімділік – 10, Netflix – 10, You Tube – 6).

Сонымен қатар, қолданушылар соңғы 10 жылда түсірілген 25 қазақстандық фильмнің атауларын айтып өтті. Оның ішінде 10-ы мемлекеттік бюджет есебінен, 15-і жеке қаражатқа түсірілген фильмдер. Мемлекеттік фильмдердің жартысынан көбі – тарихи фильмдер (мысалы, «Томирис», «Қазақ хандығы» және басқалар).

Сарапшы мамандардың пікірінше, мемлекеттік бюджеттен кино өндірісіне қаражат бөлінуі – елдегі басым артықшылықтардың бірі, себебі кейбір елдерде кино мемлекеттен қаржыландырылмайды. Басымдықтың тағы бірі – қазақстандық киноның халықаралық беделді кинофестивальдерге қатысу тәжірибесі, алайда кемшілік тұсы – әлеуметтік тақырыптарды қозғайтын «ақылды» кино жергілікті көрермен, прокат үшін емес, фестивальдер үшін ғана өтімді болғаны [112].

Негізгі бірліктерді талдау барысында қазіргі таңда Қазақстанның киноиндустриясында шоу-бизнес, әзіл шоу саласының өкілдерінің бастамасымен, қатысуымен жасалған комедиялық фильмдердің көбею үрдісі байқалды. Мұны сарапшылық пікір бір жақты қолдап отырған жоқ, қарсы пікірлер де бар. Бұл мәселе сарапшылар арасында екі жақты қабылданады, белгілі бір ортақ келісімді позиция жоқ.

Бірінші пікір – жағымсыз, қолдамайтын пікір. Кино саласында арнайы білімі және көп жылдық тәжірибесі бар танымал кейбір режиссерлер, сценаристер, продюсерлер бұл жағдайды теріс бағалап отыр. Олар мұндай фильмдерді нағыз киноөнім деп санамайды [93]. Олардың пікірінше, мұндай комедия жанрындағы «жеңіл» фильмдер киноөнімді жасау қағидаттары мен ережелеріне сай келеді және сұраныстың болуына байланысты кино нарығында болуға құқылы, алайда сапа мен мағыналық контент жағынан сарапшылардың жоғары бағасына ие болмайды.

Екінші пікір – жағымды, қолдайтын пікір. Басқа сарапшылардың пікірінше, бұл – қолайлы үрдіс. Олар мұны коммерциялық фильмдердің таңдауда көп болуы кинематографистер арасында бәсекелестікті қамтамасыз етеді, ал бұрын іс жүзінде мемлекеттік қаржыландырусыз жекеменшік фильмдер түсірілмегенімен негіздейді. Қазір нарықта бәсекелестік бар, бұл кинематографистерді дамытуға, сол арқылы сұранысты қамтамасыз етуге итермелейді [93].

Мұндай екі жақты қабылдау мен бағалау көрермен халықтың арасында да байқалады. Мұны контент-талдау аясында зерделенген азаматтардың оптимистік және негативті пікірлері дәлелдейді.

Пікірлердің бірінші тобында қазақстандық кино оң қабылданады:

«Білесіздер ме, мен біздің кино дамып жатқанына өте қуаныштымын»
(Информант 1).

«Қазақ киносына бара алатыныма мен қуаныштымын, таңдау бар. Комедиялар, мелодрамалар, сапалы, сапасыз маңызды емес, 10 жыл бұрын мұндай болған жоқ еді. Бәсекелестік, пікір, тәжірибе бар. Әрі қарай тек жақсы болады деп ойлаймын» (Информант 2).

«Біздің киноға аталар, апалар немерелерімен баратынын әрқашан байқаймын, олар риза болып күледі. Ал шетелдік фильмдерде оларды көрмеймін. Иә, біздің кино мінсіз емес, бірақ соншалықты жаман емес»
(Информант 3).

«Мен қарапайым көрерменмін, біздің кино қызық болғанына қуанамын, оған адамдар қуана-қуана барады, билет алу үшін кезекте тұрады»
(Информант 4).

«Отандық киноиндустрияны өте қатты жақсы көремін, әртүрлі қолдауға тырысамын: кинотеатрға барамын және шетелдік емес, пікірлер жақсы емес болса да отандық киноны таңдаймын, ютубта көремін, комментарийлер қалдырамын, достарыммен бөлісемін» (Информант 5).

«Қазақ киносы жанданып, қызық бола бастады. Қазір қазақ комедияларын кешке көру ең сүйікті уақыт өткізудің бірі» (Информант 6) [93].

Екінші топтағы шолуларда қазақстандық көрермендердің біраз бөлігі негізінен отандық фильмдерді әдейі көрмейтінін, шетелдік фильмдерге басымдық беретінін атап өтеді. Көрермен мұны қазақстандық киноөнімнің сапасының төмендігімен, мазмұнының қызықсыздығымен түсіндіреді. Азаматтар тарапынан қазақстандық киноға теріс көзқарас танытатын кейбір жауаптар берілген:

«Бізде кинематография мектебі жоқ, «мектеп» дегенде мен институт сияқты емес, мәдени-тарихи қабат ретінде айтып отырмын» (Информант 7).

«Қазақстанда қазіргі кезеңде бәріне ұнайтын кәсіби кино жоқ. Біз үздік туынды көргіміз келеді! Олар өкінішке орай, жоқ» (Информант 8).

«Қазір экранда көрсетілетін нәрсені «кино» деп айту қиын, мұнда кәсіби мамандар жоқ. Бұл күлкілі сәттері бар бейне оқиға» (Информант 9).

«Жеке мен үшін біздің фильмдер қызығушылық тудырмайды, не десек те, кәсібилік жоқ» (Информант 10) [93].

Осылайша, азаматтардың жауаптары мен сарапшылардың берген бағасын нақтылай келе, Қазақстандағы көрермендер қоғамы үш пікір лагеріне бөлінген деген қорытынды жасауға болады. Бірінші топ Қазақстандағы комедия жанрының құрылуы мен дамуының қазіргі ағымының өкілдерін қорғайды. Екінші топ байыпты, мағыналы, оның ішінде авторлық көркем киноны қалайды. Үшінші топ – екі тарапты да қолдайтындар мен бейтараптар.

Жоғарыда айтылған қазақстандық киноиндустрияның ағымдағы жағдайы мен ерекшеліктерін сыни талдаудың нәтижелерін тұжырымдайтын болсақ, соңғы кездері сарапшылар мен жергілікті киноны тұтынушылар арасында фильмдердің мағыналық мазмұны, шығармашылық ұсынуы мен көркемдік

деңгейі бойынша қызу талқылаулар жүруде. Сонымен бірге, оларды қаржыландыру көздері аясындағы мәселелер де өзекті болып табылады. Осы ретте, қазақстандық киноиндустрияның дискурсын дамытуға азаматтардың қатысуын көздейтін әлеуметтік аудит ұғымын қолданған жөн.

Қоғамдық және сарапшылық пікірлерді саралай келе, қазақстандық киноиндустрия жоғары сапалы көркемдік киноның, сонымен қатар «арзан» комедиялық өнімнің болуымен сипатталатынын атап өтеміз. Бұл ретте, сарапшылар комедиялық киноларды «кино» деп атауға бейім емес. Дегенмен де, коммерциялық кино өзінің «жеделдетілген» даму жолынан өтуде, оның нарықтағы пропорционалды үлесі артып келеді. Мұндай жеке фильмдер, көбінесе комедиялар мемлекеттік бюджетке түсірілген фильмдерге қарағанда танымал және коммерциялық жағынан табысты. Бұл бір жағынан қазақ киноиндустриясының бәсекеге қабілеттілігін дамытатын оң үрдіс. Алайда, екінші жағынан, бұл жағдай қоғамдық фильмдерді сценарий жазудан бастап фильмді нарыққа жылжытуға дейінгі фильм өндірісінің жүйесін, сондай-ақ мемлекеттік және жеке қаражатты бөлу мен игерудің тиімділігін қайта қарауды талап етеді.

Жоғарыда ұсынылған болжамдар бойынша келесі тұжырымдарды байқадық. Қазіргі кезеңде кино саласындағы басқарушылық процестерге қарапайым азаматтар қатысу тәжірибесі әлі қалыптаспаған. Бұл азаматтардың кино саласының қоғамдық аспектісіне мүлде қызығушылық танытпайды деген сөз емес. Әртүрлі формаларда ұлттық киноның өндірісіне атсалысуға ниетті азаматтардың бар екені сұрау барысында және комментарийлерге контент-талдау жүргізу кезінде айқындалды. Қазақстанда шығарылған фильмдерді қолдауға барынша үлес қосып жүрген азаматтар бар.

Сонымен қоса, мемлекет қаржыландыратын киножобалар мен олардың тақырыптарын анықтауда азаматтардың пікірін ескеру қажет деген ойды ұстану халықтың белсенділігін растайды. Себебі фильмдерді шығару үшін бөлінген мемлекеттік қаражат әдетте салық төлеушілердің ақшасы, сол себепті халық пен кәсіби сарапшылық қоғамдастықтың пікірі ескерілгені жөн.

Соңғы 5-10 жылдарда елде өндірілген отандық фильмдерді халықтың ұнатпауының себебі бір жағынан сапасы болса, екінші жағынан актерлік құрамның қайталануы мен олардың кәсіби біліктілігінің төмендігі болып табылды. Қазіргі заманғы қазақстандық фильмдердің сапасы жоғары емес, орташа деңгейде бағаланады деген болжам да расталды. Ұсынылған 5-баллдық шкала негізінде 3 немесе 4 баллдан жоғары емес. Бұл нәтиже отандық фильмдердің сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жандандыру қажеттігін көрсетеді. Осы орайда, шетелдік тәжірибені ескере отырып, отандық фильмдердің сапасын айқындаудың әдіснамалық негіздерін, соның ішінде отандық фильмдердің сапасын арттыру үшін нақты параметрлерді айқындау ұсынылады.

Сұрау нәтижесінде респонденттердің ұлттық фильмдер туралы ой-пікірі біздің болжамнан алшақ болған жоқ, дегенмен де біршама өзгешелік болды. Біздің болжамымызда ұлттық фильмдер арқылы елді таныту, әлемдік

кинонарыққа шығу мүмкіндігін басымдық етіп алсақ, ал респонденттер ұлттық фильмдер арқылы азаматтардың мәдени және зияткерлік әлеуеті артады деген ұстанымды көбірек таңдады. Ал ұлттық фильмдердің прокаттан түсетін қаржылық қайтарымының төмендігі қоғамдық пікірмен де расталды.

Сонымен, қазақстандық киноның рухани-өнегелік әлеуетін әлеуметтанулық бағыт арқылы зерделеу қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік шындықты талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қазақстандық киноиндустрия өнімдерінің бүгінгі жай-күйі туралы төл деректерге қол жеткіздік. Қазақстандық қоғамда отандық кино өніміне сұраныс артып келеді. Әлеуметтік зерттеу аясында халықтың ұлттық кинематографияны дамытуға, фильмдердің сапасын арттыруға мүдделі екені анықталды. Қазақстандықтар басқарушылық шешімдер қабылдауға азаматтық белсенділік пен қырағылық танытуда. Сарапшылардың кейбіреуі комедия жанрындағы фильмдерді бәсекелестікті арттырудағы фактор деп қабылдаса, екіншілері оның сапасына алаңдауда. Идеологиялық фильмдердің қаржылық қайтарымынан бөлек, мәдени құндылық, мұра ретіндегі рөлі де маңызды.

2.3 Қазақстандық фильмдерде мемлекеттік саясаттың көрініс табуы

Мемлекет үшін кино идеология құралдарының бірі болып табылатынын ескерсек, мемлекеттік саясат пен оның идеяларын коммуникация құралдары арқылы, соның ішінде кино өнімдері арқылы тарату және адамзат санасына әсер ету өзекті мәселе.

Бұл бөлімде қазақстандық киноиндустрия саласының идеологиялық хабарларды тарату тұрғысынан ерекшеліктері қарастырылады. Кинодағы әлеуметтік мәселелердің, мемлекеттік хабарламалардың (месседждердің) және қоғамдық құндылықтардың бейнеленуі талданады. Қазақстандық көрермен арасында кең танымалдыққа ие болған фильмдер мысалында қазақстандық кино өндірісінде тікелей немесе жанама түрде көрініс тапқан мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары зерделенеді.

Қазіргі кезеңде сарапшылық пікір бойынша заманауи қазақстандық киноны үш секторға бөліп көрсету қалыптасқан. Кинотанушы Г. Әбікееваның пікірінше, қазақстандық кино мемлекеттік сектор, бизнес-сектор және жекеменшік сектор деп үшке бөледі [113].

Б. Қылышбаева мен О. Борецкий де қазіргі кезеңде қазақстандық кино өзінің көрерменіне, соның ішінде жас ұрпаққа үш негізгі трендтерді ұсынатынын атап өтеді:

- 1) идеологиялық хабарлама;
- 2) коммерциялық кино;
- 3) авторлық (артхаус) кино [64, с. 148].


Бірінші бағыт мемлекеттік патриотизм, этнотарихи деректер, ұлт генезисі, отбасылық құндылықтар сияқты мағыналық үлгілерге негізделеді. Мұндай фильмдерді көбінесе мемлекет қаржыландырады.

Атап өтетін мәселе – кинодағы идеологиялық тапсырыс бұрыннан келе жатқан дәстүр. Кеңестік Қазақстан киносын зерттеуші авторлар фильмдерді

тарихи-революциялық, музыкалық комедия және әскери-патриоттық жанрдағы фильмдер деп бөлген [114].

Екінші бағыт интертейменттің әртүрлі тақырыптарын қамтиды, бұл – жекеменшік қаражатқа шоу-бизнес өкілдерінің, эстрада әртістерінің жасап жатқан комедиялары. Негізінен мұндай коммерциялық фильмдер қала мен ауыл, бизнесті жүргізу, ойын-сауықтан құралған өмір салты, отбасылық және тұрмыстық қатынастар, жаман әдеттер сияқты тақырыптарды қамтиды.

Үшінші бағыт өздерінің жеке қаражатына түсірілген жас кинематографистердің жұмыстары. Олардың мағыналық хабары – құндылықтар мен ойлар туралы радикалды мәселелер, әлеуметтік әділеттік, сыбайлас жемқорлық, дәстүрлі және заманауи ойлау мәселелері (21-сурет).



Сурет 21 – Қазіргі заманғы қазақстандық кинода ұсынылатын трендтер

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [64], [114]

Осылайша, мемлекеттік секторда идеологиялық сипаттағы мемлекеттік қолдауға ие болған фильмдер түсірілсе, бизнес-секторда коммерциялық табыс табу, кинопрокатқа шығу үшін, ал жекеменшік секторда көбінесе табыс әкелмейтін, алайда кинофестивальдерге қатысуға арналған фильмдер түсірілуде [113].

Кез келген ел үшін кино – қоғамдағы әлеуметтік шындықты бейнелейтін құрал. Адамдар арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттестікті, теңсіздікті, әлеуметтік процестерді және әлеуметтік институттар қызметін сипаттау қабілетіне ие. Жоғарыда атап өткеніміздей, кино – қазіргі заманды сипаттау, тарихтың бейнесі және болашақтың болжамы. Кино – бір жағынан қарағанда шындық, екінші тарапынан – ойдан құрастырылған әлем. Кино – өнер мен бизнестің комбинациясы.

Осылайша, кинематографияның мұндай сипаттамалары мен алуан түрлі аспектілері зерттеушілерге оны әртүрлі ғылыми таным позицияларынан зерттеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басқару тарапынан киноиндустрияға көзқарас оның мемлекеттік саясат тұжырымдары мен идеологияны көрсете алуын айқындаумен негізделеді. Кино қандай да бір мемлекеттің, өңірдің саяси, әлеуметтік және мәдени-құндылықтық негіздерін «жұмсақ күш» ретінде өзге елдерге трансляциялау мүмкіндігін ұсынады. Сондықтан да кино бүгінде ұлттық идеологияның құрамдас бөлігі, халықтың рухани дамуының ең мықты қаруы саналады. Ал ұлттық қасиет сезімін отандық киноөндіріс арқылы биік деңгейге көтеруге ұмтылатын болсақ, мұндай фильмдерді шынымен де кинематографиямыздың басты жетістіктерінің бірі деуге болады. Кино ең алдымен өз халқына арналуы керек. Сонда ғана ұлттық нақышпен сусындап, жетістіктері де биік болмақ [115].

Бұл бөлімдегі зерттеу негізгі мемлекеттік бағдарламалық құжаттар мен даму тұжырымдамаларының мазмұнын жаппай прокатқа шыққан отандық фильмдердің идеологиялық хабарламаларымен салыстыра отырып талдау арқылы жүзеге асырылды. Талдау мерзімі (хронометражы) 1992 жылдан басталып, 2021 жылдың соңында аяқталады. Бұл уақыт кезеңін қоғамдық дамудың бірнеше кезеңдеріне бөлуге болады. Олардың әрқайсысы белгілі бір салалардағы жаңғыру процестерімен сипатталады:

- 1) 1992 жылдан 1990 жылдардың аяғына дейін: институционалдық жаңғыру;
- 2) 1990-жылдардың аяғынан 2012 жылға дейін: экономикалық жаңғыру;
- 3) 2012-2016 жылдар аралығында: әлеуметтік жаңғыру;
- 4) 2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін: қоғамдық сананы жаңғырту.

Бұл кезеңдерге бөлу шартты түрде екенін айта кеткен жөн. Әр уақыт кезеңінде қоғам өмірінің барлық аспектілеріне әсер ететін күрделі жаңғыру процестері жүреді. Белгілі бір кезеңдерді бөлу кез келген құрамдас бөліктің басым болуына байланысты, алайда басқа факторлардың әсерінің жоқтығын білдірмейді [116].

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған кезеңде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды. Қоғамдық дамудың әртүрлі кезеңдерінде белгілі бір басымдықтар белгіленді, ал тұтастай алғанда, көпшіліктің назарында тұрған негізгі мәселелер кешені ескерілді. Олардың ішінде ең маңыздылары: ұлттық бірегейлік, экономикалық, өндірістік, технологиялық даму, сыртқы саясат, білім беру, отбасы саясаты, этникалық-діни келісім, әлеуметтік қамтамасыз ету, халықтың еңбекке көзқарасы мәселелері. Кейіннен жастар саясаты жаңа бағыт ретінде пайда болды. Одан бөлек, қазіргі заманның талаптарына сай жаһандық үрдістердің әсерінен цифрландыру, ақпараттық технологияларды әртүрлі салаларда қолдану, электронды коммерция сияқты процестер мен бағыттар қолға алына бастады.

Аталған аспектілердің бәрі, әртүрлі сипатта кинематографта көрініс тапты. Өнер әрқашан әлеуметтік контекстке және оның өзгерістеріне ден қояды, кино да осының дәлелі болып табылады.

Кино қоғам мен оның құрылымын сақтауды қолдайтын құндылық көзқарастардың қалыптасуына әсер етеді [117]. Қазіргі уақытта мемлекеттік идеология тікелей немесе жанама түрде мемлекеттік тапсырыс бойынша түсірілген немесе Ұлттық кинематографияны қолдау жөніндегі мемлекеттік орталық түсірген фильмдерде ғана емес, сонымен қатар киностудиялар мен авторлық жобаларды шығаруда да жиі көрініс тауып отыр деген гипотеза қалыптастыруға болады. Бұл ойды Мишель Фуконың билік дискурсының теориясы тұрғысынан түсіндіруге болады. Дискурс – билікті жүзеге асыру құралы. Бұл субъектілер белгілі бір дискурс шеңберінде ғана толық өзара әрекеттесе алатындай ұйымдастырылған «сөйлеу, мәтіндер және тәжірибелер» желісі [118]. Білімді өндіруді, келіспеушілік пен айырмашылықты шектейтін, ал кейбіреулері жаңа білім мен айырмашылыққа «рұқсат ететін» дискурстар бар. Бұл құрылымның ішінде туындайтын сұрақтар кейбір дискурстардың өз беделін қалай сақтайтынына, кейбір «дауыстардың» қалай естілетініне, ал басқаларының үнсіз қалуына байланысты.

Зерттеу дискурстық талдау элементтерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының негізгі идеологиялық-бағдарламалық құжаттары мен қазақстандық аудитория арасында кең танымал болған фильмдердің мазмұнын талдауға негізделген.

Талдау барысында тәуелсіздік алған жылдардан бері елдің даму жолында елеулі рөл атқарған және қазіргі кезеңде де қолданыста жүрген ресми бағдарламалық сипаттағы құжаттардың негізгі ой-тұжырымдары қазіргі заманғы кинода арқау табуы тұрғысынан қарастырылды. Солардың қатарынан мыналарды атап өтуге болады: Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлік тұжырымдамасы; «Қазақстан-2030» даму стратегиясы; «Қазақстан 2050» стратегиясы; «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына 20 қадам»; Өңірлерді дамыту бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Ұлттық рухани жаңғыру»; «Ұлы даланың жеті қыры», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мемлекеттік бағдарламалық мақалалар және басқалар.

Аталған бағдарламалық құжаттар мен тұжырымдамалардың әрқайсысы отандық кинематографияда көрініс тапқан әртүрлі құнды құрамдастарды камтиды (16-кесте).

Тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде белгілі бір идеологиялық хабарлар басым болды. Олар тек ресми деңгейде ғана емес, сонымен бірге өнер мен шығармашылық арқылы да берілді. Бұл саланың халыққа әсер ету мүмкіндігі жоғары, өйткені ол, әдетте, әсер ету объектісі үшін байқалмайды және мәжбүрлеу сипатында емес.

Кесте 16 - Қазақстандық фильмдердегі мемлекеттік саясаттың көрінісі

№	Жаңғыру түрі	Кезеңдер	Негізгі сипаттамалар	Фильмдер
1	2	3	4	5
1.	Институционалдық жаңғыру	1992 жылдан бастап 90-жылдардың соңына дейін	Идеологиялық вакуум кезеңі. Ескі тәжірибенің тоқтап қалып, ал жаңасы әлі орнатылмаған жағдайлар. Бұл белгісіздік кинематографияда көрініс тапты: өзін-өзі тану және анықтау мәселелері болды.	«Сергелдең» («Сон во сне»), «Место на серой треуголке», «Стрейнджер», «Голубиный звонарь», «Жизнеописание юного аккордиониста», «Станция любви» фильмдері
2.	Экономикалық жаңғыру	1990-жылдардың аяғынан 2012 жылға дейін	Дағдарыс төмендеген кезде рефлексия дәуірі. Кең тараған тақырыптардың бірі 90-шы жылдары өршіп тұрған қылмыс тақырыбы болды. 2000 жыл 2-жартысында тарихи оқиғалар рефлексия тақырыбына айналды.	«Фара», «Киллер», «Рекетир», «Сталинге сыйлық», «Көшпенді», «Моңғол», «Алашорда», «Мұстафа Шоқай» фильмдері
3.	Әлеуметтік жаңғыру	2012-2016 жылдар	Мотивация кезеңі. Мемлекеттік идеологияда және кинода меритократиялық көзқарастар мен еңбек пен білімге деген ынталандыру басым.	«Препад», «Дорога домой» («Қарашаңырақ»), «Көшбасшы жолы», «Армандастар/Ради будущего», «Девушка и море»

16-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
4.	Қоғамдық сананы жаңғырту (рухани жаңғыру)	2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін	Құндылықтарды қайта бағалау кезеңі. Идеологиялық тұрғыдан құндылық бағдарларын жаңарту бағыты жарияланды, бұл киноөндірісте де көрініс тапты.	«Каникулы off-line», «Аким», «Брат или брак», «Келинка тоже человек», «My love is Aisulu», «Қазақша бизнес»
Ескерту – Кестені автор әзірлеген				

Әрі қарай мемлекеттік бағдарламалық құжаттарда айтылған ой-пікірді қазақстандық кинода қалай берілгені ұсынылады. Елдің даму кезеңіндегі басым бағыттарды, жаңғыру процестерін ескере отырып, институционалдық, экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық сананы жаңғырту тұрғысынан сипатталады.

Институционалдық жаңғыру

Институционалдық жаңғыру кезеңі дамудың жаңа жолын таңдаумен, мемлекеттік басқару жүйесінің өзгеруімен, әлеуметтік институттардың қайта құрылуымен және әміршілдік-әкімшіліктен нарықтық экономикаға көшудің басталуымен сипатталады.

Мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуы мен дамуының бастапқы кезеңі 1990-1993 жылдарға тура келді және елдің дербес дамуға көшуінің, дербес мемлекеттік-басқару жүйесінің негіздерінің қалыптасуының белгісімен өтті. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі өзгерістердің көпшілігі жаңа жүйені құруға емес, ескісін жоюға бағытталған болатын. Басқаша айтқанда, бұрынғы тоталитарлық жүйенің ыдырауы және қоғамдық-саяси қатынастар жүйесін түбегейлі реформалау болды [119].

Мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның алдында нарықтық, әлеуметтік бағдарланған экономикаға көшу міндеті тұрды. Алайда 1990-шы жылдардың басында «саясат экономикадан озып кетті», бұл экономикалық байланыстардың үзілуіне ықпал етті және егемендіктің алғашқы жылдарында теріс тізбекті реакцияға әкелді: зауыттар мен фабрикалар тоқтады, ондаған мың жұмысшылар жұмыссыз қалды, тіршілік көзі болмады. Көптеген ауыл шаруашылығы субъектілері субсидиялар мен дотациялардың тоқтатылуына байланысты кедейлікке ұшырады, нәтижесінде совхоздар мен колхоздар банкротқа ұшырады. Сондықтан бұрынғы Кеңес Одағының басқа республикалары сияқты Қазақстанның экономикалық жағдайы айтарлықтай нашарлады [120].

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруінің алғашқы кезеңдерінде кеңестік социалистік жүйе ыдырағаннан кейін пайда болған идеологиялық вакуумды толтыру қажет болды. Белгілі бір аномия жағдайы пайда болды – заттардың ескі тәртібі өмір сүруін тоқтатты, ал жаңасы әлі орнаған жоқ еді. Бұл белгісіздік кинода көрініс тапты. Мәселен, «Сергелдең» («Сон во сне») фильмінде кейіпкер қандай да бір түрде бірнеше өлшемде өмір сүреді: өз жұмысында, шынайы өмірде және түсінде. «Место на серой треуголке» картинасы бос өмір салтын ұстанатын, оның ішінде алкогольді, есірткіні және бос әңгімені негіз тұтатын жас жігіттің өмірінің бірнеше күндерін көрсетеді. Оның өмірі бір мағынада бос және белгісіздікке толы. «Стрейнджер» фильмінің тұжырымдамасы – салыстырмалылық, адамдар мен адам болмысының өзі арасындағы байланыстың бекем болмауы, өмірдің әрбір келесі сәтін болжау мүмкін еместігі. «Голубиный звонарь» - кейіпкердің өміріндегі қайғылы оқиғалар тізбегі. «Жизнеописание юного аккордиониста» - қиын өмірлік жағдайға тап болған бала туралы әңгіме. «Станция любви» кейіпкерлердің жолдары бір-бірінен алшақтап, тек көп жылдардан кейін, сәттілікпен қайта қосылады [121].

Бұл кезеңде түсірілген фильмдер кейіпкерлердің өміріндегі оқиғалардың көпшілігі олардың іс-әрекетінің нәтижесінде емес, кездейсоқ болатындығымен ерекшеленеді. Кейіпкерлер тағдырдың алдында біраз адасқан және дәрменсіз болып келеді. Бұл маргиналды киноның уақыты, онда кейіпкерлер өз өміріне қатысты шешім қабылдамаған, олардың әрекеттері оқиғалардың нәтижесіне аз әсер етеді.

1996 жылы мамырда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданды. Оған сәйкес «Этнос эволюциясы қисынының өзі ұлттың өмір сүруі мен дамуының материалдық және рухани жағдайларын қамтамасыз ететін құрал ретінде мемлекеттің пайда болу қажеттілігін айқындап береді» деп айтылған [122].

90-жылдары түсірілген тарихи фильмдер негізінен шығармашылық тұлғаларға арналған: ақындарға, жазушыларға, композиторларға («Юность Жамбыла/Жамбыл», «Абай», «Шәкәрімнің соңғы күзі»). Осы кезеңде мемлекеттің көшбасшылары, жаулап алушылар және саяси қайраткерлер туралы фильмдер іс жүзінде жоқ, кинематограф «өткір бұрыштарды», әлеуметтік-экономикалық проблемаларды айналып өтуге тырысады. Кейіпкерлердің өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі тануы туралы сұрақтар көп болды, өмірдің алдын-ала болжанбауы және тағдырдың адамның еркінен басым болуы туралы сюжеттік желілер танымал болды.

Экономикалық жаңғыру

Институционалдық және экономикалық реформалар кезеңінен кейін 2000 жылдардағы «тез ақшаға мас болу» және халықтың тұтынушылық қабілетінің артуымен шикізат бумы кезеңі басталды [123]. 1997 жылы «Қазақстан-2030» даму стратегиясы қабылданып, ол таяудағы 10 жылдықтың даму басымдықтарын айқындады. Шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақтардың жоғары деңгейі бар ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу

стратегияның маңызды басымдығы деп аталды [124]. «Қазақстан-2030» стратегиясына дамумен байланысты девелопменталистік көзқарас тән болды. Басты мақсат Қазақстанды «Азия жолбарыстары» болып табылатын Сингапур мен Малайзияның даму деңгейіне қол жеткізуге қабілетті экономикалық және саяси жағынан жоғары дамыған мемлекетке айналдыру болды. Ұлттық идеяның бұл құрамдас бөлігі этностық қатыстылығына және өзге де әлеуметтік-демографиялық белгілеріне қарамастан, барлық қазақстандықтарды біріктіруге арналған.

1990-жылдардың аяғында – 2000 жылдардың басында дағдарыс төмендеген кезде рефлексия дәуірі келді. Содан кейін рефлексияға арналған кең тараған тақырыптардың бірі 90-шы жылдары өршіп тұрған қылмыс тақырыбы болды («Фара», «Киллер», «Рекетир» фильмдері). 2000 жылдардың екінші жартысында тарихи оқиғалар («Сталинге сыйлық», «Көшпенді», «Моңғол», «Алашорда», «Мұстафа Шоқай» фильмдері) рефлексия тақырыбына айналды. Тоқсаныншы жылдардағы шығармашылық тұлғаларға арналған тарихи таспалардан айырмашылығы 2000 жылдардағы фильмдер саясат, шайқастар және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тақырыптарын қамтыды. Бұл орайда, «Көшпенді» фильмінің Қазақстан киноиндустриясына қосқан үлесін айта кеткен жөн. Бұл фильмді қабылдау әртүрлі болды: біреулер оны блокбастер деп атап, ауқымды жоба болғанын айтса, кейбіреулер басты рөлді шетелдік әртістердің сомдағанына наразы болды. Дегенмен де аталған фильмнің отандық киноиндустрияның дамуына үлес қосқанын мойындаған жөн. Тарихи декорациялар жасалынды, тақырыптық костюмдер тігілді, шетелдік әріптестермен жұмыс істеу тәжірибесі қалыптасты, арнайы технологиялар сатып алынды, елдің тарихына арналған фильмді шетелге ұсынуға мүмкіндік туды.

Қазақстанның экономикалық дамуында астананың алар орны ерекше болғаны белгілі. Қаланың инфрақұрылымдық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуы кейбір фильмдер мен теледидар өнімдерінде арқау болды. Мәселен, «Астанаға көктем кеш келеді» фильмі адамдардың тағдырын сипаттай келе, елдің астанасын жаңадан салуда болып жатқан тарихи кезеңдерді көрсетеді. «Байтерек» ауылда тұратын балалардың елордаға келуін баяндайды. «Астана – махаббатым менің» сериалы қаланың құрылысы, компаниялар арасындағы бәсекелестік, халықаралық іскери байланыстар, этносаралық қарым-қатынастар, отбасылық құндылықтар, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі сияқты әлеуметтік маңызы бар кешенді тақырыптарды ұсынады.

Әлеуметтік жаңғыру

2012 жылы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Ол экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу және сындарлы әлеуметтік саясат бағытын жариялады. Жаһандық бәсекелестік жағдайында әлеуметтік жаңғыру саясатының негізінде шынайы өнімді еңбек жатыр. Елдің әлеуметтік жаңғыру тұжырымдамасы ең алдымен азаматтардың санасын – масылдық көңіл-күйден

белсенді өмірлік ұстанымға нақты трансформациялауды, қайта құруды тұспалдады. Негізінде «аз жұмыс істеу – көбірек алу» деген ұстанымға негізделген әлеуметтік инфантилизм құбылысы қазақстандық қоғам үшін орынсыз құбылыс ретінде айқындалды [125].

Осы кезеңде түсірілген ойын-сауық фильмдері мемлекеттік идеология аясында тікелей емес, сонымен қатар айқын емес, жанама хабарларды да жеткізді. Мәселен, «Келинка Сабина» комедиясында Өңірлерді дамыту бағдарламасының идеялары көрініс табады (ауылдық жерлерде инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі). 2012 жылғы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында әлеуметтік жаңғыруға кедергі ретінде белгіленген әлеуметтік инфантилизм проблемасы өзекті бола түсуде.

Бұл бағдарламалық мақаланың мағыналық идеялары мен хабарлары басқа да отандық фильмдерде кездеседі: «Препод» фильмі – жоғары білім берудің өзекті мәселелері, жоғары білікті мамандарға сұраныс; «Дорога домой» («Қарашаңырақ») картинасы – дәстүрлі құндылықтар мен заманауи білім берудің үйлесімі, жастардың шетелде жұмыс істеуі; «Көшбасшы жолы» – металлургтен мемлекет басшысына дейінгі жолдан өткен Қазақстанның Тұңғыш Президенті туралы фильм Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының меритократиялық идеяларын қамтиды. «Армандастар/Ради будущего» фильмі Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленген студенттердің өміріндегі нақты оқиғаларға негізделген, жас мемлекеттің қалыптасу фондында қаһармандардың жеке тұлғалық қалыптасуы, алға қойған мақсаттары мен өмірлік жоспарлары орын алады. Осы кезеңнің фильмдеріне мынадай идея тән: тек қажырлы еңбегімен, өмірлік қиындықтар мен бөгеттерге мойымай, табысқа қол жеткізуге болады.

Сонымен қоса, көптеген отандық фильмдерде әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары да репрезентацияланған. Мысалы, «Девушка и море», «Әкеге қоңырау шалу» фильмдері мүмкіндігі шектеулі адамдардың, айрықша жағдайдағы адамдардың қоғамдағы орны, өмір үшін күресі мәселесін қозғайды. «Оралман» фильмі – шетелдегі этникалық қазақтар, репатрианттардың әлеуметтік бейімделуі.

Қоғамдық сананы жаңғырту (рухани жаңғыру)

2017 жылдың сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қоғамдық сананы жаңғыртудың бастауын көрсетті [126]. Мынадай негізгі бағыттар анықталды: білімнің салтанат құруы, жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, эволюциялық даму, ұлттық бірегейлікті сақтау және сананың ашықтығы. Мақалада айтылғандай, халықтың санасында осы қасиеттер мен құндылықтарды тәрбиелеу және нығайту маңызды. Рухани-адамгершілік тәрбие өзінің оң көрінісінде консерватизм элементтерін ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақтың интеллектуалдық дамуы саласындағы модернистік бағыттарды да қамтуы керек.

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңыздылығы атап өтілді. Бүгінгі таңда ұлттық бірегейлікті

калыптастыру қоғамда ғана емес, сонымен қатар сыртқы факторлардың ықпалымен жүріп жатқан кезде жастардың санасында ұлттық құндылықтарды - тілді, мәдениетті, салт-дәстүрді (мәдени кодты) сақтауды нығайту маңызды. Мәдени кодты сақтау мәселелері «Каникулы off-line» комедиялық фильмінде ашылған. Мұнда салт-дәстүрдің маңыздылығы, тарихи тамырлармен байланысын сақтау, урбанизацияның күшеюі және ауылды қолдаудың қажеттілігі туралы ойлар қызыл жіптей өрбиді.

Мәдени кодты сақтау (ұлттық бірегейлік, тілді білу, ұлтжандылық) мәселелері «Аким» фильмінде жаңартылған, онда қалада мансаптық өсу идеясына бой алдырған басты кейіпкер ақырында бұл туралы ойлана бастайды, ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге күш салады. Сонымен қоса, бұл картинада мемлекеттік басқару жүйесінде болып жатқан кемшіліктер, оның ішінде шенеуніктердің сыбайлас жемқорлыққа бет бұруы, цифрландыру бағдарламасының толық іске аспауы, Интернеттің жоқтығы, мемлекеттік тілді жеткілікті меңгермеу, шалғай аймақтардың экономикалық жағдайының нашарлығы, сумен қамтамасыз етілмеуі көрсетілген. Кинода осындай әлеуметтік мәселелерді ұсыну арқылы кино жасаушылар елдегі өзекті мәселелерді шешудің маңыздылығын жеткізуге тырысты. Сонымен қоса, бұл фильм қала мен ауыл өмірінің қарама-қайшылығы көрсете отырып, қазіргі қазақстандық жастардың ауылда тұрғысы келмейтінін, барынша қалалық өмірге ұмтылысын көрсетеді. Бұл ауылда жастардың дамуына мүмкіндіктің аздығынан болатынын білдіреді.

Мәдени код отбасылық құндылықтарды да қамтиды. Отбасы негізгі әлеуметтік институт болып табылады, сондықтан отбасылық құндылықтарды қалыптастыру рухани-адамгершілік тәрбиенің басымдығы болып табылады. Үйлесімді отбасы негіздерін сақтау – қазақстандық социумның қалыпты және толыққанды жұмыс істеуінің кепілі. «Келинка тоже человек», «Брат или брак» фильмдерінде отбасылық құндылықтар мен отбасылық өзара түсіністік мәселелері көтеріледі.

Тәуелсіздік жылдарында гендерлік саясат айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бірқатар прогрессивті үрдістер белгіленді: гендерлік теңдікке қол жеткізуге бағытталған құжаттарды қабылдау, партиялық тізімдер үшін гендерлік квоталарды енгізу, әйелдер кәсіпкерлігіне жеңілдікпен несие беру, гендерлік бағдарланған бюджеттеуді енгізу туралы мәселені қарау [127].

Соңғы бес жылда күшті, ақылды, тәуелсіз, өзін-өзі қамтамасыз ететін әйелдердің бейнелерін көрсететін фильмдер саны айтарлықтай өсті. 2019 жылы массагет патшайымына арналған «Томирис» фильмі жарық көрді, ол жауынгер және билеуші рөлдерін біріктірді. Бұрын, егер отандық өндірістің тарихи фильмдерінде көшбасшылар мен билеушілердің бейнелері пайда болса, онда бұл, әдетте, ер адамдар болатын. Әйелдердің тарихи тұрғыда басты қаһарман болуы өте сирек еді.

Ойын-сауық киносы сонымен қатар гендерлік рөлдерді қайта қарастыруды көрсетеді: «Каникулы off-line» фильмінде «қыз сияқты істеу» деген сөз қыздарды ренжітуі ықтимал және қыздардың ұлдар сияқты

қиындықтарды жеңе алатынын және одан кем емес жетістікке жете алатынын атап өтуге болады. «Келинка тоже человек 2» комедиясында ерлі-зайыптылар арасындағы гендерлік рөлдермен алмасу көрсетілген, ерлер мен әйелдердің гендерлік әлеуметтену мәселелері күлкіге негізделген түрде ашылған.

Осы кезеңдегі фильмдерде дәстүрлі және заманауи, қалалық және ауылдық өмір салтының өзара іс-қимылы «Каникулы off-line», «Әкім» фильмдерінде көрсетілген; жаһандану және ұлттық сәйкестілік – «My love is Aisulu», «Қазақша бизнес» фильмдер топтамасында көрсетілген. Кейіпкерлер көбінесе ағылшын тілін біледі және шетелдік білімі бар. Түрлі мәдениеттер мен өмір салттарының өзара әрекеттестігі қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі компоненттерінің бірі – «сананың ашықтығы» көрсеткіші болып табылады. Сананың ашықтығы өзгенің тәжірибесін алу, басқалардан үйрену қабілетін қамтиды [126].

Соңғы онжылдықта қазақстандық кинематограф бұрын көп жарияланбаған және белгілі бір дәрежеде өткір әлеуметтік мәселелерді қозғай бастады. Олардың қатарына: сыбайлас жемқорлық мәселелері, педофилия – «Черный, черный человек», еңбек көші-қоны және мигранттарды қанау – «Айка», әлеуметтік жетімдік, балалардың құқықтары мен қауіпсіздігі – «Я не вернусь», мектептердегі буллинг және оның салдары – «Уроки гармонии» фильмдерінде көрініс тапты.

Егер 2000 жылдарды кинематографта өткенге рефлексия деп атауға болатын болса, онда қазіргі заманғы кино ағымдағы мәселелерді байыпты немесе күлкілі түрде көрсетеді, көрерменнің өзгеруге деген ұмтылысын тудырады және ойлануға мәжбүр етеді. Құндылықтарды қайта бағалаудың өзіндік түрі бар: материалдық құндылықтар (байлық, экономикалық мәртебе) білімнің табынуымен, прагматизммен, мәдени кодты сақтау идеясымен және өзгеруге дайындықпен алмастырылады.

Бұдан бөлек атап өтетін мәселе – тарихи жады. «Қазақ хандығы. Алмас қылыш», «Төле би», «Әміре», «Томирис», «Балуан шалақ» сияқты тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың өмірін, мәдени мұрасын сипаттауға, дәріптеуге бағытталған тарихи фильмдердің орны бір бөлек. Бұл тарихи фильмдер – Қазақстан үшін әлемдік киноиндустрияға еруге бірегей мүмкіндік.

XX ғасыр мен XXI ғасырларда өмір сүрген тұлғалар мен қазіргі заманның батыры болып саналатын тұлғаларға арналған фильмдер де мемлекеттік тапсырыстың басты бағыттарының бірі. Мәселен, «Қаныш. Қазына», «Мұқағали», «Ақын», «Дос-Мұқасан» фильмдері. Сонымен бірге, соңғы жылдары спорт, дене тәрбиесі арқылы тұлғаның қалыптасуы, жетістіктерге жетуі, ер-жігітке тән қасиеттерді қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстану тақырыптары көркемдік және деректі фильмдерге арқау болып жүр («Жақсылық», «Боксшы» фильмдері).

Демек, мемлекеттік идеология кинода көрініс тауып, бұқаралық санаға әсер етуін жалғастыруда. Әрбір кино айқын немесе жасырын түрде белгілі бір мән-мағына беруге тырысады (22-сурет). Сол себепті киноны әсер ету құралы

ретінде ұтымды пайдаланған жағдайда оның әлеуметтік тиімділігі жоғары болады.



Сурет 22 – Кинодағы мемлекеттік саясаттың негізгі идеяларының көрініс табуы

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Фильмдердің көрнекі күші мен олардың баяндаулары адамдардың күтуін бейсаналық түрде қалыптастырады. Тұлғаның қалыптасу процесінде адамның отбасы, қоршаған ортасы, сонымен бірге кино да елеулі рөл атқарады. Бұл әсіресе балаларды тәрбиелеу кезінде маңызды. Бала өмірден немесе фильмдерден көргендерінің үзінділерін, әртүрлі таныс белгілерді пайдаланып, қайталауға бейім. Сондықтан фильмдердің мағыналық жүктемесіне мән беру маңызды.

Әдетте фильмдер барлық елде өзекті өмірлік және әлеуметтік мәселелерді көтереді. Фильмдердегі ортақ мотивтер: ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, махаббат пен келісім, бәсекелестік, мансап құру, жақсы өмір табуға тырысу, әлеуметтік теңсіздік, кедейлік, патриотизм және басқалар (17-кесте).

Кесте 17 – Шетелдік фильмдердегі мағыналық хабарламалар

Фильмдердің атауы	Жылы	Шығарған елі	Кинода көтерілген тақырыптар, негізгі мағына
1	2	3	4
Холоп	2019	Ресей	тәрбиелік мән, жастардың өнегелік құндылықтары

17-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Crazy rich Asians	2018	АҚШ	байлық, бизнес, отбасылық дәстүрлер, этносаралық қатынастар
Капернаум	2018	Ливан, АҚШ, Франция, Кипр, Катар, Ұлыбритания	баланың қиын өмірі, өмір сүру үшін күресу
Gifted	2017	АҚШ	балалық шақ, білім, дарын, отбасылық қатынастар
Движение вверх	2015	Ресей	спорт, жеңіс, салауатты өмір салты
Hundred-Foot Journey	2014	АҚШ, Үндістан, БАӘ	бизнес-бәсекелестік, этносаралық қатынастар, расизм
Moneyball	2011	АҚШ	ынталандыру, спорт, мақсатқа жету, жетістікке ұмтылу
Dukhless (Duxless)	2011	Ресей	ішкі дағдарысты жену, өмірдің мәнін түсіну, тойымсыздықтан аулақ болу
Ask Tesadüf leri Sever	2011	Түркия	махаббат, жастардың өмірі, шығармашылық
Intouchables (1+1)	2011	Франция	достық, әлеуметтік осал топтарға көмек
My Name Is Khan	2010	Үндістан, АҚШ, БАӘ	Ислам, дінаралық, отбасылық қарым-қатынас, толеранттық
Slumdog Millionaire	2008	Ұлыбритания, Үндістан	өмір сүру үшін күрес, білім алу, қиын балалық шақ
The Pursuit of Happyness	2006	АҚШ	өмір сүру үшін күресу, бір әкенің баласын тәрбиелеуі
Babam ve Oğlum	2005	Түркия	отбасылық құндылықтар, ұрпақтар сабақтастығы
Les Choristes	2004	Франция, Швейцария, Германия	тәрбие, музыкаға әуестік, қатал тәрбие
The Truman Show	1998	АҚШ	шырғалаң өмір тәртібін өзгертуге деген ұмтылыс
Home Alone	1990	АҚШ	отбасылық қатынастар, балалар тәрбиесі, дәстүр
Nachikô monogatari	1987	Жапония	адалдық, жануарларды сүю
Ескерту – Кестені автор әзірлеген			

Осылайша, аталған бөлімді қорытындылай келе мынадай тұжырымды айта кеткен жөн. Тәуелсіздік алған сәттен бастап қазақстандық кинематограф өзгерді және дамыды. Цензура біртіндеп төмендеді, бейнелер мен таратылатын

құндылықтар өзгерді. Дегенмен, мемлекеттік идеология бұрынғыдай кинода көрініс таба береді және бұқаралық аудиторияға әсер етуді жалғастыруда. Бұл тек мемлекеттік тапсырыс аясында шығарылған фильмдерге ғана емес, сонымен қатар жекеменшік кино студиялардың өнімдеріне де қатысты.

Елдегі жаңғыру процестерімен байланысты кинодағы идеологиялық өзгерістерді шартты түрде 4 кезеңге бөлуге болады деп қорытындылауға болады:

1. Институционалдық жаңғыру (1992 жылдан бастап 90-жылдардың соңына дейін). Бұл кезеңді идеологиялық вакуум кезеңі деп атауға болады. Ол аномия жағдайымен сипатталады: заттардың ескі тәртібі қазірдің өзінде тоқтап қалды, ал жаңасы әлі орнатылмаған. Бұл белгісіздік кинематографияда көрініс тапты: бірінші кезектегі мәселелер өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау мәселелері болды.

2. Экономикалық жаңғыру (90-шы жылдардың аяғынан 2012 жылға дейін). Бұл кезеңді өткенге рефлексия кезеңі деп атауға болады. Бұл кезеңнің киносы үшін тарихи оқиғаларға сыни көзқарас тән, ол өткір бұрыштарды айналып өтуге тырыспайды, керісінше өмірдің жағымсыз жақтарын көрсетеді.

3. Әлеуметтік жаңғыру (2012 жылдан 2016 жылға дейін). Бұл кезеңді мотивация кезеңі ретінде анықтауға болады. Мемлекеттік идеологияда және кинода меритократиялық көзқарастар мен еңбек пен білімге деген ынталандыру басым.

4. Қоғамдық сананы жаңғырту (2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін). Бұл кезеңді құндылықтарды қайта бағалау кезеңі деп атауға болады. Идеологиялық тұрғыдан құндылық бағдарларын жаңарту бағыты жарияланды, бұл киноөндірісте де көрініс табады. Көркем фильмдерде шешімін талап ететін өткір әлеуметтік мәселелер көрініс табады, дихотомиялық полюстер үйлеседі: қалалық және ауылдық өмір салты, жаһандану және ұлттық бірегейлік, дәстүрлер мен қазіргі заман.

2.4 Киноиндустрия саласын мемлекеттік басқару жүйесі

Киноиндустрия саласын тұрақты дамытуда мемлекеттің рөлі мен осы саладағы мемлекеттік саясаттың сындарлы іске асырылуы маңызды. Кез келген экономикада мемлекет оның тірегі болып табылады және ұлттық экономиканың аясында болып жатқан шаруашылық процестердің түрлі деңгейлері мен формаларына, өңірлеріне, салаларына қатысады [128].

Мемлекеттік басқаруды жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда өзінің қағидаттары мен заңдылықтары болуы тиіс. Мемлекеттік басқару жүйесі – қағидаттардың, институттардың, функциялардың, қатынастардың жиынтығы.

Елдегі киноиндустрия саласын мемлекеттік басқарудың жүйесі осы саладағы мемлекеттік басқарудың қағидаттарын, қоғамдық қатынастарды реттеуші нормативтік және институционалдық құрылымдарды, стратегиялық даму бағыттарын, мемлекеттік органдардың функцияларын сипаттауды көздейді. Аталған компоненттер кез келген саланы мемлекеттік басқарудың өзегін құрайды.

Қазақстанның мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік басқарудағы жаңа үлгі «халық үніне құлақ асатын», тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекеттің қағидаттарына негізделеді. Бұл қағидаттар мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі сипаттамалары мен мемлекеттік шешімдер қабылдаудағы бағыт-бағдарлар болып табылады.

Жоғарыда аталған қағидаттарды киноиндустрия саласын мемлекеттік басқару жүйесінде ұстану маңызды. Олардың кино саласындағы мемлекеттік басқаруға қажеттігі төмендегі кестеде негізделген (18-кесте).

Кесте 18 – Мемлекеттік басқару жүйесінің қағидаттары


Қағидаттар	Негіздеме
«Халық үніне құлақ асатын» мемлекет қағидаты	Ең бастысы – адамдар. Жүзеге асырылып жатқан реформалар, саясат, жоспарлар адамдарға әсер беруі тиіс. Бұл орайда, отандық фильмдер, әсіресе мемлекет қаражатына түсіріліп жатқан фильмдер халық үшін әлеуметтік тиімді болуы тиіс. Кино арқылы халықтың мүддесі көтерілуі маңызды.
Тиімді мемлекет қағидаты	Қолда бар ресурстарды тиімді пайдалану арқылы нәтижеге қол жеткізу. Тиімділік пен нәтижелік үнемі өлшеніп отыруы тиіс.
Есеп беретін мемлекет қағидаты	Бұл қағидаттың басты критерийлері – ақпараттық ашықтық пен қолжетімділік. Отандық фильмдердің халық үшін қолжетімдігін қамтамасыз етуде маңызды қағидат болып табылады.
Кәсіби мемлекет қағидаты	Кәсіби біліктілігі жоғары мамандармен қамтамасыз ету. Шешім қабылдау, қызмет көрсету үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.
Прагматикалық мемлекет қағидаты	Қабылданатын шешімдер нақты дәлелдермен ұтымды жасалуы тиіс. Шешімдердің алдағы уақыттағы қажеттілігі ескерілуі жөн.
Ескерту – Кестені автор әзірлеген	

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі элементтердің бірі мемлекеттік реттеуді жүзеге асырудағы заңнамалық негіз болып табылады. Қазақстанда кино саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары 2019 жылы алғаш рет қабылданған «Кинематография туралы» Заңда белгіленген. Осы Заң кинематография саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі құқықтық негіз болып табылады.

Көптеген жылдар бойы Қазақстанның кино индустриясындағы қатынастарды реттеу мәдениет саласындағы Заңның бірнеше баптарымен (нормаларымен) ғана реттеліп отырды. Алайда бұрынғы құқықтық негіздердің тиімді болмауы, ұғымдарды толықтыру және жетілдіру, нормаларды айқындау себептерінен кинематография саласында салалық дербес заңның әзірленуін

қажет етті. Осыған байланысты «Кинематография туралы» жеке Заң қабылданып, мынадай пәндік салаларды қамтыды: адами капитал мәселелері, басқару шешімдерінің ашықтығын және саланы мемлекеттік қолдау тетіктерін қамтамасыз ету. Бұдан бөлек, фильмдердің классификациясы мен оларды көрермендердің жас ерекшелігіне байланысты көрсету шарттары, фильмдерді прокаттау және көрсету, прокат куәлігін алу ережелері жазылған.

Аталған Заңға сәйкес, Қазақстанда кино саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары бүгінгі таңда бес негізгі бөлімнен тұрады. Аталған қағидаттар төменгі суретте көрсетілген (23-сурет).



Сурет 23 – Кинематография саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [3]

Саланың стратегиялық даму бағыттарын айқындауда қолданыстағы салалық Заңмен бірге 2014 жылы қабылданған Мәдени саясат тұжырымдамасы және өзге де нормативтік құжаттар басшылыққа алынады. Қазақстанның мәдени саясат тұжырымдамасында киноиндустрия заманауи мәдениет кеңістігіндегі айрықша кластер ретінде айқындалып, оны әрі қарай дамыту бойынша басым міндеттер қойылған [129].

Одан бөлек, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» идеологиялық сипаттағы бағдарламалар да отандық кино өнімдеріне ерекше мән беру, қазіргі заманның «батырларын» сипаттайтын образдарды тудыру, елді кино өнімдері арқылы шетелге таныту, ұлт мүддесін қорғау қажеттігін көздейді.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында қазақстандық кинематографияның алдында жаңа міндеттің тұрғанын атап өтті. Тарихи фильмдердің әлемдік киноиндустрияда айрықша орын алатынын ескеріп, Қазақстанда тарихи фильмдерге жаңа серпін беріп, олардың дамуына, масштабтық фильмдерге айналуына ықпал ету қажеттігін жеткізген болатын [130].

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында мәдениет саласын дамытуды назардан тыс қалдырған жоқ. Халықаралық аренада елдің мәдени әлеуетін танытуда белсенді рөл атқарып жүрген дарынды жастардың еңбегін айрықша бағалады. Қолданыстағы мәдени саясатты қайта қарау, жаңа мәдениет пен оның өкілдерін ілгерілетуге бағытталған практикалық шаралар әзірлеу міндеттерін алға қойды [131]. Бұл ретте кинематография саласындағы дарынды жастардың жаңа жанрларды игеріп, елдің мәдениеті мен креативті экономикасын дамытуда үлесі әсерлі.

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңартылған стратегиясына сәйкес «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында басты мақсат ретінде мәдени өнімдердің сапасы мен алуан түрлілігін арттыру және жас ұрпақтың рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыру көзделген [1]. Бұл мақсатқа жетуде отандық киноиндустрия саласының үлесі маңызды, сол себепті кинотуындылардың сапасы мен жанрлық дамуы киноиндустрия саласындағы барлық субъектілер тарапынан қолға алынуы тиіс.

Осылайша, кино саласында басшылыққа алынатын стратегиялық құжаттардың байланысын төмендегі 19-кестемен көрсетуге болады:


Кесте 19 – Мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі құжаттардағы кино саласына қатысты ойлар

Бағдарламалық құжаттар	Кино саласына қатысты басты ой
Қазақстан-2050 стратегиясы	Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды
Жалпы ұлттық басымдық	Патриоттық сезімді, құндылықты дәріптеу
Ұлттық даму жоспары	Отандық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру
Мәдени саясат тұжырымдамасы	Киноиндустрия – заманауи мәдениет кеңістігіндегі айрықша кластері
Ұлттық рухани жаңғыру жобасы	Отандық фильмдердің қазақстандық кинопрокаттағы үлесін арттыру
Ескерту – Кестені автор әзірлеген	

Сонымен қоса, мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі элементтердің бірі – мемлекеттік институттардың қызметі. Нормативтік құқықтық базамен

бірге саланың сәтті дамуында институционалдық құрылым да маңызды орын алады. Институционалдық орта бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, тиімді қызмет етуді қалыптастыруға ықпал етеді. Киноиндустрия саласында институционалдық ортаның болуы кино өндірушілерге сапалы кино туындыларды жасауға, даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді [132].

Кино саласындағы мемлекеттік басқару құрылымының сызбасы төмендегі 24-суретте ұсынылады.



Сурет 24 – Қазақстандағы кино саласындағы мемлекеттік басқару құрылымы

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Мемлекеттік деңгейде кино саласын қолдаудың басты саяси институты осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға, қарым-қатынастарды реттеуге, қадағалауға уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті болып табылады.

Аталған уәкілетті мемлекеттік орган кинематография саласына қатысты мынадай міндеттерді орындайды:

- 1) кинематография саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) осы саладағы басшылық және салааралық үйлестіру жұмыстарын жүргізеді.

Мемлекеттік органның негізгі функцияларының ішінен кинематография саласы бойынша мыналарды атап көрсетуге болады:

- кинематография саласына қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
- мемлекеттік реттеу және қолдау;
- құқықтық мониторинг жүргізу;
- фильмдердің мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- ұлттық фильм куәлігін беру;
- мемлекет аумағындағы фильмдердің прокатын мониторингілеу;
- кинематография саласындағы білім мен ғылымды дамытуға атсалысу;
- кино саласы бойынша халықаралық байланыстарды нығайту және басқалар [133].

Кинематография саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың да құзыретіндегі міндет. Әкімдіктер «Кинематография туралы» Заңның 6-бабына сәйкес, өңірдегі халық үшін кинотуындыларға қолжетімділікті ұйымдастырады.

Қазіргі таңда Мәдениет және спорт министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес «Фильмге прокаттау куәлігін беру» мемлекеттік қызметті жеке және заңды тұлғаларға көрсетеді [134].

Фильмнің прокаттау куәлігі – фильм туралы техникалық мәліметтер, фильмнің жасаушылары, жас санаты мен жанры туралы ақпарат көрсетілетін жеке немесе заңды тұлғаның Қазақстан аумағында фильмді тарату құқығын куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат [135]. Аталған құжатты алу стандарты мен тәртібі тиісті нормативтік құжатпен бекітілген.

Бұл ретте, мемлекет мынадай себептерге байланысты фильмнің көрсетілуіне заңнамалық негізде тыйым сала алады:

1. Қазақстан аумағында прокаттау куәлігінсіз фильм прокатқа жіберілмейді.

2. «18 жастан бастап» және «21 жастан бастап» көруге рұқсат берілген фильмдерді телеарналарда кешкі 22.00 сағаттан кейін таңғы сағат 6.00 дейінгі уақыттан тыс өзге уақыттарда көрсетуге тыйым салынады. Сағат таңғы 6.00 -ден кешкі сағат 22.00 дейін балалар мен жасөспірімдердің дене, психикалық, рухани, өнегелік дамуына кері әсерін тигізетін фильмдердің көрсетілуіне жол берілмейді. Кинотеатр қызметкерлері көрерменге фильмнің жастық категориясы туралы ескертуі тиіс [3].

3. Егер фильмнің мазмұны мемлекеттің тұтастығына, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни және басқа да араздастыруды тудыруды, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, порнографияны насихаттайтын, үгіттейтін болса тыйым салынады [135].

4. Мемлекеттік тілге аударылмаған фильмдерді көрсетуге тыйым салынады. Кинотеатрлар мен басқа да орындарында көрсетілетін фильмдер қазақ тілінде болмаса, міндетті түрде қазақ тіліне кадрдан тыс аударылуы, дубляж жасалуы немесе субтитрленуі тиіс [135].

Жоғарыда көрсетілген кинематография саласындағы заңнаманың талаптарын орындамау бір жолы ескертуге, ал бір жыл ішінде қайталанатын болса 20 АЕК-тен 200 АЕК дейін айыппұл төлеуге алып келеді [136].

Осылайша, аталған кино саласындағы мемлекеттік реттеудің әкімшілік әдістерін, соның ішінде рұқсат беру және тыйым салу жолдарын төмендегі 20-кестеде ұсынуға болады.

Кесте 20 – Кино саласындағы мемлекеттік реттеудің әкімшілік әдістері

Реттеу	Рұқсат беру	Тыйым салу
- Қазақстан Республикасының «Кинематография туралы» Заңы; - заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер	- прокаттау куәлігін алу; - «ұлттық фильм» куәлігін алу; - мемлекеттік қаржыландыруға ие болу үшін үміткер атану	- прокаттау куәлігінсіз фильм көрсету; - фильмдерді рұқсат етілмеген уақыттарды көрсету; - зиян келтіруші сипаттағы фильмдерді көрсету; - мемлекеттік тілге аударылмаған фильмдерді көрсету
Ескерту – Кестені автор әзірлеген		

Қазіргі кезеңде кино саласындағы уәкілетті органның қарамағында ведомствоға бағынысты екі ұйым бар:

1. «Қазақфильм» акционерлік қоғамы;
2. «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (22-сурет).

«Қазақфильм» ұлттық кинокомпаниясы – елдегі ең ірі кино-алаң, кино саласындағы маңызды және қуатты субъект. Ол ірі флагман ретінде Қазақстанның мәдени дамуында ерекше рөл атқарады. Кәсіби кинематографияны институттандыру осы ұлттық киностудия қызметінің нәтижесінде жүзеге асты.

«Қазақфильм» елдегі киноөндіріс үшін барлық жағдайларды жасауда, кино түсіру процесін заманауи технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етуде. Киноөндірісті жүзеге асыру үшін кино нарығында қызметтер ұсынуда [137].

Отандық кино саласын басқару жүйесіне 2019 жылдан бастап енген жаңа құрылым – Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы. Бұл ұйым 2019 жылғы 15 наурыздағы Үкімет қаулысымен құрылған. Орталық өзінің стратегиялық мақсаттарымен және бағыттарымен Қазақстанның кинематография саласын мемлекеттік басқару жүйесінде өзінің елеулі орнын алып үлгерді. Орталықтың негізгі функциясы отандық кинематографияны қолдауға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ұлттық мүдделерге сай келетін жоғары сапалы фильмдер жасауға жағдай жасау, отандық фильмдерді тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде танымал ету, сондай-ақ кино саласына инвестицияларды тарту болып табылады [138]. Мемлекеттік орталық киножобаларды мемлекеттік қаржыландыруды ұсынуда және кинематография саласындағы субсидияларды төлеуде бірыңғай оператор болып табылады.

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі құрылымдар мемлекеттік қызметтер мен функцияларды іске асыратын мемлекеттік органдар болса, қазіргі good governance қағидаттарының және «халық үніне құлақ асатын» мемлекет қағидатының негізінде қоғамдастық пен сарапшылық қауымдастықтың мемлекеттік шешімдер қабылдауға белсене араласуы маңызды.

Институционалдық жүйенің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастыру болып табылады. Бұл экономиканың дамуы мен трансформациясы үшін де қажетті элемент. Қазақстанда киноиндустрия саласында бәсекеге қабілетті орта қалыптасқан, жеке меншік кинокомпаниялары мен студиялардың, кинотеатрлардың болуы бұған дәлел, алайда олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейі өте төмен.

Бұдан бөлек, кинематографияны мемлекеттік және қоғамдық басқару жүйесінде консультативтік-кеңестік орган ретінде Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының жанынан құрылған сарапшылық кеңес маңызды рөл атқарады. Сарапшылық кеңестің құрамы Үкімет қаулысымен бекітіліп, біліктілігі жоғары, тәжірибелі кинематографистерді қамтыған.

Кинематография саласындағы қоғамдық бірлестіктерге ерікті түрде бірлескен ұйымдар, субъектілер енеді. Қазақстанда Кинематографистер шығармашылық одағы, Ұлттық кинематографиялық өнер және ғылым академиясы және киносыншылар қауымдастығы сияқты жұмылдырушы қоғамдық ұйымдар басты рөл атқарады.


Қоғамдық басқару субъектілері болып табылатын бұл жұмылдырушы ұйымдардың, мәселен, кинематографистер шығармашылық одағының мақсаты өз мүшелерінің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау, шығармашылық қызметінің жақсаруына жағдайлар жасау болып табылады. Мұндай ұйымдардың институционалдық ортадағы позициясы, әсіресе, киноиндустрияны дамыту перспективаларының стратегиясы мен бағыттарын анықтауда, кинематографистердің құқықтарын қолдауда маңызды.

Институционалдық құрылымның тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – кинематографистерді даярлайтын, біліктілігін арттыратын жоғары оқу орындары. Қазіргі кезеңде Қазақстанда бірқатар жоғары оқу орны кинематография мамандарын даярлайды: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ ұлттық өнер университеті, «Тұран» университеті.

Кино саласының мамандарының кәсіби біліктілігін қалыптастыруда аталған кино мектептерінің қызмет тиімділігі де маңызды мәселе. Кино мектептерінің тиімділігі түлектердің санымен ғана емес, сондай-ақ олардың алдағы уақытта жасаған жұмысының сапасымен де бағаланады. Қазақстанның басқа университеттері сияқты, елдің білім беру жүйесінде бұл жоғары оқу орындарына деген сұранысты арттыру әлі де маңызды міндет болып табылады.

Осылайша, кино саласындағы мемлекеттік және қоғамдық басқару құрылымдардың байланысы 25-суретте көрсетілген. Негізгі мәселе – қоғамдастықтың белсендік танытуы. Мемлекеттік қабылдап жатқан

шешімдеріне белсене атсалысуы саланың ашықтығы мен қоғамдық пайдасын арттырады.



Сурет 25 – Кино саласындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың байланысы

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Бұдан бөлек, киноиндустрия саласына тікелей болмаса да, жанама қатысы бар қызметтерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ішінен келесілерді атап өтуге болады (26-сурет):

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

- жас ерекшелігіне қарай жіктеудің ақпараттық өнімін беру қағидалары мен әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын үйлестіру;

Сурет 26 – Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кино саласына қатысты функциялары

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [139]

Қазіргі оқу ағарту министрлігі (бұрынғы Білім және ғылым министрлігінің) миссиясы – ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту. Өнер, соның ішінде кино саласына қатысты 27-суреттегі функцияларды іске асырады.

Білім саласындағы уәкілетті орган
<ul style="list-style-type: none">• балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын бекіту;• білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, білім беру және ғылым саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;• мәдениет және өнер мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту

Сурет 27 – Білім беру саласындағы мемлекеттік органның кино саласына қатысты функциялары

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [140]

Кино саласындағы міндеттерді жүзеге асырудағы маңызды бағыттардың бірі – кинематография саласында мемлекеттік тілді дамыту. Тілдерді дамыту комитеті мемлекеттік тілді дамыту міндетін жүзеге асырады. Бұл комитет үйлестіретін Тіл саясатын дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында кино саласында қазақ тілінің қолданылуына бағытталған шаралар көзделген,

Сыртқы істер министрлігінің де мәдени халықаралық байланыстарды, соның ішінде қазақстандық кино күндері сияқты іс-шараларды өткізуде, шетелде отандық кино арқылы имидждік ілгерілету жұмыстарын атқаруда маңызды қызмет атқарады (28-сурет).

Сыртқы істер министрлігі
<ul style="list-style-type: none">• Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен мәдени байланыстарын дамыту мен кеңейту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу;• шет елде Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпарат таратуға жәрдемдесу;• Қазақстан Республикасының экономикалық, мәдени-тарихи, аумақтық-географиялық, зияткерлік әлеуетінің имиджін ілгерілету жөніндегі жобаларды әзірлеу

Сурет 28 – Сыртқы істер министрлігінің кино саласына қатысты функциялары

Осылайша, киноиндустрияны мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі ұғымдар мен бағыттарды саралай келе, компонентті талдау қолданылған кесте түрінде ұсынуға болады (Қосымша В).

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі тағы бір маңызды мәселелердің бірі – мемлекеттік қолдау және қаржыландыру. Киноиндустрияны мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін негіздейтін бірнеше факторларды атап өтуге болады. Ең басты фактор – көптеген елдердің кино нарығында тек америкалық қана емес, трансұлттық өнімді шығаратын Голливуд өнімдерінің басымдығы. Екінші фактор – ішкі кино көрсетілім инфрақұрылымының жеткілікті түрде дамымауы. Үшінші фактор – видеоконтентті жеткізудің жаңа, соның ішінде тегін каналдарының пайда болуы [142]. Аталған мәселелердің шешімін табу үшін мемлекет отандық кино саласына қолдау көрсетеді.

Киноны мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- кино саласындағы арнайы заңды және оған тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау;
- фильмдерді мемлекеттік қаржыландыру;
- әлеуметтік маңызы бар, ұлттық фильмдерді, соның ішінде балаларға арналған фильмдерді қорғау;
- отандық кинематографистердің біліктілігін арттыру және басқалар.

Киноөндіріс саласын қолдаудың қалыптасқан формалары мен әдістері алуан түрлі, кең тараған түрі – қаржыландыру. Мемлекет пен кино саласының экономикалық өзара әрекеттестігі бойынша кейбір зерттеушілер шартты түрде америкалық, британдық және еуропалық үлгілерді бөліп көрсетеді [143].

Америкалық үлгі кинематографияны қаржыландырудағы мемлекеттің елеусіз рөлімен сипатталады. Ол киноны субсидиялауға ниет білдірген жеке және заңды тұлғаларға салықтық преференциялар жасау арқылы жанама қолдау көрсетеді. Қайырымдылық пен демеушілік көмектің жұмсалыуын ынталандырады. Мұндай тетіктерді пайдалану субсидия көздерінің барынша әртүрлілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, алайда шығармашылықты меценаттардың талғамына тәуелді етеді, оны коммерциялық бағытта жасайды.

Британдық үлгі мемлекет пен нарықтың бірдей әрекет етуі қағидасына негізделеді. Бұл үлгі мемлекеттің рөлін асырмайды, ол белгілі бір мөлшерде қаражат бөліп, әрі қарай ұйымдардың шешімдеріне араласпайды. Қаражатты бөлуді осы мақсаттағы арнайы ұйымдар атқарады. Мұндағы маңызды мәселе корпоративтік демеушілік. Бұл үлгі Ұлыбритания, Германия және Скандинавия елдеріне көбірек тән.

Еуропалық үлгі бойынша киноиндустрия ұйымдарын қамтамасыз ету негізінен мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады. Қаржыландыру көбінесе уәкілетті мемлекеттік орган немесе оған бағынысты ұйым арқылы жүзеге асырылады. Бұл үлгіге Франция, Ресей, Италия, Испания, елдерінің

тәжірибесі тән [143, с. 163]. Қазақстандағы қаржыландыру жүйесіне де осы үлгі тән.

Американың бұқаралық киносының қарқынды дамуы белгілі бір әлеуметтік-тарихи себептерге байланысты. Біріншіден, АҚШ кинонарығы, еуропалықтан айырмашылығы, тілі, аумақтық және ең бастысы, идеологиялық жағынан біртекті болып табылады, бұқаралық аудиторияға қол жеткізуге бағытталған. Екіншіден, экономиканың қарқынды дамуына байланысты Америка Құрама Штаттары кино өнері пайда болған кезде үлкен қалалардың саны көп мемлекет болды. Бұл кинотеатрлардың құрылысын және фильмнің жылдам жаңаруына бейімделген кинотеатрлар желісін құруды ынталандырды, өндіріс және өнеркәсіптік мегаполистердің әртүрлі әлеуметтік топтарымен жұмыс істеуге бейім болды. Үшіншіден, бірінші дүниежүзілік соғыстың, одан кейін екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Еуропадағы киноның дамуын тоқтатып, еуропалық киноөндірісі мен көрсетілім инфрақұрылымын жойды. Американың кинематографиясы үшін оның аумағына әсер етпеген бұл жаһандық соғыстар, керісінше, ішкі нарықтың ғана емес, сонымен қатар алып халықаралық аудиторияның назарын аудару үшін күресте маңызды бастама болды [144].

Америкалық кинода басты рөлді Голливуд атқарады. Қазіргі кезеңде ол кинематографиялық және эстетикалық стандарттарды, сондай-ақ технологиялық өндіріс деңгейін қалыптастырған мықты жүйе болып табылады. Одан бөлек, киноөндіріс және кинопрокат қызметтерін атқаратын бірқатар кино нарығының ірі қатысушылары бар: Warner Bros., Columbia Pictures, Paramount Pictures, Universal Studios, 20th Century Fox және басқалар [21, с. 62].

АҚШ үкіметі бұл саланың әлемдік танымалдылық деңгейін сақтауға мүдделі және мүмкіндігінше оған тиісті көмек көрсетеді. Дегенмен, АҚШ-та Ресей мен Еуропа елдері үйреніп қалған формада киноны мемлекеттік қолдау тетігінің жоқтығын баса айтқан жөн. Құрама Штаттарда шетелдік фильмдерге квота жоқ, мемлекеттік субсидиялар жоқ және киноиндустрияға мемлекеттік деңгейде және федералды бағдарламалар арқылы қолдау басқа елдердегі мемлекеттік субсидиялармен салыстырғанда азырақ [145]. Алайда қолдаудың өзге формалары мен жеңілдіктер көзделген.

АҚШ-тағы киноны қолдаудың мынадай түрлері кең тараған: кинокомпаниялар орташа есеппен 20-30% мөлшерде салық төлеуден босату, гранттар бөлу, рибейт жүйесін, локация ретінде мемлекеттік жерлерді тегін ұсыну [146, 147].

Мәдени протекционизм негізіндегі мемлекеттік араласу еуропалық киноиндустрияның маңызды бөлігі болып табылады.

Еуропалық киноиндустрияның негізінде жатқан қаржыландыру проблемасын шешу үшін Еуропада көптеген елдер субсидиялар беруді реттеу және басқаруды қамтамасыз ететін фильмдерді қолдаудың ұлттық және өңірлік институттарын енгізді. Мұндай ұйымдастырушылық тетіктің мысалы ретінде Франциядағы Centre National de la Cinematographie (CNC), Ұлыбританиядағы Британ кинематографиялық кеңесті, Германиядағы Неміс федеральды кино

жөніндегі кеңесті, Латвиядағы National Film Centre of Latvia, Ресейдегі Кино қорын айтуға болады.

Ұлттық киноны мемлекеттік қолдаудың формалары мен тетіктері әрбір елдің өңірлік ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болып келеді. 2008 жылы Еуропада мемлекеттік қолдаудың 1,3 млрд. еуродан асатын ортақ сомасын қамтамасыз ететін мұндай органдардың саны 200 жуық болған. Көпшіліктің қолдауына қарамастан, еуропалық киноиндустрия коммерциялық тұрғыда жарамсыз болып қала береді, бұл негізінен оның фильмдеріне көрермендерді тарта алмауымен байланысты [148].

Сонымен қатар, еуропалық кеңістікте Eurimages атты фильмдерді қолдау бағдарламасы кеңінен танымал. Еуропа Кеңесі негізін қалаған бұл қор еуропалық киноиндустрияны, бірлескен өндірісті және промоушнды қолдауға бағытталған [149].

Еуропалық киноның ішінде француз киносы кең тараған. Мемлекеттік қаржылық қолдаудың француздық жүйесі бұрыннан ұзақ мерзімді нәтиже мен продюсерлердің үнемі киноөндіріске қызығушылық тудыруына бағытталғандықтан ең тиімділердің бірі [150].

Францияда киноны қаржыландыруға жауапты басты құрылым 1940 жылдары құрылған Кинематография және анимация ұлттық орталығы (CNC) болып табылады. Бұл Орталық Мәдениет министрлігі ұсынатын мемлекеттік қаражат пен дотацияларға иелік етіп, киноиндустрияның қажеттілігіне жұмсайды. Мемлекет қаражаты, нақтырақ айтқанда, фильмдерді өндіру мен прокатқа көмекке, кинотеатрлар желісін дамытуға, киноөнімдерді шетелде ілгерілетуге және басқа да мақсаттарға жұмсалады [151].

Ұлттық орталықтың бюджетінің құрылымы мен негізгі көрсеткіштер мыналар болып табылады: 20% – кинотеатрларда билет сатудан түскен табыс салығы, оның 11% – билет бағасынан; 75% – телевизиялық арналардан салық, оның 5,5% телеарналар табысынан құрайды [152, 153].

Сонымен қоса, Ұлыбритания әлемдік киноөндіріс нарығында өзіндік орны бар ел. Ұлттық фильмдерді қолдау үшін Ұлыбритания билігі ұлттық киноөндірісті қолдауға бағытталған және 2007 жылдан бері қолданылып келе жатқан салықтық жеңілдіктер жүйесін пайдаланады [21, с. 64]. Ұлыбритания жоғарыда атап өткеніміздей, мемлекет пен киноиндустрияның әрекеттестігінің британдық, яғни мемлекеттік және нарықтық тетіктер тең қарастырылатын эклективті үлгіге жатады.

Қазіргі кезеңде америкалық киномен бірге Қытай киносы да әлемдік үздіктердің қатарына енуде. Қытай әлем бойынша ең көп кинотеатрларға ие мемлекет. Бұл нарықты қорғау мақсатында Қытай квота жүйесін енгізді, оған сәйкес жоғары бюджеттік шетелдік фильмдер саны жылына 34 фильмге дейін ғана шектелген. Бұл шектеуден шығудың бір жолы – халықаралық бірлескен өндіріс. Сол себепті шет елдері Қытаймен бірлесіп фильм түсіруге мүдделі [154].

Ұлттық кинематографияны қолдаудың шетелдік тәжірибесінің өзге де мысалдары мен ерекшеліктері төмендегі 21-кестеде ұсынылған.

Кесте 21 – Шет елдеріндегі отандық киноны қолдау ерекшеліктері

Елдер	Ерекшеліктері
Жапония	Үкімет киноның экспортын 48% дейін шектеген (ұлттық фильмдерде 52% үлес). Федералды үкіметтің негізінде жұмыс істейтін UniJapan ұйымы бар. Ол жыл сайын жобаларға мемлекеттік қаржыландыру бөлетін бағдарламаларды ұйымдастырады.
Германия	Ұлттық кинематографты қолдау үшін қаражат бөлетін Кино жөніндегі неміс федеральды кеңесі (FFA) тәуелсіз қоғамдық ұйымы жұмыс істейді. Қолдау екі бағыт бойынша бөлінеді – жеке жобаларды қаржыландыру және продюсерлерге автоматты субсидия (егер олардың фильмдері прокатта жақсы нәтиже көрсетсе немесе фестивальдерде наградалар алса беріледі). Жылына орташа есеппен FFA-ға қаржыландыруға 130 жуық өтініш келіп түседі. Гранттар туралы шешімді комитет жылына 5 рет қабылдайды.
Финляндия	1969 жылы құрылған Фин кино қоры жұмыс істейді. Бұл ұйым киноөндірісті қолдауға, фин фильмдерін ел ішінде және шетелде прокаттауға және дистрибуция жасауға бағытталған. Қор фильм бюджетінің 40% дейін қолдайды. Қалған ақшаны телекомпаниялар, дистрибьюторлар, халықаралық немесе жергілікті қорлар, продюсерлер жинақтайды (салады). Орташа есеппен Қор жылына 80 картинаға қаражат бөледі.
Канада	Канадалық фильмдер бірқатар мемлекеттік бастамалар арқылы қаржыландырылады: үкіметтік жеңілдіктер, телекомпаниялардан алынған үкіметтік қаражат. Жыл сайын федералды бюджеттен 60 млн. доллар бөлінеді, оның тек үштен бірі ғана тікелей киноөндіріске, ал қалған көп бөлігі анимация мен деректі фильмдерге жұмсалады.
Польша	2005 жылы кинематография туралы заң қабылданып, Поляк кино өнері институты құрылды. Аталған ұйым сценарийлік кезеңнен бастап киноөндірісті қаржыландырумен айналысады. Тарихи фильмдер мен Польша аумағында түсірілетін фильмдерге басымдық беріледі.
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [150]	

Ресей бойынша мемлекеттік қаржыландыру нысаны ретінде құрылған институт ретінде Ұлттық кинематографияны әлеуметтік-экономикалық қолдау федералдық қорын (Фонд кино) атап өтуге болады. Бұл Кино қоры Ресейдің Мәдениет министрлігі тәрізді киноөндіріс саласының институционалдық

құрылымында коммерциялық киноны дамытуда маңызды рөл атқарады. Балалар мен жасөспірімдерге, тарихи тақырыптағы, елеулі оқиғаларды сипаттайтын фильмдер, дебют фильмдер сияқты коммерциялық емес фильмдерді мемлекеттік қаржыландыру Мәдениет министрлігі арқылы орындалады.

Сонымен қоса, Ресейдегі фильмдердің мониторингін жүргізудің Бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі киноиндустрия саласындағы маңызды тәжірибе болып табылады. Бұл жүйе апта сайын кинотеатрларда көрсетілген фильмдердің талдамалық ақпаратын алуға мүмкіндік береді. Көрермендер санының динамикасы, әлеуметтік портреті, сеанстар мен келушілердің үлесі сияқты ақпараттар мен статистикалық деректер ұсынады. Ең бастысы фильмдерден түскен кассалық жинақтың ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін оңтайлы үлгі. «Кинематография туралы» Заң қабылданғаннан бастап бұл ақпараттық жүйені іске қосу бойынша мүдделі ұйымдар тиісті жұмыстар атқаруда.

Осылайша, ұлттық киноны мемлекеттік қаржыландыру және қолдау шараларының шетелдік тәжірибесін қарастыра келе, Қазақстандағы жағдайға ортақ ұқсастықтар мен айырмашылықтарды байқауға болады. Мәселен, еуропалық үлгідегі, соның ішінде француздық тәжірибедегі мемлекеттік қолдау орталықтарының жұмысы «Кинематография туралы» Заңды әзірлеу барысында ескеріліп, Ұлттық киноны қолдау орталығы құрылды. Аталған орталық киноиндустрия саласындағы басты экономикалық агенттердің бірі болып табылады. Бұл ретте, Қазақстан мен Францияның кино нарықтағы мөлшерінің айырмашылығын ескерсе, нидерландық кино көбірек келеді. Себебі Нидерландыда халық саны (17 миллион адам) Қазақстандағы мөлшермен сәйкес келеді, жобаларды мемлекеттік қаржыландыруды қамтамасыз етеді [155].

Сонымен қоса, Қазақстанда 2019 жылдан бастап жүзеге асырылып жатқан рибейт жүйесінің іске қосылуы да халықаралық үлгіден алынған тәжірибе. Шетелдік инвестиция тарту бойынша жасалып жатқан жұмыстардың бірі болып табылады.

Мемлекеттік қолдаудың қазақстандық үлгісі бойынша елде жыл сайын республикалық бюджеттен ұлттық фильмдердің өндірісі және фильмдерді ілгерілету үшін қаражат бөлінеді. Мәселен, ұлттық фильмдерді түсіру үшін 2021 жылға 2 млрд. теңге қаражат бөлінді [156] (2020 жылы 963,9 млн. теңге бөлінген, 2019 жылы – 4,1 млрд. теңге, 2018 жылы – 8,5 млрд. теңге, 2017 жылы – 8,5 млрд. теңге) [157, 158].

Мемлекеттік бюджет шығындарының біртіндеп азаюы елдегі әлеуметтік-экономикалық сипаттағы реформаларға байланысты бюджетті оңтайландыру себебінен болған. Соңғы 3-4 жылдары әлеуметтік саланың басымдығы айқындалып, бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік көмек пен қамсыздандыру саласына жұмсалып келеді. 2020 жылы әлемдік пандемия жағдайындағы экономикалық дағдарыстардың салдарынан киноөндіріске жұмсалатын қаражат

қысқартылып, мемлекеттің бюджеті денсаулық сақтау саласына, экономикаға, дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға бағытталды.

Қазақстанның мемлекеттік қаржыландыру жүйесінде 2019 жылдан бастап ашық конкурс өткізілетін болды. Бұған дейін мемлекеттік бюджеттік қаражатты «Қазақфильм» киностудиясы алып, мемлекеттік тапсырысты жүзеге асырған болса, 2019 жылдан бастап мемлекеттік қаржыландыру ашық конкурс (питчинг) негізінде беріле бастады. Питчинг енгізілген күнінен бастап жыл сайын мемлекеттік қаржыландыру алуға берілген өтінімдер саны арта түсуде. Егер 2019 жылы 109 өтінім берілген болса, 2020 жылы – 226 өтінім. 2021 жылы одан екі есе көп – 500-ден астам [159].

Киножобалардың өтінімдерін кәсіби тұрғыда қарастыру және мемлекеттік қаржыландыруға ұсыным беру консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Сарапшылық кеңеске жүктелген. Сарапшылық кеңестің құрамына 15-ке жуық Қазақстанның кино индустриясындағы жетекші сарапшылар мен кәсіби шеберлер енген [160].

Мемлекеттік қаржыландыруға үміткер киножобалар арнайы кезеңдерден өтеді (29-сурет). Ұлттық фильм деп аталуға үміткер жобалар мемлекеттік қаржыландыруға ие болу үшін өткізілетін іріктеу ережелері Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілген [161].



Сурет 29 – Киножобаларға мемлекеттік қаржыландыруды алудағы алгоритм

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [161]

Бірінші кезеңде Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы киножобалар конкурсының (питчингтің) өткізілу мерзімі туралы хабарлама жасайды. Сонымен қоса, хабарламада мемлекеттік қаржылық көмек көрсетудегі

басым тақырыптар да қамтылады. Мәселен, 2021 жылы Алтын Орданың тарихына, ақын Жамбыл Жабаевтың 175-жылдығына, мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасы мен қызметіне, 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175-жылдығына арналған тақырыптар ұсынылды [162].

Келесі кезеңде питчинг туралы хабарлама берілген соң Сарапшылық кеңестің қарауына жіберілетін өтінімдер, құжаттар жинақталады. Сарапшылық кеңес мүшелері алдын ала киножобалардың құжаттарымен танысқан соң конкурс басталады.

Конкурс ашық түрде, жобаларды қорғау форматында нақты әзірленген бағалау критерийлерінің негізінде өткізіледі. Бұл субъективті факторларды жоюға, сарапшылық бағалау мен кәсіби шеберлікке сүйенуге ықпал етеді. Барлық питчингтер тікелей эфир режимінде сүйемелденіп, онлайн нұсқасы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының You Tube арнасында сақталады.

Қорытынды кезеңде конкурс нәтижелері бойынша хаттама негізінде іріктелген киножобалар Үкімет жанындағы Ведомствоаралық комиссияның бекітуіне ұсынылады. Комиссия мемлекеттік мүдделердің, заңнамалық нормалардың сақталуына, сұралатын бюджеттердің сақталуына ерекше назар аударады [163]. Осылайша, мемлекеттік қаражатты бөлудің тиімділігі және басқару шешімдерінің ашықтығы қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік бюджет әрқашан бақылауда және белгілі бір шекке ие. Сондықтан да киножобаларды қаржыландыру үшін іріктеуде барлық критерийлеріне, соның ішінде бюджетке аса мән беріледі.

Мемлекеттік қаржыландырудың негізгі мақсаты – ұлттық фильмдерді қаржыландыру. Бұл халықтың рухани сұранысын қанағаттандыруға, мемлекеттік мүддеге қызмет етуге, сондай-ақ кино өнері арқылы Қазақстан Республикасын танытуға қабілетті, көркемдік деңгейде жасалған фильмдер.

Ұлттық фильмдердің концептісіне тоқталатын болсақ, ұлттық кино – ұлттық өнердің ажырамас бөлігі, әлемнің барлық мемлекеттерінде маңызға ие. Ұлттық фильмдер дегеніміз – көркемдік жағынан жоғары дәрежедегі, халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын, мемлекет мүддесіне сай келетін кинотуынды. Ұлттық фильм мәртебесін иеленуге қойылатын өзге де талаптар арнайы заңнамаларда көрсетілген. Заңнамаға сәйкес, киножобаның түсірілімін іске асыратын авторлық, шығармашылық құрам Қазақстан аумағына тиіс болуы қажет. Елдің аумағында тіркелген кинематографиялық ұйымдардың көлемі 70% кем болмауы, фильмнің продюсері Қазақстан Республикасының азаматы немесе елде тіркелген заңды тұлғаның өкілі болуы тиіс. Фильмнің авторлары 50% көп шетел азаматтарынан құралмауы жөн [3].

Осылайша, ұлттық фильмдер экономикалық пайдасы мен рухани, мәдени маңызы бар кинотуындылар. Олар мемлекеттің идеологиялық саясатындағы өзекті мәселелерді жеткізуге, елдің мәдени ұлттық тұтастығы мен болмысын, тарихи жетістіктері мен рухани мұрасын дәріптеуге, әлемге көрсетуге көмектеседі. Мемлекеттің халықаралық аренадағы оң имиджінің қалыптасуына ықпал етеді [164].

Сонымен қатар, мемлекет назарын аударатын фильмдердің тағы бір сипаты – әлеуметтік маңызы бар фильмдер. Бұл санаттағы фильмдерге тарихи фильмдер мен бірге, өнегелік, тәрбиелік, отансүйгіштік мәні бар, рухани құндылықтарды дәріптеуге, адамдардың мәдени деңгейін көтеруге бағытталған фильмдер жатқызылады [3]. Бұдан өзге де фильмдердің түрлері, сондай-ақ кинематография саласында қолданылатын басқа да ұғымдар заңнамада ұсынылған.

Бұл ретте, «ұлттық фильм» мәртебесі кинематография саласында салықтық жеңілдіктер береді. Соның ішінде корпоративті табыс салығынан (КТС) босату жеңілдігі көзделген. Бұл ретте, «ұлттық фильм» мәртебесін тек қана мемлекеттік бюджетке түсірілген фильмдер емес, жекеменшік қаражатқа түсірілген фильмдер де ие болады. Мұндағы басты қағида – «ұлттық фильм» мәртебесін алу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келіп, арнайы рәсімдерден өту керек.

Салық жеңілдіктері қолданылатын салық төлеушілер қызметінің жекелеген түрлерінің тізбесі кеңейтілген, нақтырақ айтқанда табыс бойынша есептелген КТС 100%-ға азайтылу көзделген:

– ұлттық фильм деп танылған фильмді Қазақстан аумағындағы кинотеатрларда көрсетуден;

– ұлттық фильм деп танылған фильмді авторлық құқық иеленушілердің кинотеатрларда көрсету үшін жалға алуынан және қызмет көрсетуінен [165].

Мемлекет «ұлттық фильм» мәртебесіндегі фильмдерді көрсеткені үшін кинотеатрларға жеңілдіктер ұсыну арқылы отандық фильмдердің кинопрокаттағы үлесін арттыруды көздеп отыр. Бұл ретте, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалау маңызды мәселе. Кинотеатрлар жекеменшік нысандағы бизнес өкілдері болып табылатындықтан, мемлекет қазақстандық фильмдердің нақты квотасын белгілей алмайды, бұл бизнес үшін тиімсіз, себебі шетелдік фильмдерге қарағанда қазақстандық фильмдерден қаражат көп түспейді. Алайда мемлекет ұсынған жеңілдіктердің тиімділігін бағалау орынды. Бұл бірыңғай автоматтандырылған ақпарат жүйесі іске қосылған соң мүмкін болмақ. Аталған мониторинг құралы кинотеатрлардың жұмыс тиімділігін бағалауға ықпал етеді. Сонымен қоса, ресейлік ғалымдар Movie Research талдау компаниясы кинотеатрларды бағалаудың арнайы индексіні ұсынғанын айтады. Бұл индекс мынадай бағыттардан құралады: кино көрсетілімнің сапасы, қызмет көрсету деңгейі, баға саясаты, репертуарлық саясат және басқалар. Солардың ішінде маңызды болғаны – келу және толтыру деңгейін айқындайтын тиімділік ішкі индексі. Жалпы, бұл аталған индекс кинотеатрлар жұмысының тиімділігін бағалауда инвесторлар үшін мүдделі [166].

Қазақстан ірі тарихи киножобалармен қатар әлеуметтік киноға және балалар фильмдеріне де қолдау көрсетеді. Мәселен, «Девушка и море» фильмінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың өкілдері қатысып, аталған фильм арнайы жүлделерге иеленді. Бұдан бөлек, «Қазақфильм» АҚ мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау мақсатында киножобаларға жұмылдырып, еңбекақы ұсынады.

Әлеуметтік көмек көрсетулер кино өндірушілер мен дистрибьюторларға да берілу көзделген. Салық кодексінің 394-бабына сәйкес ұлттық киноөндірушіге 12% мөлшерінде қосылған құн салығынан босату арқылы қолдау көрсетеді [165].

Мемлекеттік қаржыландыру көлемі бойынша градацияда 100% қаржыландыру әлеуметтік маңызы бар фильмдерге, дебюттік фильмдерге және оқиғалық фильмдерге арналған. Ал көркем фильмдерді қаржыландыру оларды өндірудің сметалық құнының 70%-ы көлемінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте «Кинематография туралы» Заңда мемлекет қаржысын қайтару қарастырылғанын айта кеткен жөн. Әлеуметтік маңызы бар фильмдерді түсіргені үшін 100%-ға дейін қаржылық қолдау алған тұлғалар прокаттан түскен ақшаның 20%-ын Ұлттық кинематографияны қолдау мемлекеттік орталығына қайтаруы тиіс. Қалған алушылар қаржылай қолдаудың пайызына сәйкес соманы қайтарады. Мемлекеттік киноны қолдау орталығына қайтарылған барлық қаражат жаңа жобаларды шығаруға жұмсалады. Бұл шара жеке кинокомпаниялар мен продюсерлерді де ынталандырады.

Сонымен бірге, елге ірі киноөндіріс компанияларын тарту шаралары қолға алынды, 30% жеңілдікті төлеу механизмі (рибейт жүйесі) енгізілді. Шетелдік инвесторларға субсидия беру киноиндустрия саласында қолданылатын әлемдік тәжірибе және бұл саладағы ынталандырудың бір түрі болып табылады. Cash rebate (ақшаны қайтару) – киноөндіріс үшін елде жұмсалған қаражаттың бір бөлігін өндірушілердің алуын көздейтін жүйе. Сонымен бірге, мемлекет мұндай шығындар үшін ең төменгі шекті белгілейді және жасалған өнімнің елдің талаптарына сәйкес жағдайларды енгізеді.

Рибейт (ағылшынша rebate – жеңілдік) фильмді өндірушіге белгілі бір елдің немесе оның аумағында түсіруге жұмсалған қаражаттың бір бөлігін ол белгілі бір шарттарды орындаған жағдайда қайтару жүйесі. Бұл өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Жеңілдіктер отандық фильмдерге де, халықаралық фильмдерге де берілуі мүмкін. Негізгі айырмашылық киноөндірушілерге қайтарылатын әртүрлі пайыздық мөлшерлемеде болады [167].

«Кинематография туралы» Заңға сәйкес Қазақстанда шетелдік инвесторлар келісім жасау арқылы белгіленген мөлшерде субсидия ала алады. Шетелдік кинотүсірушілерге қойылатын басты талап – Қазақстанның аумағында фильмді немесе оның бір эпизодын түсіру. Қолданыстағы Заң бойынша қаражатты қайтару мөлшері – 30% дейін; ал инвестиция мөлшері – АЕК-тің 130 000 еселенген мөлшерінен кем болмауы [3].

Рибейт жүйесі – экономикалық тиімді тәжірибе. Мұндай жеңілдіктердің негізгі артықшылықтары: халықты жұмыс орнымен қамтамасыз етеді, туристік бизнесті дамытады, өңірдің оңтайлы бейнесіне жарнама жасалынады, отандық тауарлардың қолданылып, шағын және орта бизнес өкілдеріне көмек көрсетіледі. Кинематографиялық туризмнің дамуына ықпал етеді.

Осылайша, ұлттық киноны мемлекеттік реттеудің және қолдаудың әлемдік тәжірибесі қалыптасқанын байқауға болады. Көптеген елдерде

мемлекеттік қаржыландырудың ұйымдастырушылық механизмі ретінде ұлттық киноның қолдау институттары, қорлар, орталықтар құрылған. Мысалы, Францияда CNC, Ресейде Кино қоры, Германияда Неміс федералды кино кеңесі және басқалар. Қазақстанда мемлекеттік қаржыландырудың бірыңғай операторы қызметін ұлттық киноны қолдау мақсатында мемлекеттік орталығы атқарып отыр. Одан бөлек, қазақстандық киноны ілгерілету, дамыту, тарату қызметін де жүзеге асырады.

Қорытындылай келе, біз елдегі киноиндустрия саласының қазіргі жағдайына талдау жүргізе келе, оның даму үрдісінің қалыптасқанын, мәдени сала ретінде дамуында мемлекеттің рөлінің басымдығын айқындадық. Киноиндустрия саласын мемлекеттік басқару жүйесінде бірқатар шаралар қолға алынған: ұлттық киноны мемлекеттік қолдау тетіктері қалыптастырылған, мемлекеттік қаржыландырудың жаңа үлгісі мен құралдар енгізілген.

Ұлттық киноиндустрияның қазіргі хал-ахуалын жаңа деңгейге жеткізуде мемлекеттің рөлі айрықша. Мемлекет кинематографияны адамдардың санасын басқарудың, құндылық көзқарастарын, ұлттық болмысын қалыптастыратын құрал ретінде дамытуға үлкен мән беруде. Бұл ретте, отандық киноиндустрия өнімдерін тұтынушы көрерменмен байланыс орнату маңызды мәселе. Халықпен, саладағы қоғамдық басқаруды жетілдіруде маңызды рөл атқаратын сарапшылық қауымдастықпен конструктивті диалог орнатудың басты құралдарының бірі ретінде әлеуметтік аудитті дамыту қажеттілігі туындайды.

3 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КИНОИНДУСТРИЯ САЛАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК АУДИТТІ ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

3.1 Киноиндустрияны мемлекеттік басқаруда әлеуметтік аудитті қолдану

Қазіргі заманғы трансформациялық өзгерістер мен мемлекеттік реформалар жағдайында әлеуметтік аудиттің қоғамдық қатынастар жүйесінде қажетті құрал ретіндегі маңызы арта түсуде.

Әлеуметтік аудитті қоғамдық қызмет салаларында мынадай бағыттарда қолдануға болады (30-сурет):


1. Мемлекеттік басқару жүйесінде. Мемлекеттің қызметін қоғамдық бақылаудың құралы ретінде әлеуметтік аудитті мемлекеттік басқару саласында бірнеше мақсаттарды көздей отырып қолдануға болады:

- мемлекеттік бағдарламалық, ұлттық сипаттағы өзге де құжаттардың әлеуметтік тиімділігін өлшеуде, қоғамдық әсерлерді бағалауда;
- саладағы мемлекеттік шешімдердің, қызметтің әсерін, нәтижесін қоғамдық бақылауда, тексеруде;
- жергілікті басқару нысаны ретінде қаланың немесе ауылдың жағдайын жергілікті халықтың көзімен бағалауда;
- мемлекеттік қызметкерлер қызметінің кәсіби деңгейін және оның тиімділігін айқындауда қолдануда;

2. Квазимемлекеттік сектор мен бизнесте:

- компаниялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша қызметінің нәтижесін көрсетуде, қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге үлес қосуын бағалауда;
- әлеуметтік-экономикалық және мәдени қатынастарды реттеу құралы ретінде еңбек жағдайларын арттыруда;
- қоғаммен байланыс орнату арқылы компанияның оң имиджін, беделін қалыптастыруда қолдану.

3. Қоғамдық ұйымдардың жұмыстарында. Мемлекеттік және үкіметтік емес сипаттағы кез келген ұйымның (білім беру, денсаулық сақтау мекемелері, экологиялық ұйымдар, азаматтық қоғам ұйымдары) қызметінің қоғамдық пайдалылығын, әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізудегі үлесін бағалауда қолдану.



Сурет 30 – Әлеуметтік аудитті қоғамдық қызмет салаларында қолдану бағыттары

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Әлеуметтік аудит көп жағдайда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі және адами ресурстарды басқару аясында қолданылады. Алайда бұл технологияның мемлекеттік басқаруда перспективасы жоғары [168].

Мемлекеттік басқару жағдайында туындайтын әлеуметтік сипаттағы шешімдерді қоғамдық бақылаудың құралы ретінде әлеуметтік аудит практикалық әлеуетке ие.

Мемлекеттік басқару контексінде әлеуметтік аудит ұйымның, саланың, өңірдің немесе мемлекеттік органдар қызметінің және олар жүзеге асыратын әлеуметтік бағдарламалардың, жобалардың тиімділігін қоғамдық бақылаудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Демек, әлеуметтік аудитті орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметінде бағалау тұрғысынан пайдалану мүмкіндігі өзекті және маңызды мәселе болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, әлеуметтік аудит – мемлекеттік және жергілікті басқаруда қолданылуы орынды тың технологиялардың бірі. Оның жеке меншік секторда қолданылу тәжірибесі мемлекеттік секторға өтуі оңтайлы болған құбылыс.


Әлеуметтік аудит – «халық үніне құлақ асатын» мемлекеттің негізгі құралдарының бірі, адамға бағдарланудың бір түрі. Мемлекеттің халық алдында есеп беру, мемлекеттік шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, қоғаммен байланыс орнату, шешім қабылдауға азаматтардың қатысуы қағидаларының аясында іске асырылатын жұмыстың ұтымды құралы болмақ.

Сонымен қоса, әлеуметтік аудиттің мемлекеттік басқару саласында сыбайлас жемқорлықпен күрестің қосалқы құралдарының бірі ретінде әлеуеті жоғары. Бұл әлеуметтік аудиттің мемлекет бюджетін әртүрлі мақсатта болсын тиімді жұмсау мәселесіне бағытталуымен негізделеді.

Мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік аудиттің тұжырымдамалық негізі әлеуметтік серіктестік, диалог қағидатына негізделген, халық мүддесіне бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыруда, іске асыруда, бағалауда мемлекеттік органдар мен институттардың, азаматтық қоғамның, өзге де ұйымдардың бірлесіп өзара әрекеттесуін талдау болып табылады [168, с. 94].

Әлеуметтік аудиттің негізгі мақсаты – мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің әлеуметтік тиімділігін, қоғамдық маңызды қызметтерді іске асырудағы үлесін бағалау.

Мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік аудиттің негізгі компоненттері келесі суретте ұсынылған (31-сурет).



Сурет 31 – Мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік аудиттің негізгі компоненттері

Ескерту – суретті автор әзірлеген

Бұл ретте, мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалаудың қазіргі жүйесінде персоналды басқару, ақпараттық технологияларды қолдану, стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу сияқты және басқа да нақты белгіленген бағыттар бар екені белгілі. Ал әлеуметтік аудит жүйесінде мемлекеттік саясаттың әлеуметтік аудитін жүргізу мүмкін болып табылады. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік органдардың белгілі бір саладағы саясатты қалыптастыруындағы қызметі немесе қоғамдық маңызы бар жоба, проблемалық мәселе бойынша қабылдаған шешімдері де әлеуметтік аудиттің пәні бола алады.

Әлеуметтік аудит киноиндустрияны басқару жүйесін жетілдіруге көмектеседі. Сол себепті әлеуметтік аудит тұжырымдамасын қоғамдық бақылау құралы ретінде қарастырып, оны киноиндустрия саласына қатысты қолдану мүмкіндігі мен маңыздылығы ашып көрсеткенді жөн санаймыз.

Киноиндустрия саласында әлеуметтік аудитті жүргізудің қажеттілігі кино саласының әлеуметтік-мәдени қызметінің маңыздылығымен негізделеді. Кино өнімдерінің идеологиялық қызметі мемлекеттің мүддесіне сай келетін, ұлттық біртектілікті дәріптейтін, қоғамда қалыптасқан рухани-өнегелік құндылықтарды насихаттайтын кинотуындыларды жасап, халыққа ұсынумен сипатталады. Киноның тұтынушысы – әртүрлі әлеуметтік топтан шыққан адамдар. Бұл ретте, мемлекеттің тапсырысымен түсірілген отандық фильмдердің халық арасында қабылдануы, жоғары деңгейде бағалануы, ұнауы, одан әлеуметтік әсер алуы – маңызды компоненттердің бірі. Фильмдердің әлеуметтік-мәдени мәнін, нәтижелілігін айқындауда әлеуметтік аудит элементтері қолайлы болып табылады.

Киноиндустрия саласын басқаруға әлеуметтік аудитті қолдану мүмкіндігі бұл саланың бұқаралық сипатқа ие болуымен де негізделеді. Киноиндустрияның басты өнімі – кино, ал киноның тұтынушысы – халық. Демек, бұл сала барлық әлеуметтік топтардағы адамдарды жұмылдырады. Мұнай-газ, құрылыс, өндіріс, ауыл шаруашылығы сияқты өзге салаларға қарағанда кино саласы туралы қоғамда көбірек талқылау, пікір айту, дискурс жүзеге асырылады. Себебі кино көру үшін адамдардан терең білім, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болу талап етілмейді. Әрбір азамат кино туралы ой-пікірін еркін айта алады және фильмдер көп жағдайда қолжетімді болып келеді. Саланың қоғамдық, бұқаралық сипатқа ие болуы да әлеуметтік аудитті қажет етеді және оның жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызады. Жалпы, әлеуметтік аудит әлеуметтік сипаттағы қызметі мен мақсаты, қоғамға әсері бар салалардың барлығында қажетті және тиімді деп тұжырымдауға болады.

Киноиндустрия саласында әлеуметтік аудиттің субъектісі мемлекеттік органдар, кинематографиялық ұйымдар, компаниялар, осы саладағы қоғамдық ұйымдар бола алады. Ал әлеуметтік аудиттің объектісі – осы аталған ұйымдардың немесе жалпы саланың әлеуметтік-мәдени қызметі мен отандық киноиндустрия өнімдерінің қоғамдық пайдасы.

Саланың әлеуметтік тиімділігін бағалауға бағытталған әлеуметтік аудит халықтан кері байланыс алу, айқындау, бағалау, диагностикалау мақсатында жүргізіледі. Зерттеудің мақсатына сәйкес әртүрлі қызметті атқарады (22-кесте).

Кесте 22 – Киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудиттің элементтері

Әлеуметтік аудиттің қағидаттары	Әлеуметтік аудиттің субъектісі	Әлеуметтік аудиттің объектісі	Әлеуметтік аудиттің қызметі
кәсіби біліктілік, еріктілік, ашықтық, тәуелсіздік, объективтілік, адалдық, мүдделілік, шынайылық	мемлекеттік органдар, кинематографиялық ұйымдар (компаниялар), кино саласындағы қоғамдық ұйымдар, ғалымдар	киноиндустрия саласындағы ұйымдардың, әлеуметтік-мәдени қызметі, отандық киноиндустрия өнімдерінің қоғамдық пайдасы	сипаттау, диагностикалау, рефлексия жасау, талдау, кері байланыс алу, бағалау
Ескерту – Кестені автор әзірлеген			

Әлеуметтік аудиттің кең таралған бағыттарының бірі – мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың, ұлттық сипаттағы жобалардың, өзге де қызметтің әлеуметтік тиімділігін өлшеу, қоғамдық әсерлерді бағалау. Қоғамның әртүрлі салаларын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың әлеуметтік

тиімділігін, әсерін қоғамдық бағалауда әлеуметтік аудит мынадай жағдайларда өзекті:

- объект бойынша сенімді әрі кең, толыққанды ақпарат алуда;
- бағдарламаларда/жобаларда жоспарланған шаралардың нәтижелілігін айқындауда;
- жаңа бағдарламалық құжаттарды әзірлеуде;
- проблемалық мәселелерді айқындауда;
- тиімді және практикалық шешімдер қабылдауда.

Әлеуметтік аудит жүргізу рәсімі мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды талдауға бейімделуі тиіс.

Мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың жүзеге асырылуының әлеуметтік тиімділігі нәтиженің мақсаттарға сәйкес келуі, есептік кезеңде көрсеткіштерге қол жеткізу деңгейі, бағдарламаны жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органның қызмет тиімділігі сияқты критерийлерді қамтуы мүмкін. Сонымен қоса, әлеуметтік тиімділік – халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған көрсеткіш. Мәселен, киноиндустрия саласындағы әлеуметтік тиімділік ретінде отандық фильмдердің саны, балаларға арналған анимациялық фильмдердің саны, өңірдегі 1000 адамға шаққандағы кинотеатрлардың саны, қоғамдық маңызы бар фильмдердің саны сияқты көрсеткіштерді қарастыруға болады.

Мұндағы ескере кететін мәселе идеологиялық сипаттағы өнер, мәдениет, кино, білім беру сияқты салалардағы кейбір көрсеткіштерді сандық өлшеу мүмкін емес, рухани-мәдени даму сияқты сапалық көрсеткіші маңызды. Қызметтің соңғы нәтижесін өлшеу мүмкін болмағандықтан, мұндай сапалық көрсеткіштерді қоғамдық пікір, сарапшылық сұхбат сияқты әдістермен тереңдетілген ақпарат арқылы айқындауға болады.

Кино саласындағы қызметтің әлеуметтік тиімділігі – мәдени мұра ретінде кинотуындылар арқылы азаматтардың эстетикалық, мәдени деңгейін арттыру, мағыналық хабарламалар беру, қоғамға ой салу.

Мұндай әлеуметтік маңызы бар туындыларды жасаудың қаржылық құрамдас бөліктерінің маңыздылығын да ескерген жөн.

Қазақстанда мемлекет киноиндустрияны қолдап, ұлттық киноөндіріске бюджеттен қаражат бөліп келеді. Осыған байланысты, айрықша назар аударатын мәселе – әлеуметтік аудит арқылы мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік мақсатта тиімді жұмсалуды қадағалау мәселесі. Кино саласында әлеуметтік аудит отандық фильмдерді қоғамның бағалауы мен мойындауын айқындауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік аудит сарапшылық қауымдастықтың және азаматтардың белсенді араласуының нәтижесінде фильмдерге бөлінетін мемлекеттік бюджетті тиімді жұмсаудың тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның киноиндустриясындағы басты проблемалардың бірі фильмдердің түсіріліміне бөлінген қаражаттың прокаттан, өзге де сатылымдардан қаржылық қайтарымның жоқтығы екенін атап өттік. Білікті, тәжірибесі мол режиссерлердің де мемлекеттік тапсырыс бойынша

жасалған картиналары прокатта халықтан қолдау таппаған жағдайлар кездеседі. Мәселен, «Кенже», «Шал» фильмдері халықтың көңілінен шыққанын, жоғары бағалағанын кейбір интернет-ресурстардағы комментарийлерден байқауға болады. «Шал» фильмін көрген аудитория, ұнатқан азаматтар көп. Ал Интернетте көрсетілген деректерге сәйкес, фильмге бөлінген бюджет мөлшері мен кассалық жинақ арасында едәуір алшақтық бар. Мәселен, «Шал» фильміне мемлекеттен 387 миллион 100 теңге бөлінсе, кассалық жинағы – 59 миллион теңгені ғана құраған. «Келін» фильміне 99 миллион 991 теңге бөлінсе, кассалық жинақ – 3,5 миллион теңге болған, ал «Кенже» фильмінің бюджеті – 505 миллион теңге, прокаттағы жинақ – бар-жоғы 4 миллион теңге [169]. Бұл мысал, яғни кассалық жинақтың аз болуы мэтрдың көркемдік шығарма жасауындағы шеберлігі мен кәсіби біліктілігіне күмән келтірмейді. Алайда бұл жұртшылық тарапынан мемлекеттік қаражат көп мөлшерде жұмсалады, бірақ шығын ақталмайды деген пікір қалыптастыруы мүмкін, яғни бұл өз кезегінде жасалған өнімнің әлеуметтік тиімсіздігі жөнінде әңгіме қозғауға түрткі болады. Осындай мысал бір ғана жағдай емес, Қазақстанның киноиндустриясында жиі, жүйелі түрде кездесетін жағдай. Сол себепті мемлекеттік бюджетке, нақтырақ айтқанда, салық төлеушілердің ақшасына түсірілетін фильмдердің бюджетін оңтайландыру міндеті жіті назарда болуы тиіс. Бұған тек бір жақты мемлекеттік орган ғана емес, сарапшылық қауымдастықтың да, жұртшылықтың да ден қойғаны жөн. Қаражаттың бөлінген сәттен бастап толық игеріп біткенге дейінгі барлық процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету керек.


Киноиндустрияны басқаруда әлеуметтік аудиттің мынадай элементтерін қолдану маңызды:

- мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғам институттарының жұмысын үйлестіру;

- азаматтардың қызығушылықтары мен қажеттіліктері арқылы қоғамдық қатынастардың шынайылығын бағалау;

- әлеуметтік қатынастардың рухани факторларына назар аудару. Сол кезде ұлттық кино өз көрерменіне қоғам мен мемлекеттік саясаттың өткір проблемаларын сипаттап, жеткізе алатын болады.

Осылайша, кино саласын басқаруда әлеуметтік аудитті жүзеге асырудан алынатын әсерлерді 32-суреттен байқауға болады.



Сурет 32 – Әлеуметтік аудитті жүзеге асырудағы әсердің сызбасы

Ескерту – суретті автор әзірлеген

Қазақстанда әлеуметтік аудиттің әлі дербес құқықтық базасы қалыптаспаған. Әлеуметтік аудит жүргізу мен есебін дайындаудың стандартты әдістемесі мен тетіктері де белгіленбеген. Алайда Қазақстанда әлеуметтік аудиттің қарапайым түрлерінен бастауға болатын алғышарттар бар. Әлеуметтік аудитті жеке әлеуметтік әріптестерден де бастауға болады (кәсіподақтар, мемлекеттік, жергілікті билік органдарының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері).

Мемлекеттік басқаруда әлеуметтік аудитті қолдану әдетте жүргізілетін аудит, тексеріс, әлеуметтанулық зерттеулер үрдістерін қайталамай, өзгеше сипатта болғаны жөн. Ол тек кемшіліктерді тауып қана қоймай, алдағы уақытта қызметті жаңа деңгейге көтеру жолдарын, халықтың қанағаттануын көздеуі тиіс.

Әлеуметтік аудит жаңа құбылыс болып табылғандықтан, оны біртіндеп кезеңмен енгізген жөн. Бұл бір ғана ғылыми зерттеу жұмысымен немесе бір ғана мемлекеттік құжаттың әзірленуімен орындалатын жұмыс емес. Әлеуметтік аудиттің толыққанды жүйесін қалыптастыру үшін кешенді әдіснамалық, әдістемелік, практикалық жұмыстарды жүзеге асыру қажет.

Мемлекеттік басқару саласында әлеуметтік аудитті жүргізудің алғышарттарын қалыптастыру үшін келесі жұмыстар кешені ұсынылады.

1. Әлеуметтік аудиттің алғашқы қадамдарын жасау үшін әрбір мемлекеттік орган немесе ұйым ішкі құжаттардың негізінде оны іске асырудан бастай алады. Әлеуметтік аудиттің нысанына байланысты ішкі немесе сыртқы болып бөлінуіне қарай аудитті іске асыру барысы айқындалады.

Әлеуметтік аудит ішкі нысанда болса, мемлекеттік органдардың өз қызметін диагностикалауы көзделеді. Ал сыртқы нысандағы аудит қоғамдық бағалауды, яғни мүдделі тараптарды жұмылдыруды талап етеді.

2. Әлеуметтік аудит жүргізу туралы шешім қабылданған соң мемлекеттік органдар немесе ұйымдар оның жүргізілуі туралы ереже (нұсқаулықтар) әзірлеуі ұсынылады. Әзірленген ережені ұйымның басшылығы бекітіп, оны растайтын ішкі құжатты (акт, бұйрық, хаттама немесе өзге де құжаттарды) дайындау қажет.

3. Ереже әлеуметтік аудитті жүргізудің жалпы талаптары мен қажетті нұсқаулықтарды қамтуы тиіс. Аталған құжатта әлеуметтік аудитті жүргізудің мақсаты, міндеттері, орындаушылар, мерзімі, бақылау, өзге де рәсімдер жазылады.

4. Әзірленген құжаттармен мүдделі тараптарды таныстырып, жұмыстың барысына көшу.

5. Ішкі және сыртқы нысанға байланысты әлеуметтік аудиттің қорытындысы (есеп, акт, баяндама) қызметкерлермен/халықпен таныстырылады. Егер әлеуметтік аудит мемлекеттік органның немесе ұйымның ішкі қызметін айқындау мақсатында жүргізілсе, оны ресми интернет-ресурстарда жариялау міндеті қойылмайды. Сыртқы нысанда жүргізілген аудит түрі болса, оның нәтижелерін халыққа, зерттеушілерге, өзге де мүдделі тараптарға қолжетімді ету, жариялау маңызды.

Әлеуметтік аудитті мемлекеттік басқару саласында жүргізудің тағы бір сценарийлік жолы – мемлекеттік қызмет жүйесінде қолданыстағы тетіктердің аясында іске асыру, мәселен:

- стратегиялық әріптестікті іске асыру шаралары аясында;
- мемлекеттік органның әлеуметтік, консалтингтік, талдамалық зерттеулер жүргізу қызметі аясында;
- мемлекеттік органның операциялық жоспарын немесе іс-шаралар жоспарын, жол картасын қалыптастыру барысында;
- үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау барысында жүзеге асыру мүмкіндіктері.

Мемлекеттік басқару жүйесінде әлеуметтік аудитті жүргізу қосымша көп қаржылық шығындарды қажет етпейді, тегін немесе аз қаражатпен жүргізу де ықтимал, көбіне адами ресурстардың болуын қажет етеді. Қаржылық қаражатты қажет еткен жағдайда оны республикалық бюджеттен жүргізілетін әлеуметтік, талдамалық зерттеулердің тақырыптарын қарау өкілеттігіне ие комиссияның қарауына ұсыну арқылы әлеуметтік аудитті жоспарлауға болады.

Бұл алғашқы қадамдар мемлекеттік басқару жүйесінде қоғамдық бақылауды күшейтуге, кейбір мәселелерді шешуге негіз жасайды. Киноиндустрия саласындағы мемлекеттік мәселелердің қатарында отандық өнімдерді тұтынуды дәріптеу, сапалы өнімдерді әзірлеуге қабілетті мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мемлекеттік бюджеттің тиімді игерілуін көздеу, жоғары сапалы көркемдік өнімдер арқылы халықтың мәдени даму деңгейін айқындау кездеседі. Бұл мәселелерді жіті назарда ұстау үшін

зерделеу құралдарын дұрыс қолданған, әлеуметтік аудитті қалай жүргізудің әдіс-тәсілдерін, яғни әдістемелік негіздерін білген жөн. Киноиндустрия саласына бейімдеп әзірленген әлеуметтік аудитті жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын келесі тарауда ұсынылады.

3.2 Киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізудің әдістемелік ұсынымдары

Қазіргі заманғы бәсекелестіктің артуы, қоғам мен мемлекет тарапынан болатын сыртқы бақылау жағдайларында аудит түрлерінің әдіснамалық сипаттамасына қажеттілік туындайды. Әдіснама теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру мен қалыптастырудың қағидалары мен амалдарының жүйесі болып табылады [170].

Қоғамдық, әлеуметтанулық ғылыми ойдың заманауи дамуы қоғамдық-саяси өмір мен құбылыстарды әлеуметтік талдау институттарын сапалы түрде жетілдіру, әлеуметтік кеңістікті технологияландыру мен ақпараттандыруды жеделдету, әлеуметтік-технологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттілігін талап етеді. Әлеуметтік және саяси аудит – бұл терең ғылыми талдауды қажет ететін қоғамдық, мемлекеттік және саяси қатынастардың даму жүйесіндегі елеулі әлеуметтік құбылыс, әлеуметтік-саяси кеңістікті ғылыми танымның жаңа, заманауи түрі [171].


Бұл тұрғыдан әлеуметтік аудитті жүргізудің әдіснамалық негіздері маңызды мәселе. Қазіргі кезеңде әлеуметтік аудит – жаңадан қалыптасып, біртіндеп қана қолданылып жатқан технология. Әлеуметтік аудит жүргізудің ортақ инструментарийі қалыптаспаған, сол себепті бүгінгі таңда әлеуметтік аудит жүргізудің бірыңғай әдістемесі мен технологиясын әзірлеу қажеттігі бар.

Әрі қарай осы бөлімде біздің пікірімізше, киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізуге мүмкіндік беретін әдістемелік ұсынымдардың жобасын ұсынамыз.

Сонымен, әлеуметтік аудитті жүргізудің бірнеше кезеңдері бар, оларды теориялық-әдіснамалық және практикалық деп бөліп көрсетуге болады.

Әлеуметтік аудитті бастаудың маңызды құрамдас бөлігі – теориялық кезең, яғни нақты мақсаттар мен міндеттер, әлеуметтік аудит объектісі, пәні, күтілетін нәтижелер, ықтимал тәуекелдер, қосымша ақпарат көрсетілетін қажетті құжатты дайындау. Әдіснамалық кезең ақпарат алудың әдістері мен құралдарын таңдауды, оны өңдеуді, талдауды, нақты қорытындылар мен ұсыныстарға айналдыру қағидаттарын қамтиды. Практикалық кезеңде ақпаратты жинау, өңдеу, талдау, нәтиже шығару жұмыстары іске асырылады [80, с. 424].


Әлеуметтік аудиттің мақсатына қол жеткізу үшін оның негізгі кезеңдерінің жоспарлы және сауатты түрде іске асырылуын қадағалау қажет (33-сурет).



Сурет 33 – Әлеуметтік аудитті жүргізудің негізгі кезеңдері

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Әлеуметтік аудиттің бұл кезеңдерін жүргізу үшін оның ғылыми-негізделген *алгоритмі*, нақты қадамдары болуы тиіс (34-сурет).



Сурет 34 – Әлеуметтік аудитті жүргізудің рәсімі

Ескерту – Суретті автор әзірлеген

Әлеуметтік аудитке *алдын-ала дайындық кезеңінде* әлеуметтік аудиттің тапсырыс берушісі мен оны орындаушысы айқындалып, қажетті келіссөздер жүргізіледі.

Тапсырыс беруші – әлеуметтік аудит жүргізуге бастама көтеруші. Бұл әлеуметтік аудиттің мақсаты мен жүргізілетін аясына/саласына байланысты әртүрлі субъектілер болуы мүмкін. Мәселен, мемлекеттік органдар, мекемелер, ұлттық компаниялар, қоғамдық ұйымдар, азаматтық қоғам институттары, саяси институттар, жеке меншік компаниялар, қоғам белсенділері, тәуелсіз зерттеушілер, ғылыми қоғамдастық өкілдері және басқалар.

Орындаушы – әлеуметтік аудитті жүзеге асырушы. Бұл да тапсырыс беруші тәрізді әлеуметтік аудиттің мақсатына сәйкес әртүрлі категориядағы мамандар болуы мүмкін. Мемлекеттік органның, мекеменің қызметкерлері, зерттеу орталықтары мен институттардың өкілдері, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар өкілдері, тәуелсіз зерттеушілер және басқалар.

Алдын-ала ұйымдастыру мынадай жұмыстарды көздейді:

- әлеуметтік аудит жүргізуде қажетті құжаттарды дайындау,
- «әлеуметтік аудиторлар» командасын әзірлеу;
- әлеуметтік аудит барысында қолдануға қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;
- тиісті мекемелерге әлеуметтік аудит жөнінде хат жолдау.

Әлеуметтік аудит кезінде алдын-ала ұйым туралы мәліметтер білу үшін мекеменің жарғысы, әлеуметтік сипаттағы есептері сияқты қолжетімді құжаттарды сұратуға болады. Алайда бұл жұмыстар ерікті сипатта болуы тиіс, себебі әлеуметтік аудит – міндеттелген рәсім емес, ерікті түрде жүзеге асырылатын шара. Әлеуметтік аудит шектен-тыс тексеріске айналып кетпегені, жұмысқа кедергі тудырмағаны жөн.

Келесі маңызды қадамдардың бірі – *жоспарлау*. Жоспарлау кезеңі әлеуметтік аудиттің бағдарламасы мен жоспарын даярлауды көздейді.

Әлеуметтік аудиттің жоспары – нақты іс-шаралар мен кезеңдерді, мерзімді (график) қамтитын құжат. Ал әлеуметтік аудиттің бағдарламасы – әлеуметтік аудиттің жоспарымен бірге оның мақсатын, міндеттерін, объектісі мен пәнін, қолданылатын әдіс-тәсілдерді, зерттеу алаңын сипаттайтын кешенді құжат.

Орындаушылар бірлесіп, әлеуметтік аудиттің әдіснамалық негіздерін қалыптастыра отырып, аталған әлеуметтік аудит бағдарламасы мен жоспарын әзірлеп, мүдделі тараптармен келісуі қажет.

Әлеуметтік аудиттің теориялық-әдіснамалық кезеңі практикалық кезеңнің жалғасуына бастау береді. Зерттеу объектісі, пәні, қолданылатын әдіс-тәсілдерді айқындау аяқталған соң ақпарат жинау, «алаңдық» жұмыстар жалғасады.

«Алаңдық» жұмыстарды жүзеге асыру әлеуметтік аудитті орындаушылардың негізгі сандық және сапалық деректерді жинауымен негізделеді. Бұл кезеңде жоспарға сәйкес белгілінген мерзім ішінде әртүрлі

зерттеу әдістерін қолдану арқылы дәлелдемелер, қосымша ақпараттар, ой-пікірлер, бағалар жинақталады.

Әлеуметтік аудитті жүзеге асыру кезінде көбінесе әлеуметтанулық зерттеу әдістері мен жалпы танымдық әдістер қолданылады. Ғылыми тәжірибеде әдістерді сандық және сапалық деп бөлу қарастырылған. Сандық әдістер: үлкен көлемді, массивті деректерді өлшеу, талдау, сандық көрсеткіштер алуға бағытталған бұқаралық сұрау, статистикалық деректерді талдау. Сапалық әдістер: тереңдетілген сұхбат, фокус-топтар, сарапшылық бағалаулар, сапалы мәліметтер алуға бағытталған сұраулар, кейс-стади, бақылау, эксперимент, контент-талдау және басқалар. Жалпы ғылыми әдістерге: талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия, модельдеу, абстракциялау, жүйелік талдау, функционалдық шығындарды талдау, себеп-салдарлық талдау, экономикалық талдау әдістері, құжаттарды талдау және статистикалық көрсеткіштер жатады. Аудиттің арнайы әдістеріне мыналар жатады: аудиторлық тәуекелді бағалаудың бағалаушы және сандық әдістері, бенчмаркинг, фокус-топтар, SWOT-талдау, ахуалдық талдау; сараптамалық сауалнамалар, тереңдетілген сұхбат, брейнсторминг, референттік топ әдісі, журналистік болжау әдісі, бағалау әдісі [170, с. 221].

Зерттеу пәні мен мақсаттарға сәйкес аталған әдістердің түрлерін әлеуметтік аудит барысында нақтылауға болады. Мәселен, сұхбат әдісін сарапшылық сұхбат, тереңдетілген сұхбат, Дельфи әдісі, брейнсторминг, жағдайды аяқтау әдісі, фокус-топтық сұхбат деп түрлендіруге болады.

Әдістердің ерекшеліктерін ескере отырып, сандық және сапалық әдістерді біріктіруге болады. Екі-үш әдісті дәйекті түрде қолдану қолайлы (алдымен сандық, содан кейін сапалық зерттеу немесе керісінше), мұнда бірінші әдіс екіншісінің дамуын жеңілдету үшін қолданылады; олар бір мәселеге әртүрлі тәсілдер ретінде қатар қолданылуы мүмкін немесе басым әдіс балама әдістің шағын құрамдас бөлігімен байытылуы мүмкін [172].

Осылайша, әлеуметтік аудит зерттеу пәніне қатысты әдіснамалық білім мен нақты қолданбалы зерттеулерді біріктіруге тырысады. Көбінесе әлеуметтанулық әдіснамаға сүйенеді. Сонымен қатар, әлеуметтік аудит кезінде жалпы ғылыми ортада кең тараған талдау құралдарының әр түрлері пайдаланылады, мысалы, тарихи-салыстырмалы, факторлық, себеп-салдарлық талдау және басқалары қолданылуы ықтимал.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «әлеуметтік аудит» ұғымының бірыңғай түсіндірмесі жоқ. Көп жағдайда ол әлеуметтік есеп берумен байланыстырылады. Көптеген компаниялар өздері үшін маңызды сыртқы мүдделі тараптарға есеп береді. Шетелдік компаниялар үшін алдымен акционерлер, инвесторлар, клиенттер, сондай-ақ билік органдары, БАҚ және жалпы қоғамдық пікір.


Әлеуметтік есеп еркін нысанда (брошюралар, буклеттер, жылдық есептердегі тарау), біршама нысанға сәйкестендірілген есеп түрінде және белгілі бір индикаторлар бойынша стандартталған есептер (Global Reporting Initiative, Domini Social Index, Social Accountability 8000 сияқты стандарттар)

түрінде бола алады [173]. Бұл ретте, әлеуметтік аудит нәтижесін көпшілікпен таныстыру мақсатында интернет-ресурстарға жарияланғаны маңызды.

Осылайша, әлеуметтік аудиттің есебі мен ұсынымдарды әзірлеп, мүдделі тараптарға ұсыну әлеуметтік аудиттің қорытынды кезеңін құрайды.

Әлеуметтік есеп беру киноиндустрияда оның қоғамға әсер етуімен, сапалы өнім ұсынумен, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына мән берумен байланысты.

Жоғарыда баяндалған алгоритмді негізге ала отырып, әлеуметтік аудитті мемлекеттік басқару жүйесінде іске асырудың жобасы жұмыс процесі түрінде ұсынылады (35-сурет).



Сурет 35 – Әлеуметтік аудитті жүзеге асыруда ұсынылатын жұмыс процесінің схемасы

Киноиндустрияның әлеуметтік аудиті – бұл киноиндустрия саласының алға қойған мақсаттарына қол жеткізу деңгейін бағалау, жетістіктерді саралау, олқылықтар мен кемшіліктерді талдау, сондай-ақ сала субъектілерінің халық алдындағы әлеуметтік және моральдық жауапкершілігінің критерийлерін ескеру [174].

Кинематографиялық ұйымдар мемлекеттік ұйымдармен, азаматтық қоғам институттарымен, өзге де құрылымдармен әртүрлі форматта өзара әрекеттеседі. Кино саласындағы ұйымдардың өзіндік бақылау тетігін, яғни әлеуметтік аудит жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Осы орайда, фильмдердің прокатқа шығуы мен рейтингін айқындаудағы америкалық тәжірибені мысалға келтіре кеткен жөн. Америкалық кинематографистер қауымдастығы (МРАА) аясында ұзақ жылдар бойы рейтингтерге ата-аналарды жұмылдыру тәжірибесі бар. Бұл үлгіні әлеуметтік аудит арқылы көпшілік аудиторияға фильмдерді, әсіресе отбасылық фильмдерді түсіру, әрі қарай прокатқа шығару кезінде алдын-ала ата-аналардың, педагогтардың, психологтардың, өзге де мамандардың пікірін ескеруді енгізуге болады.

Америка мен Еуропада прокатты реттеудің басты тетігі жас бойынша шектеулер екенін ескерсек, қоғамдық ұйымдардың белсендігін атап өткен жөн. Олар фильмді жасау кезінде өнімді талқылап, талдап, қандай санат ұсынылуы тиіс екеніне ұсыным береді. Осындай тәжірибенің болуы фильмнің жалпы көпшілікке арналғанын немесе жас бойынша шектеу қойылу қажеттігін уәкілетті бір қызметкердің ғана емес, қоғамдастық тарапынан шешілуіне мүмкіндік береді [175].

Жоғарыда аталған әдіснамалық процестерге сәйкес әлеуметтік аудит кезінде жүргізілетін әлеуметтанулық сұрау инструментарийінің жобасы әзірленіп (Қосымша Г) ұсынылған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, әлеуметтік аудиттің басты элементі – әлеуметтік жауапкершілік. Саланың әлеуметтік жауапкершілігін зерттеу тұрғысынан әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық факторларға назар аудару қажет [176]. Бұл факторларға мән беру әлеуметтік аудиттің әдістемелік негіздеріне сүйене отырып, оның пәндік аясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік жауапкершіліктің әлеуметтік-мәдени факторы әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды және институттарды қамтиды. Мысалы, кино түсіру қағидаттары мен ережелерін ұстану – барлық режиссерлер, продюсерлер, операторлар, жалпы кино жасаушылар ескеретін әлеуметтік норма. Жаһандану үдерістері жағдайында жергілікті құндылықтар мен мәдениет көлеңкеде қалмауы керек. Дәл сол сияқты локальді фильмдер де жергілікті халықтың ділі мен әлеуметтік институттардың қызмет ерекшеліктерін көрсетуі керек. Бұл көрермендердің жергілікті фильмдерге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Әлеуметтік-экономикалық факторға табыс деңгейі, жұмыссыздық, бәсекелестік, біліктілік және басқа да көрсеткіштер жатады. Бұл факторлар тұтынушылардың киноға деген сұранысына әсер етеді. Көрермендердің тұтынушылық әрекетіне әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін: талғам, қызығушылық, қаржылық, дене және уақыттық мүмкіндіктер, фильмдердің сәттілігі. Бәсекеге қабілеттілік режиссерлердің көрерменге қызықты фильмдер жасауға деген ұмтылысын тудырады.

Киноиндустрия субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілікке ұмтылуы кинобизнесті дамытудың негізгі факторына айналады: инвестицияда, өндірісте, ілгерілетуде. Көркемдігі жоғары әлеуметтік маңызы бар және зорлық-зомбылықсыз фильмдер әрқашан адамгершілік жауапкершіліктің көрсеткіші болып қала бермек. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі қоғам өкілдерін: бизнесті, азаматтарды, ұйымдарды ынталандыруды, тартуды, қолдауды көздейді.

Сонымен, киноиндустрияны әлеуметтік аудит технологиясымен зерттеудің концептуалдық үлгісі келесі кезеңдерден құралады.

Бірінші кезеңде зерттеу мәселесінің пайымы, мақсаты мен міндеттері айқындалады, болжам жасалынады, қосымша мәліметтерге ие болу үшін шетелдік әдебиетке шолу жасалынады, саланың институционалдық және құқықтық негізі зерделенеді.

Екінші кезеңде киноиндустрияның әлеуметтік аудитінің негізгі пәндік бағыттары: қоғамдық және сарапшылық пікір, жергілікті немесе әлемдік кинематографияның өнімдерін қабылдау мен ерекшеліктері, заманауи жергілікті фильмдердегі елдің мемлекеттік саясатының көрінісі, кино өндірушілердің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі, киноиндустрияның ашықтығы талданады.

Үшінші кезеңде қазақстандық киноиндустрияның проблемалық аспектілерінің себеп-салдарлық факторларын анықтау қажет. Нәтижелер бойынша саланы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалып, киноиндустриядағы негізгі жетістіктер мен кемшіліктерді зерделеуден қорытындылар шығарылады.

Киноиндустрияны дамыту үшін ең алдымен әлеуметтік аудитті ескере отырып, әмбебап даму стратегияларын құру қажет.

Стратегия 1. Қаржылық және қаржылық емес ресурстарды тиімді пайдалану. Саланың ашықтығын қамтамасыз ету, қаржылық есептермен бірге әлеуметтік есептерді де ұсыну.

Стратегия 2. Сала үшін бәсекелестік артықшылықтар көзі ретінде адами капиталды дамыту.

Стратегия 3. Киноиндустрия субъектілерінің әлеуметтік-жауапты мінез-құлқының табысты тәжірибесін қалыптастыру.

Стратегия 4. Әртүрлі қолдау әдістерін қолдана отырып, жергілікті фильмдердің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Киноиндустрияны дамыту жауапкершілігі тек бір тарапқа – кино жасаушыларға ғана жүктелмеуі керек. Оның дамуына барлық мүдделі тараптар жауапты: кинематографистер, мемлекет, қоғамдық ұйымдар, шығармашылық

интеллигенция, сонымен қатар киноөнімдерін тұтынушы ретіндегі халық. Бұл ретте отандық киноиндустрияны дамытуда мемлекеттің рөлі зор.

Кинематография субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі критерийлерінің бірі – отандық фильмдерге қызығушылықты арттыру. Оған әртүрлі құралдар арқылы қол жеткізуге болады.

Біріншіден, қоғамдық сауалнамалар мен пікірлер маңызды рөл атқарады. Танымал жергілікті сайттардың арқасында қарапайым сауалнамалар арқылы жергілікті аудиторияның қызығушылықтарын, тақырыптық және жанрлық бейімділігін анықтауға болады.

Екіншіден, сюжеттердің сапалы болуы үшін ғалымдармен, білікті сценаристермен жұмысты жандандыру маңызды. Материалды әзірлеуде немесе кейінгі ілгерілетуде халықтың алғашқы әсері мен қалауын анықтау үшін фокус-топтарды жүргізу тәжірибесін енгізу қажет.

Үшіншіден, киноиндустрия өкілдері халықтардың адамгершілік құндылықтарын, ұлттық-мәдени бірлігін қалыптастыруға белсене атсалысуы керек. Сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді көтеріп, көрерменге оң көзқарас таныту маңызды. Салиқалы кино саласындағы үдерісті жаңғырту, алға қадам басу, қазақстандық кинематографистердің көркемдік деңгейі қаншалықты жоғары кино шығара алатынын көрсету қажет.

Киноиндустрия саласының тиімділігі тек кино өндірушілердің қаржылық мүдделерімен шектелмеуі керек. Оның жан-жақты, әсіресе әлеуметтік аспектілері қамтылуы керек. Әсіресе, мемлекеттің мәдени-экономикалық дамуына үлес қосатын дербес индустрияны дамытуы маңызды. Бизнес үшін бұл сұраныс пен ұсынысты қамтамасыз ете алатын фильм нарығының болуы (касса, фильмнің өтелуі, кіріс). Сарапшылар қауымдастығы үшін – кинематографистердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың өнімін қоғамдық тұтынуға жеткізу. Көрермен үшін уақыт, ақша сияқты жұмсалған ресурстарды, сонымен қатар тәрбиелік, эстетикалық өнімдерді тұтынуды ақтайтын сапалы картина маңызды. Барлық мүдделі тараптар жұмыла жұмыс істегенде саланың тиімді дамуы мүмкін болады.

Халық «әлеуметтік аудиторлар» ретінде фильмдер туралы өз пікірлерін әлеуметтік желілерде комментарийлер, рецензиялар түрінде жиі білдіреді. Кино өнімдерін тұтынушылар үшін кейбір кездері фильмдерді қаржыландыру көзі емес, сюжет, қызығушылық және көркемдік ұсыну сияқты компоненттер маңызды.

Осылайша, жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, киноиндустрия саласында әлеуметтік аудит жүргізудің мынадай артықшылықтарын атап өтеміз:

- мәжбүрсіз, ерікті сипат;
- алдын ала диагностикалау, болжам жасау, бағалау мүмкіндігі;
- кешенділік, толыққанды процесс;
- нақты алгоритмдерді ұстану;
- сандық және сапалық зерттеу әдістерін қолдану.

Әлеуметтік аудитті киноиндустрия саласының дамуына мүдделі барлық тараптар ерікті түрде жүргізе алады: мемлекеттік орган, кинематографиялық компания, қоғамдық, сарапшылық ұйымдар, азаматтар. Ең тиімдісі осы барлық агенттердің өкілдерін әлеуметтік аудитке жұмылдыру.

Әлеуметтік аудит қорытындысы бойынша келесі нәтижеге қол жеткізуге болады: шығындарды азайту, ұйымның, кәсіпорынның имиджін жақсарту, кадрлардың тұрақтамауын азайту, қызметкерлердің адалдығын арттыру, әлеуметтік жауапкершілікті, ашықтық пен қол жетімділікті арттыру.

Бұл ретте, әлеуметтік аудиттің әлеуеті мен мүмкіндіктерін сипаттай келе, оны тәжірибеде қолданудағы кемшіліктер мен тәуекелдердің болу ықтималдылығын ескерген жөн. Мұндай тәуекелдердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- қоғамда «әлеуметтік аудит» ұғымының толық қалыптаспауы, жеткілікті түрде түсінікті болмауы;

- ұйымдарда әлеуметтік аудит жүргізу үшін қосымша қаражатты қажет ету немесе қосымша қаражат бөлу мүмкіндігінің болмауы;

- әлеуметтік аудиттің кешенді сипатын орынды қолданбау, әлеуметтанулық зерттеу сияқты өткізу;

- әлеуметтік аудит жүргізудің тиісті әдіснамасының жоқтығы, білікті мамандардың аздығы;

- жүргізілген әлеуметтік аудиттің нәтижелерін ұтымды қолдана білмеу;

- ұйымдағы шынайы жағдайды жариялауға қорқу.

Аталған бұл кемшіліктерді болдырмау мақсатында мемлекеттік басқару, бизнес өкілдері келесі шараларға назар аударғаны орынды болып табылатыны ұсынылады:

- әлеуметтік басқаруға қоғамдастықтың назарын арттыра отырып, «әлеуметтік аудит» ұғымын көпшілікке кеңінен тарату;

- әлеуметтік аудит жүргізудің құқықтық және әдіснамалық негіздерін қалыптастыру;

- жоғары оқу орындары мен біліктілікті арттыру курстарында әлеуметтік саясат, әлеуметтік басқару, менеджмент, әлеуметтану, қоғамдық экономика, персоналды басқару бағыттары бойынша әлеуметтік аудит жүргізудің әдіснамасын оқыту, теориялық білім беру мен зерттеу тәжірибесіне енгізу;

- әлеуметтік аудит жүргізудің үздік шетелдік тәжірибесін негізге алу, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.

Киноиндустрия саласының даму сәттілігі қабылданған басқарушылық шешімдердің дұрыстылығына байланысты. Мұнда қызметтің тек қаржылық есеп беруін ғана емес, персоналды басқару, әлеуметтік тиімділікті бағалау, әлеуметтік саясатты іске асыру сияқты компоненттерге де мән берген жөн. Бұл контексте әлеуметтік аудит шаруашылық жүргізуші субъекті қызметінің бағытына байланысты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешудің кешенді тәсілін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік аудит кәсіпорында, салада, аймақта туындайтын себептерге диагностика жасайды,

олардың маңыздылығы мен шешу мүмкіндігін бағалайды, мүдделі тараптар үшін нақты ұсыныстарды тұжырымдайды [177].

Осылайша, әлеуметтік аудит мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам өкілдерімен өзара байланыс пен конструктивті диалог орнатудың тың құралы ретінде қарастырылады. Киноиндустрия саласындағы әлеуметтік қатынастарды нығайтуда, барлық мүдделі тараптарды жұмылдыруда, әлеуметтік әріптестікті қалыптастыруда әлеуметтік аудит айрықша мәнге ие болады. Бұл әдісті қолдану арқылы киноиндустрия саласындағы қызметтің әлеуметтік маңыздылығын, отандық киноөнімдерінің қоғамдық пайдасы мен әлеуметтік тиімділігін, көрерменнің сұранысы мен қалауын, кинематографистердің талабы мен ұсыныстарын айқындауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елдің мәдени дамуында елеулі рөл атқаратын киноиндустрияның ерекшеліктерін, әлеуметтік-мәдени қызметін талдау келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

1. Диссертациялық жұмыс барысында киноиндустрияның әлеуметтік-мәдени аспектісінің теориялық-әдіснамалық негіздері зерделенді. Киноиндустрия саласының елдің мәдени дамуына ықпал етуі мен негізгі бағыттары сипатталды. Ұлттық өнер туындылары ретінде отандық кино өнімдері жалпыұлттық көзқарасты, дүниетанымды қалыптастырады, мемлекеттің халықаралық деңгейдегі оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді, отандық киноиндустрияның үздік жетістіктерін танытады. Бұдан бөлек, қоғамның тұрақты дамуының мақсаттарына қолжеткізуде (сапалы білім беру, қалалардың тұрақты дамуы, экономикалық өсу, гендерлік теңдік) киноиндустрия айрықша рөл атқарады. Мәдени дамудың қажетті шарты мен қозғаушы күші болып табылады.

2. Киноиндустрияның дамуында мемлекеттің рөлі елеулі. Кино саласын мемлекеттік басқару мәселесі елдің мәдени дамуы тұрғысынан өзекті болып табылады, себебі киноиндустрияны басқару бойынша қабылданған шешімдер адамдардың мәдени-эстетикалық қабылдауына, халықтың әл-ауқатына, кино өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. Жұмыста киноиндустрияны зерттеудің ғылыми көзқарастары мен әдіснамалық бағыттары пәндік аясына сәйкес топтастырылып, жүйеленді. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды. Отандық ғылыми кеңістікте киноиндустрия, оның әлеуметтік-мәдени аспектісі мемлекеттік саясат, экономика, менеджмент салалары тұрғысынан жеткілікті деңгейде зерттелмеген, сол себепті өзекті тақырыптардың бірі болып қала береді. Сонымен қоса, мемлекеттік басқару теориясының қағидаларын киноиндустрия саласына қатысты қолдану мүмкіндіктері негізделді. Соның ішінде қоғаммен байланыс орнату қағидатының аясында киноиндустрияны мемлекеттік басқаруда әлеуметтік аудитті қолданудың өзектілігі айқындалды. Әлеуметтік аудит технологиясы жан-жақты зерттеліп, оның мәні мен мүмкіндіктері, әдіснамалық негіздері киноиндустрия саласына бейімделіп қарастырылды.

3. Киноиндустрия саласына әлеуметтік тың технологияларды ұсынбас бұрын алдымен қазіргі қазақстандық киноиндустрияның жағдайы мен оны мемлекеттік басқарудың ерекшеліктеріне назар аудардық. Қазақстанда мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары 2019 жылы қабылданған «Кинематография туралы» Заңда сипатталған. Мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары ретінде ұлттық фильмдерді өндіру, тарату, насихаттау үшін жағдайлар жасау, отандық кинематографияның әртүрлі аспектілерін дамытуды қолдау, кино саласында қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту белгіленген.

4. Киноиндустрияны мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін негіздейтін факторлар мен негізгі бағыттары атап өтілді. Киноиндустрияны мемлекеттік қолдаудың әлемдік үрдістері зерделенді. Көптеген елдерде мемлекеттік

қаржыландырудың ұйымдастырушылық тетігі қызметін атқаратын ұлттық киноны қолдау институттарының, қорлардың, орталықтардың жұмысы сипатталды. Мемлекеттік қаржыландырудың оңтайлы үлгісін француздық тәжірибе, ал киноиндустрияның мемлекеттен тәуелсіз болуын америкалық тәжірибе көрсетіп отырғаны айқындалды. Бұдан бөлек, жұмыста отандық кинематографияны мемлекеттік қаржыландырудың негізгі тетіктері сипатталды. Қазақстанның кинематографиясын басқару жүйесіне енгізілген жаңа шаралардың бірі ашық конкурстарды (питчингтерді) өткізу болып табылады. Қазақстанда Ұлттық киноны мемлекеттік қолдау орталығы мемлекеттік қаржыландырудағы бірыңғай оператор қызметін атқарады. Салалық заңнамаға сәйкес фильмдердің түрлері бойынша қаржыландыру көлемінің градациясы бар.

5. Қазақстандағы киноиндустрияның қазіргі жай-күйіне талдау жасалынды. Ресми статистикалық деректерді қолдану арқылы кино көрсетілімді жүзеге асыратын ұйымдардың саны, өңірлік бөліністеі пропорциясы, өсу және кему динамикасы айқындалды. Кинотеатрлар желісінде көрсетілген киносеанстардың, оған келушілердің саны мен түскен табыстың көлемі өзара байланыста көрсетілді. Қазақстанда өндірілген ұлттық фильмдер мен шетелдік фильмдердің статистикалық деректері келтірілді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша кино саласындағы көрсеткіштердің пандемиялық жағдайларға байланысты азайғаны байқалады. Бұдан бөлек, SWOT, PEST талдау құралдарын қолдана отырып, отандық киноиндустрияның күшті және әлсіз тұстары, даму мүмкіндіктері мен тәуекелдері сараланды. Қазақстандық кино нарығының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері қарастырылды. Салаға ықпал етуші ішкі және сыртқы әсерлер айқындалып, киноиндустрияның даму келешегіне серпін беретін факторлар мен іс-әрекеттер кешені ұсынылды.

6. Кино саласының идеологиялық қызметі мен мәдени саясатты қалыптастырудағы маңызын ескере отырып, қазақстандық киноның мағыналық мәні талқыланды. Отандық фильмдердің хабарламалары мен мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың мазмұнын салыстыра отырып, мемлекеттік саясат идеяларының кинода көрініс табуы талданды. Талдаудың хронометражы тәуелсіздік кезеңінен, яғни 1992 жылдан бастап 2021 жылдың соңымен аяқталады. Әрбір кезең шартты түрде елдегі әртүрлі бағыттағы модернизациялық процестермен сипатталады: институционалдық жаңғыру, экономикалық жаңғыру, әлеуметтік жаңғыру және рухани жаңғыру. Зерттеу барысында дискурс-талдаудың ақпарат көзі ретінде Қазақстанның негізгі идеологиялық және бағдарламалық құжаттары мен қазақстандық аудитория арасында кең қаралған фильмдер алынды. Осылайша, қазақстандық кинодағы мемлекеттік месседждер мен қоғамдық құндылықтардың репрезентациясы ұсынылды.

7. Қазақстандық киноиндустрия өнімдері бойынша қоғамдық және сарапшылық пікір салаға деген әртүрлі қызығушылықтың артып келе жатқанын білдірді. Қазақстандық қоғамда отандық киноөнімге деген сұраныс артуда. Халық ұлттық кинематографияның дамуы мен фильмдер сапасының артуына

мүдделі. Қазіргі қазақстандық киноны «қарқынды түрде дамушы» және «қанағаттанарлық емес» деген екі жақты бағалау байқалды. Бұл қазақстандық кино нарықта сапасы жоғары көркемдік фильмдердің де, «жеңіл» сипаттағы комедиялық фильмдердің де болуымен түсіндіріледі. Мұндай комедиялық фильмдердің барлығы сарапшылар тарапынан да, қарапайым көрермен тарапынан да қолдауға ие бола бермейді. Халыққа мағыналы, көркемдік жағынан сапасы жоғары, қазіргі заманның шындығын сипаттайтын фильмдер қажет.

8. Отандық киноиндустрияның жағдайын талдай келе, келесі кемшілік тұстары мен проблемалық мәселелер айқындалды:

- өңірлердегі кинотеатрлар мен кинозалдар санының аздығы, инфрақұрылымдық, технологиялық жаңарту қажеттігі;
- отандық фильмдерге қолжетімдіктің жеткілікті деңгейде болмауы;
- фильмдердің бюджеті мен кассалық жинақтар туралы ашық сипаттағы ақпараттың жоқтығы;
- қазақстандық фильмдердің сапасын арттыру қажеттігі;
- шетелдік фильмдерге қарағанда отандық фильмдердің прокаттағы үлесі мен көрермендік тартымдылығының төмендігі;
- ұлттық фильмдердің қаржылық қайтарымының төмендігі;
- көрермендермен кері байланыс орнату, қоғамдық пікірді мониторингтеу қажеттігі.

9. Мемлекеттік басқару жүйесінде қоғаммен, азаматтық сектормен байланыстың құралдарын өзгерту, жаңа әдістер мен технологияларды енгізу қажет. Киноиндустрия саласында мемлекет пен халық арасындағы байланыстың жаңа пайымы ретінде әлеуметтік аудит жүргізу ұсынылады. Осылайша, «киноиндустрия саласындағы әлеуметтік аудит дегеніміз саладағы субъектілердің әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге бағытталған қызметін, сондай-ақ киноиндустрия өнімдерінің пайдалылығын сарапшылық және қоғамдық пікір негізінде бағалау процесі». Әлеуметтік аудит жүргізудің маңыздылығы саланың дамуына, басқарушылық шешімдердің дұрыстығына қоғамдық бақылау мен көңіл бөлу қажеттілігімен негізделеді. Осы мәселелерді ескере отырып, бұл жұмыста әлеуметтік аудит жүргізудің әдістемелік ұсынымдары мен жүргізу алгоритмінің жобасы ұсынылады. Бұл технология арқылы киноиндустрия саласының қоғамдық пайдалылығын арттыруға қадам жасалынады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724>. 20.01.2022.
- 2 Белова Е.Д. География мировой киноиндустрии как части креативной экономики и фактора развития других отраслей (на примере кинематографического туризма): автореф. ... канд. геогр. наук: 25.00.24. – М.: Институт географии РАН. 2021. – 24 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Заңы. Кинематография туралы: 2019 жылдың 3 қаңтарда, №212-VI ҚРЗ қабылдаған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212>. 11.11.2019.
- 4 Риш А.А. Совершенствование форм управления хозяйствующими субъектами сферы кинематографии: автореф. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – СПб.: С.-Петербург. гос. ун-т экономики и финансов, 2009. – 25 с.
- 5 Сохнев А.А. Система оценки эффективности государственной политики в кинематографии: автореф. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – М., 2005. – 21 с.
- 6 Hill J., Kawashima N. Introduction: Film Policy in a Globalized Cultural Economy// *International Journal of Cultural Policy*. – 2016. – Vol. 22, Issue 5. – P. 667-672.
- 7 Карпухин О.И., Комиссаров С.Н. Государственная политика в сфере культуры в зеркале социологии// *Гуманитарий Юга России*. – 2018. – №7(5). – С. 118-142.
- 8 Lange A., Westcott T. Public funding for film and audiovisual works in Europe – A comparative approach. – Strasbourg, 2004. – 178 p.
- 9 Parvulescu C., Pitassio F. Recent quality film and the future of the republic of Europe // *Studies in European Cinema*. – 2018. – Vol. 15. – P. 101-109.
- 10 Kelly L.W. Professionalizing the British film industry: the UK Film Council and public support for film production// *International Journal of Cultural Policy*. - 2016. – Vol. 22, Issue 4. – P. 648-663.
- 11 Poort J., Til G. The role of territorial licenses and public support schemes in financing European films // *International Journal of Cultural Policy*. – 2020. – Vol. 26, Issue 5. – P. 597-616.
- 12 Bilík P. Small Country, Complex Film Policy: The Case of the Czech Film Funding System // In book: *Digital Peripheries*. – Cham: Springer, 2020. – P. 291-302.
- 13 Белова Е.Д. Территориальные различия в уровне развития киноиндустрии стран мира // *Вестник Московского университета*. – 2018. – №1. – С. 57-65.
- 14 Jones H.D., Higson A. UK/European Film Co-productions: A Model for Creativity? // *European Network for Cinema and Media Studies (NECS, 2014): conf. Panel D9*. – Milan: Università Cattolica del Sacro Cuore, 2014. – P. 1-11.

- 15 Жабский М.И. Российское кино – особенности движения вверх // Социологические исследования. – 2020. – Т. 46, №5. – С. 149-158.
- 16 Голутва А.А. Анализ участия федеральных органов государственной власти в решении стратегических задач развития кинематографии Российской Федерации // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2008. – №71. – С. 147-153.
- 17 Евменов А.Д., Данилов П.В. Проблемы и перспективы развития российского кинообразования // Петербургский экономический журнал. – 2016. – №1. – С. 6-11.
- 18 Aranburu A.M. The Film Industry in China: Past and Present // Journal of Evolutionary Studies in Business. – 2017. – Vol. 2, Issue 1. – P. 1-28.
- 19 Аль-Нсур Л.А., Макаров А.А. Факторы, влияющие на возможности российской кинематографии на кинорынке Китая // Креативная экономика. – 2016. – Т. 10, №12. – С. 1489-1502.
- 20 Каримова Н. Киноиндустрия Узбекистана и ее вклад в социально-экономическое развитие страны: монография. – Ташкент, 2019. – 88 с.
- 21 Смирнов К.Б. Совершенствование форм государственной поддержки отечественных производителей кинопродукции: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – СПб., 2019. – 197 с.
- 22 Колобова Е. Ю. Система государственной поддержки кинематографии как условие развития рыночной среды кинозрелищных услуг // Петербургский экономический журнал. – 2017. – №3. – С. 140-154.
- 23 Головецкий Н.Я., Туманов А.И. Государственный протекционизм в сфере кинематографии России // Вестник Евразийской науки. – 2018. – Т. 10, №3. – С. 15-22.
- 24 Ткачева Н.В. Модель государственной поддержки отечественной кинематографии: этапы развития и современное состояние // Вестник Моск. ун-та. – 2015. – №6. – С. 92-112.
- 25 Алексеева П.А., Покидко В.В. Основные направления совершенствования системы государственной поддержки кинематографии // Петербургский экономический журнал. – 2016. – №4. – С. 69-78.
- 26 Алексеев Г.В., Колобова Ю.А. Экономические и правовые аспекты сотрудничества и конкуренции в мировой киноиндустрии // Управленческое консультирование. – 2014. – №12(72). – С. 67-78.
- 27 Косинова М.И. Совершенствование системы международной копродукции (на примере Фонда кино) // Сервис +. – 2019. – Т. 13, №1. – С. 36-45.
- 28 Будилов В.М., Громова Е.А., Ртищева Т.В. Международное совместное кинопроизводство в Российской Федерации: сущность, классификация и государственное регулирование // Петербургский экономический журнал. – 2018. – №2. – С. 21-29.
- 29 Чудакова А.В. Сущность понятия международного совместного кинопроизводства и предпосылки его развития // Государственное управление. Электронный вестник. – 2013. – №40. – С. 78-88.

30 Кузнецова Т.В., Билец К.А. Идеологическая функция кино в условиях массовой культуры (Вальтер Беньямин) // Гуманитарные научные исследования. – 2016. – №9(61). – С. 236-239.

31 Шкодинский С.В., Кремер П., Туманов А.И. Значение киноиндустрии в формировании национальной идентичности // Ценности и смыслы. – 2019. – №3(61). – С. 34-46.

32 Красильников Д.Г., Сивинцева О.В., Троицкая Е.А. Современные западные управленческие модели: синтез New Public Management и Good Governance // Ars Administrandi. Искусство управления. – 2014. – №2. – С. 45-62.

33 Xin X., Mossig I. Governments and Formal Institutions Shaping the Networks of Co-Production in the Chinese and German Film Industries // Tijdschrift voor economische en sociale geografie. – 2021. – Vol. 112, Issue 3. – P. 220-238.

34 Голутва А.А. Роль общественных организаций в стратегическом управлении кинематографией Российской Федерации // Российское предпринимательство. – 2008. – №7-1. – С. 160-164.

35 Понкин И.В. Теория государственного управления. – М.: Инфра-М, 2020. – 529 с.

36 Altenloh E. A Sociology of the Cinema: the Audience // Screen. – 2001. – Vol. 42, Issue 3. – P. 249-293.

37 Бурдые П. Различение: социальная критика суждения // Экономическая социология. – 2005. – №6(3). – С. 25-48.

38 Sutherland J.A., Feltey K. Cinematic sociology: Social life in film. – Thousand Oaks: Pine Forge Press, 2010. – 284 p.

39 Каспе И. «Я есть!»: позднесоветское кино через призму реляционной социологии Харрисона Уайта // Социологическое обозрение. – 2017. – Т. 16, №3. – С. 174-206.

40 Бояркина В.В. Роль института кино в формировании социальных отношений в условиях социальных противоречий современного мира // «Роль социального образования в обеспечении национальной безопасности», Матер. 6-й всерос. науч. конф. с междунар. участ., посв. 100-летию Иркутского государственного университета и 20-летию Института социальных наук ИГУ. – Иркутск: ИГУ, 2018. – С. 350-352.

41 Манақбаева А. Киноиндустрия экономика саласы ретінде: өзекті мәселелер мен үрдістер // Экономика: стратегия и практика. – 2022. – Т. 17, №1. – Б. 225-236.

42 Valck M.D. Supporting art cinema at a time of commercialization: Principles and practices, the case of the International Film Festival Rotterdam // Poetics. – 2014. – Vol. 42. – P. 40-59.

43 Eliashberg J., Elberse A. The Motion Picture Industry: Critical Issues in Practice, Current Research, and New Research Directions // Marketing Science. – 2006. – Vol. 25, №6. – P. 638-661.

44 Garnham N. From cultural to creative industries: An analysis of the implications of the «creative industries» approach to arts and media policy making in

the United Kingdom // *International Journal of Cultural Policy*. – 2006. – Vol. 11, Issue 1. – P. 15-29.

45 Малышев А. Киноиндустрия как сектор «креативных индустрий»: задачи диверсифицированного подхода // *Креативная экономика*. – 2019. – №13(7). – С. 1401-1410.

46 Lee H.K. Supporting the cultural industries using venture capital: a policy experiment from South Korea // *Cultural Trends*. – 2021. – Vol. 31, Issue 1. – P. 47-67.

47 Medel A., Gossel B. Film industry clusters: A strategy for urban and regional development // *Austral Communication*. – 2014. – Vol. 4. – P. 65-81.

48 Делёз Ж. Кино / пер. с фр. – М., 1983. – 318 с.

49 Tosi V. *Cinematography and Scientific Research*. – Paris: UNESCO, 1977. – 60 p.

50 Штейн С. Ю. Кинематограф - методология – познание // *Артикульт*. – 2012. – Т. 86 №4. – С. 1-19.

51 Борецкий О. Заслуживает ли массовый кинематограф философского внимания? // *Адам элемі: философский и общественно-гуманитарный журнал*. – 2015. – №2(64). – С. 18-28.

